

**«Ақмола облысы білім басқармасы Жарқайың ауданы
А. Үкібаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ**

БЕКІТЕМІН

«Ақмола облысы білім басқармасы
Жарқайың ауданы

А. Үкібаев атындағы жалпы орта білім
беретін мектебі» КММ директоры

КЕЛІСЕМІН:

ОТЖ дир. орынбасары

Айткулова Ж.Ш.
«28» тамыз 2025ж

Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА

ҚАРАЛДЫ:

Хаттама №1

«27» тамыз 2025ж

Силеухадыр А.

«28» тамыз 2025ж

**2025-2026 оқу жылына арналған мектепалды даярлық тобының
Тәрбие мен білім беруде ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

2025-2026 оқу жылында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру туралы әдістемелік нұсқау хат. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрлігі «Балаларды ерте дамыту институты» РММ Ғылыми-әдістемелік кеңесінің шешімімен (2025 жылғы 24 маусымдағы №7 хаттама) ұсынылады. Астана, 2025ж.

Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 05 тамызда № 29031 болып тіркелді;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен;

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы негізінде.

Мектепалды сыныптарда тәрбиелеу мен оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы
«Алматыкітап баспасы» баспасының оқулықтары бойынша 2025 ж.

Перспективалық жоспарлауды құрастырған/ _____ **Тулекбаева М.Б.**

«Ақмола облысы білім басқармасы Жарқайың ауданы
А. Үкібаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ
**мектепалды сыныптар үшін 2025-2026 оқу жылына арналған
жұмыс оқу жоспарына
Түсінік хат**

Мектепалды даярлық 5 жастан бастап мектепалды сыныптарына жүзеге асырылады

(«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы) сәйкес білім беру мекемесінің құзыретіне білім беру бағдарламалары мен оқу жоспарларын әзірлеу мен бекіту кіреді. Мектепалды сыныптың оқу жұмыс жоспары білім беру ұйымы қызметінің құқықтық-нормативтік базасына негізделіп отырып әзірленді.

Абай облысы білім басқармасының Семей қаласының білім бөлімінің «N25 жалпы орта білім беретін мектебі» КММ-нің мектепалды сыныптарына арналған жұмыс 2025-2026 оқу жылында тәрбие мен білім беру процесі нормативтік базаның негізінде жасалды:

2025-2026 оқу жылында тәрбие мен білім беру процесі мына құжаттар негізінде жүзеге асырылады:

- ✓ Қазақстан Республикасы Оқу ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамызындағы № 348 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 05 тамызда № 29031 болып тіркелді.
 - ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсанындағы № 557 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары 2022 жылғы 09 қыркүйектен № 394 бұйрықпен енгізілген өзгерістермен.
 - ✓ Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2025 жылғы 16 қаңтардағы № 7 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 қаңтарда № 35663 болып тіркелді
 - ✓ "Білім туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабы 14) тармақшасына және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарына сәйкес
 - ✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы; 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығы негізінде.
5. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша) бұйрығымен енгізіледі.
- Мектепалды сыныптарға арналған жұмыс оқу жоспарында мемлекеттік стандартта қарастырылған пәндерді оқуға бөлінген сағат саны сақталды.

«Ақмола облысы білім басқармасы Жарқайың ауданы

А. Үкібаев атындағы жалпы орта білім беретін мектебі» КММ директоры **А. Силеухадыр**

ТҮСІНІК ХАТ МАЗМҰНЫ

Мектепалды даярлық 5 жастан бастап мектепалды сыныптарына жүзеге асырылады («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 30-бабы) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу.

Стандартта мынадай терминдер мен олардың анықтамалары қолданылады:

1) білім алу үшін арнайы жағдайлар – оқу, сондай-ақ арнайы, жеке дамыту және түзету-дамыту бағдарламаларын және оқыту әдістерін, техникалық, оқу және өзге де құралдарды, өмір сүру ортасын, психологиялық-педагогикалық қолдауды, медициналық, әлеуметтік және ерекше балалардың, сондай-ақ мүмкіндіктері шектеулі балалардың білім беру бағдарламаларын меңгеруі үшін қажетті өзге де іс-әрекеттерді қамтитын жағдайлар;

2) дамытушы орта - заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінше таңдауын, күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін, балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әртүрлі материалдары бар орта;

3) ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар (бұдан әрі – ерекше балалар) – тиісті деңгейде және қосымша білім алу үшін арнайы жағдайларға тұрақты немесе уақытша қажеттілігі бар балалар;

4) баланы толыққанды дамыту - қимыл белсенділігіне жағдай жасау, пайдалы және құнарлы тамақтандыру, жағымды қарым-қатынас орнату және дамытушы ортаны ұйымдастыру арқылы қамтамасыз етілетін баланың физикалық, психологиялық, әлеуметтік, эмоционалдық денсаулығы мен қауіпсіздігі;

5) оқу бағдарламасы – меңгерілуі тиіс білім, біліктердің, дағдылар мен құзіреттіліктердің мазмұны мен көлемін айқындайтын бағдарлама.

Әдістемелік нұсқау хатта 2025-2026 оқу жылының негізгі міндеттер мен ерекшеліктері белгіленген, ол мынадай бағыттарды қамтиды:

- әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;
- балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;
- салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады;
- тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;
- Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;
- баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

Тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыруда педагогтерге келесі қағидаларды назарда ұстау ұсынылады:

- ойын арқылы оқыту;
- түрлі балалар әрекетін ұйымдастыру арқылы (ойын, қимыл, танымдық, шығармашылық, зерттеу, еңбек, дербес) балаларды дамыту.

1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығы).

2. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 9 қыргүйектегі № 394 бұйрығына

2-қосымша)

3. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 14 қазандағы № 422 бұйрығына қосымша).

1) мектепке дейінгі ұйымдар үшін әзірленген, өңірлік әдістемелік орталықтың ғылыми кеңесінде бекітілген және қолдануға ұсынылған білім беру бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырады.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;

- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Физикалық даму, балалардың коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру келесі ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады:

- 1) дене тәрбиесі (ерекше балалар үшін бейімделген дене тәрбиесі);
- 2) жүзу (жүзу бассейні болған кезде);
- 3) сөйлеуді дамыту;
- 4) көркем әдебиет;
- 5) сауат ашу негіздері;
- 6) қазақ тілі;
- 7) сенсорика;
- 8) математика негіздері;
- 9) құрастыру;
- 10) қоршаған әлеммен таныстыру;
- 11) сурет салу;
- 12) мүсіндеу;
- 13) жапсыру;
- 14) музыка бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттерді кіріктіру арқылы жүзеге асырылады.

2. Бағдарламаның мақсаты: әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде

оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу болып табылады.

3. Бағдарламаның міндеттері: мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу мен оқыту үшін жайлы және қауіпсіз білім беру жағдайларын жасау, баланың даралығы мен субъективтілігін қолдауға бағытталған дамытушы заттық-кеңістіктік ортаны, оның ішінде арнайы ортаны құру, олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру, мектепке дейінгі білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігі ұстанымдарын қамтамасыз ету, балалардың физикалық дамуы, коммуникативтік, танымдық, зияткерлік, шығармашылық дағдыларын, зерттеушілік қабілеттерін дамыту, әлеуметтік-эмоционалдық дағдыларын қалыптастыру, баланың зияткерлік, әлеуметтік дағдыларын және тұлғасын дамыту үшін инновациялық әдістер мен технологияларды қолдану, оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерінің бірлігін қамтамасыз ету, балаларды қазақ халқының ұлттық құндылықтарына, отбасылық құндылықтарға, отаншылдыққа, Отанға деген сүйіспеншілікке, мәдени-әлеуметтік нормаларға баулу, балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен мектепке дейінгі ұйымның күш-жігерін біріктіру, баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктерді беру болыптабылады.

4. Бағдарлама мазмұны: дені сау баланы тәрбиелеуді, өз денсаулығына саналы түрде қарауды, салауатты өмір салты негіздерін, қауіпсіз өмір сүру дағдыларын қалыптастыруға;

балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ауызекі сөйлеуді, сөздік қорды қалыптастыруды, өмірде әртүрлі жағдайлардағы қарым-қатынас

дағдыларын меңгертуге, қолдың ұсақ моторикасын, командада жұмыс істеу дағдыларын дамытуға;

тәрбиеленушілердің қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгертуге; өнер туындыларын қабылдау мен түсіну дағдыларын қалыптастыру, қоршаған әлемді эмоционалды тану, тәрбиеленушілердің өзіндік шығармашылық іс-әрекеті үшін жағдай жасауға;

тәрбиеленушілерді, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды оң әлеуметтендіру, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне баулу, рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыруға; мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту және бастауыш білім беру арасындағы оқыту, дамыту және тәрбиелеу міндеттерін ескере отырып, сабақтастық пен үздіксіздік

қағидаларын қамтамасыз етуге;

бастауыш білім беру ұйымдарында мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілерді оқыту үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беруге бағытталған.

5. Бағдарламаның мазмұны балалардың физикалық және психикалық дамуының жас кезеңдерін ескере отырып, келесі жас топтарында іске асырылады:

ерте жас тобы – 1 жастағы балалар;

кіші топ – 2 жастағы балалар;

ортаңғы топ – 3 жастағы балалар;

ересек топ – 4 жастағы балалар;

мектепалды топ, мектептегі (лицейдегі, гимназиядағы) мектепалды сынып – 5 жастағы балалар.

6. Бағдарламаның мазмұнын меңгеру мерзімі – 5 жыл, бір жас тобында – 1 жыл.

7. Педагог балаға:

ненің "дұрыс" және ненің "бұрыс" екенін түсінуді;

сыпайы және мейірімді болуды;

дос болуды, құрметтеуді, көмектесуді, бөлісуді;

қызығушылық танытуды, қоршаған әлемді бақылауды және зерттеуді;

тыңдауды, түсінуді және саналы сөйлеуді;

қауіпсіз мінез-құлық ережелері мен салауатты әдеттерді сақтауды;

физикалық белсенділікке, соның ішінде белсенді қимыл ойындарын ойнауды;

өзі ойнауды;

ересектерге көмектесуге, еңбекқорлыққа;

ата-анасына, достарына, туған өлкесіне деген сүйіспеншілік пен қамқорлық көрсете

білуді, отбасын бағалауды;

өзіне қамқорлық жасауға және ниетін білдіруге үйретеді.

8. Бағдарлама меншік нысанына қарамастан мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердегі (лицейлердегі, гимназиялардағы) мектепалды сыныптарда іске

асырылады.

1. 2025-2026 Оқу жылының негізгі ерекшеліктері

Мектепалды сыныптарда балалардың қауіпсіз болуын қамтамасыз ету;

оқыту басқа тілде жүргізілетін мектепке дейінгі ұйымдарда «Тілге бойлау» бағдарламасын жаппай іске асыру;

«Жасыл балабақша» желісін кеңейту - экологиялық білім беру және экологиялық мәдениетті қалыптастыру;

Ата-аналарға арналған консультациялық пункттердің жұмысын жетілдіру. Мобильді консультациялық пункттер бойынша «Тәрбие бесігі» жобасын іске асыру;

«Беске дейін үлгер» ата-аналарға арналған мобильді қосымшасын қолдану арқылы балаларды тәрбиелеу мен дамыту мәселелері бойынша ата-аналарды ағарту;

ауылдық жерлерде «Құзыреттілік орталықтары» желісін кеңейту және «Құзыреттілік орталықтары» - жеке мектепке дейінгі ұйымдар санын ұлғайту; әдістемелік орталықтар (кабинеттер) жанында мобильді топтардың қызметін жетілдіру;

«Балақайлар мектебі» бағдарламасы бойынша жазғы кезеңде мектепалды даярлықты ұйымдастыру.

Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру негізгі міндеттері:

- мектеп жасына дейінгі тәрбиеленушілердің өмірін және денсаулығын қорғау;
 - тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері және жеке мүмкіндіктері бар тәрбиеленушілердің дене, зияткерлік және жеке тұлғалық дамуын қамтамасыз ететін оңтайлы жағдайлар жасау.
- Мектепке дейінгі ұйымда балалардың күні бойы қауіпсіз болуының алдын алу үшін:
- тәрбиелеу-білім беру процесіне тиісті бақылауды қамтамасыз ету,
 - басшының қызметкерлердің әрекетіне бақылауды күшейту,
 - алдын алу шараларын уақтылы жоспарлау;
 - баланың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды болдырмау үшін тиісті шаралар қабылдау ұсынылады.

Дамытушы ортаны құруға ұсынымдар:

- Үлгілік бағдарламаны және білім беру (вариативтік, жеке, бейімделген, қосымша) бағдарламаларын іске асыруды қамтамасыз етуі;
- балалардың жастарына сәйкес болуы;
- барлық топтық бөлменің үй-жайлары, кабинеттер, ойындар мен ойыншықтар, материалдар, құралдардың тәрбиеленушілер, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалар үшін қолжетімді болуы;
- қолайлы эмоционалды жай-күйін қолдау үшін балалардың оңаша ойнауына орынды жабдықтау;
- ересек пен баланың бірге әрекет етуі үшін (заттар мен ойыншықтар, кітаптар, материалдар, құралдардың балалардың жасына және Үлгілік бағдарламаның мазмұнына сәйкес болуы) қанық, мазмұнды болуы;
- әртүрлілік (барлық тәрбиеленушілердің ойын, шығармашылық, зерттеу, танымдық әрекеттері мен қимыл белсенділігін соның ішінде ірі және ұсақ моториканы дамытуға, қимылды ойындар мен жарыстар ұйымдастыруға, балаларға қолжетімді материалдармен соның ішінде құммен, сумен эксперимент жасауға жабдықтардың (топта, дәлізде, ойын алаңында да болуы);
- балалар әрекеті түрлерінің вариативтілігі;
- көпфункционалдылығы (балалар жиһаздары, жұмсақ модулдер, театр-ландырылған қойылымдарға арналған шымылдық, топта табиғи материалдардың болуы);
- өзгермелі (балалардың қызығушылықтары мен мүмкіндіктеріне және тәрбиелеу-білім беру процесінің мазмұнына сәйкес ортаны өзгерту мүмкіндігі) болуы.

Топтық бөлмелерде мынадай қызығушылықты орталықтарын құруға болады:

- ұлттық құндылықтар;
- сюжетті-рөлдік ойындар;
- театрландырылған ойындар;
- оңаша ойнауына орын;
- кітап бұрышы;
- құрастыру және робототехника;
- табиғат және ғылым;
- шығармашылық;

- мамандықтар және т.б..

Мектепалды сыныптарында негізгі міндеттері:

- балаларда оқу әрекетінің ұйымдастырылған мінез-құлқының дағдыларын қалыптастыру (танымдық белсенділік, шығармашылық);
- мектепке оқу үшін қажетті болашақ бірінші сынып оқушысының жеке қасиеттерін қалыптастыру (жауапкершілік, зейінділік, дербестік, ынталық);
- ұжымдық әрекетте бірлесіп әрекет ету дағдыларына тәрбиелеу (құрдастарына көмек көрсету, жұмыс нәтижелерін бағалау және т. б.);
- балалардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымнан мектепке көшу кезінде сабақтастықты және табысты бейімделуді қамтамасыз ету;
- баланың мектепке эмоционалды-оң көзқарасын, оқуға деген ынтасын дамыту.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

5.Тәрбиелеу-білім беру процесінде:

әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу жүзеге асырылады;

балалардың құқықтарын, өмірін қорғау, денсаулығын нығайту қамтамасыз етіледі;

салауатты өмір салтының негіздері, қауіпсіз өмір сүру дағдылары, қимыл-қозғалыс, бейімделу, коммуникативтік, әлеуметтік-эмоционалды, когнитивтік дағдылар, өзіне, отбасына, құрдастарына, қоршаған ортаға адамгершілік қарым-қатынасы, тәрбиеленушілердің қарым-қатынас мәдениеті, ұлттық бірегейлік пен азаматтық негіздері, патриотизм қалыптасады; тәрбиеленушілердің физикалық, зияткерлік, танымдық-сөйлеу, көркем-эстетикалық, шығармашылық қабілеттері дамиды;

Отанға, ана тіліне сүйіспеншілік тәрбиеленеді;

баланың мектепте оқуға физикалық, психологиялық, эмоционалдық, әлеуметтік дайындығы үшін тең бастапқы мүмкіндіктер беріледі.

6.Тәрбиеленушілердің құзыреттіліктерін, физикалық және жеке қасиеттерін дамыту олардың жас ерекшеліктеріне сәйкес біліктері мен дағдыларын қалыптастыру арқылы жүзеге асырылады.

7. Физикалық қасиеттерді дамыту.

Физикалық дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және дене шынықтыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты денсаулық сақтау технологиясын қолданып, балалардың негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;
- спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;
- дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;
- дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;
- балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

8. Коммуникативтік дағдыларды дамыту.

Коммуникативтік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, сауат ашу негіздері, қазақ тілі ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы жүзеге асырылады.

Мақсаты балалардың түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру болып табылады.

Міндеттері:

- сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру арқылы қолды жазуға дайындау;
- ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;
- түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
- балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
- балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

9. Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту.

Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және математика негіздері ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың қоршаған әлеммен өзара қарым-қатынас жасауына қажетті танымдық және зерттеушілік әрекеттің қарапайым дағдыларын меңгерту, коммуникативтік-танымдық қабілеттерді, математикалық және логикалық ойлауды дамыту болып табылады.

Міндеттері:

- танымдық қызығушылықтарын, білуге құмарлықты, оқу әрекетіне қызығушылықты дамыту, мектепте оқуға ынтасын арттыру;
- зейінді, есте сақтауды, бақылауды, зерттеуді, талдау жасай білуді, себеп-салдарлық байланыстарды орнату, қорытынды жасауды дамыту;
- балаларды зерттеу барысында жаңа ақпараттарды алуға, объектілерге зерттеу жүргізу үшін өз әрекетінің алгоритмін жасауға баулу;
- математикалық және интеллектуалды-шығармашылық қабілеттіліктің алғышарттары көрінуіне ықпал ету.

10. Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту.

Тәрбиеленушілердің шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру, музыка ұйымдастырылған іс-әрекеттері арқылы іске асырылады.

Мақсаты балалардың шығармашылық қабілеттерін дамыту, қиялдауын, қоршаған әлемді бейнелі қабылдауын қалыптастыру, өзінің түсініктерін, ойларын, сезімдерін көркем түрде жеткізе білуге үйрету болып табылады.

Міндеттері:

- балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;
- балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
- қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
- өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
- музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
- балалардың жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
- балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

11. Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру.

Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру балалардың жеке ерекшеліктерін ескере отырып, күн сайын ойын түрінде және қоршаған ортамен таныстыру ұйымдастырылған іс-әрекеті арқылы іске асырылады.

Мақсаты тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын байыту болып табылады.

Міндеттері:

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу;
- дербестікке тәрбиелеу;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;
- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың тірі объектілеріне жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;
- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

12. Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысы

МДҰ мен мектепалды сыныптарда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу күні бойы – режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте және балалар әрекетінің басқа да түрлерінде жүзеге асырылады.

Стандарт 9 талаптарында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, ұлттық бірегейліктің, азаматтық пен патриотизмнің негіздерін қалыптастыру міндеті көзделген.

Бағдарламаның мақсаты:

тәрбиеленушінің қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани- адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған жеке басын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;

отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;

өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;

әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

айналасындағылармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Тәрбиеленушінің жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

13.Мектепке дейінгі ұйымдарда және мектептердің мектепалды сыныптарында қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған балалар әрекеті түрлерінің тақырыптық жоспары.

1. Ұйымдастырылған іс-әрекеттердегі мінез-құлық ережелері
2. Жедел қызметтің телефон нөмірлері, қауіпсіз терезелер
3. Қыс мезгілінде серуендеу ережелері.
4. Сенімді ересектер: кімнен көмек сұрауға болады?
5. Қауіпсіз кіреберіс және лифт.
6. Жануарлармен қарым-қатынаста қауіпсіздікті сақтау.
7. Қылмыскердің келбеті қандай? Талдау және қорытынды жасау.
8. Азық-түдіктер-аллергендер. Қауіпсіз ас (Өзіңді жағымсыз реакциялардан қалай қорғауға болады?)
9. Электр құралдарымен, розеткалармен, қуаттау құрылғыларымен жұмыс істеу ережесі.
10. Табиғаттағы мінез-құлық ережелері.

14. Мектепке дейінгі ұйымдарда тәрбиелеу-білім беру процесін ұйымдастыру

Үлгілік қағидаларға сәйкес МДҰ өз қызметін келесі кезеңдер бойынша жүзеге асырады:

1. 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – оқу жылы (үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру мерзімі);
- 2.1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

15. Мектептердің мектепалды сыныптарында мектепалды даярлықты ұйымдастыру

Аптасына ұйымдастырылған іс-әрекеттің саны - 20 сағатты, мектепалды жастағы балалардың құзыреттіліктерін қалыптастыру бойынша ұйымдастырылған бір іс-әрекеттің ұзақтығы - 20-25 минутты құрайды.

16.Мектепке дейінгі ұйымдар мен мектептердің мектепалды сыныптарында тәрбие жұмысы

МДҰ мен мектепалды сыныптарда «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы іске асырылады.

Мектеп жасына дейінгі балаларды тәрбиелеу күні бойы – режимдік сәттерде, ұйымдастырылған іс-әрекетте және балалар әрекетінің басқа да түрлерінде жүзеге асырылады.

Стандарт9 талаптарында әр баланың қызығушылықтарын, ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу, ұлттық бірегейліктің, азаматтық пен патриотизмнің негіздерін қалыптастыру міндеті көзделген.

Бағдарламаның мақсаты:

тәрбиеленушінің қазақстандық мәдениет құндылықтары негізінде азаматтық жауапкершілік пен патриотизм, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани- адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған жеке басын қалыптастыру.

Бағдарламаның міндеттері:

Рухани-адамгершілік қасиеттерді тәрбиелеу:

Отанға, өз халқына, оның тарихы мен мәдениетіне деген сүйіспеншілікті қалыптастыру;

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік рәміздерін құрметтеуге тәрбиелеу;

адалдық, әділдік, мейірімділік, ар-ұят пен қамқорлық, қайырымдылық және басқа да адамдық қасиеттерді дамыту;

табиғатқа және қоршаған ортаға ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу.

Азаматтық жауапкершілік пен патриотизмді дамыту:

елінің жетістіктері үшін мақтаныш сезімін ұялату;
отбасы, қоғам және мемлекет алдындағы өз міндеттеріне саналы көзқарас қалыптастыру;
өз құқығы мен бостандығы, сондай-ақ басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қорғауға дайын болуға баулу;
әлеуметтік маңызы бар қызметке белсенді қатысуға тәрбиелеу.

Парасаттылық пен адалдықты қалыптастыру:

айналасындағылармен қарым-қатынаста адал әрі әділ болуға және әдептілік нормаларын ұстануға тәрбиелеу;

өз іс-әрекеттері мен сөздері үшін жауапкершілікті түсінуге тәрбиелеу;

еңбексүйгіштік пен өзін-өзі жетілдіруге деген ұмтылысын қалыптастыру;

біреудің еңбегі мен мүлкін құрметтеуге тәрбиелеу.

Тәрбиеленушінің жеке басының үйлесімді дамуы үшін жағдай жасау:

әрбір тәрбиеленушіні тәрбиелеу мен оқытуда даралау мен саралау тәсілдемелерін қамтамасыз ету;

білім беру ортасында жағымды психологиялық-педагогикалық ахуал қалыптастыру;

ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларға қолдау көрсету;

отбасын білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне тарту.

17.«Ұлттық білім беру деректер қоры» ақпараттық жүйесінде толтыру үшін мектепалды топтағы/сыныптағы бала дамуының жеке картасы

Баланың аты-жөні (бар болғанда) _____

Баланың туған жылы, айы, күні _____

Мектепалды топ/сынып (мектепке дейінгі ұйымның атауы) _____

Рет №	Құзыреттер	Біліктер мен дағдылардың тізбесі		Біліктер мен дағдылардың қалыптасу көрсеткіші		
				қалыптасқан	жеткіліксіз қалыптасқан	қалыптаспаған
1	Физикалық қасиеттерді даму	1	Өзіне-өзі қызмет көрсету дағдыларын меңгерген, жеке гигиенаны сақтайды (киімі мен аяқ киімін қадағалайды, өз бетінше киінеді/шешінеді), тамақтану мәдениетінің ережелерін сақтайды			
		2	Негізгі қимыл түрлерін (жүру, жүгіру, секіру, лақтыру, өрмелеу, еңбектеу, тепе-теңдікті сақтау) меңгерген			
		3	Құрдастарымен қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашы, ойын ережелерін сақтайды, ептілік, жылдамдық, төзімділік көрсетеді			
2	Коммуникативтік дағдыларды дамыту	4	Тіл дыбыстарын дұрыс айтады, сөйлеуде жай және күрделі сөйлемдерді қолданады, ересек адамды түсінеді және толық жауап береді			
		5	Шағын әңгімелер құрастырады, мәтіннің мазмұнын қайталайды, өлеңдерді жатқа айтады			
		6	Дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратады, сөздерді буындарға бөледі, сөзге дыбыстық талдау жасайды			
		7	Қағаз парағында бағдарланады, қарындашты дұрыс ұстайды			

		8	Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады, қоршаған ортадағы заттарды және қарапайым әрекеттерді атайды			
3	Танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту	9	10-ға дейін тура және кері санайды			
		10	Заттарды әртүрлі белгілері (түсі, пішіні, мөлшері, саны, көлемі, өлшемі, материалы) бойынша салыстырады			
		11	Уақытта, кеңістікте, жазықтықта бағдарланады			
		12	Геометриялық пішіндерді (шеңбер, сопақ, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш) және денелерді (шар, текше, цилиндр) ажыратады және дұрыс атайды			
		13	Логикалық ойын тапсырмаларын орындайды, қызығушылық танытады, тапсырманы шешудің жолдарын таба алады			
4	Балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту	14	Натураға қарап және көз алдына елестете отырып мүсіндейді			
		15	Көз алдына елестетіп, ауызша сипаттау, ұсынылған тақырып бойынша, өз бетінше, құрдастарымен бірлесіп түрлі материалдардан құрастырады			
		16	Бояулармен және қарындаштармен сурет салады, жиектен шықпай бояйды, негізгі түстерді және олардың реңктерін ажыратады			
		17	Қайшыны қолдануды біледі, пішіндерді қия алады			
		18	Музыкалық жанрларды, балалардың музыкалық аспаптарын ажыратады, би қимылдарын, таныс әндерді орындайды			
5	Әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру	19	Отан, мемлекеттік рәміздер, мерекелер, ұлттық дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар туралы түсініктері бар, патриоттық сезімдері қалыптасқан			
		20	Туыстық байланыстарды, отбасылық дәстүрлерді біледі, үлкендерге құрмет көрсетеді және кішілерге қамқорлық жасайды			
		21	Жыл мезгілдерін, табиғат құбылыстарын, жануарлар мен өсімдіктерді біледі, туған өлкенің табиғатына қамқорлық жасайды			
		22	Әр түрлі мамандықтарды біледі және ересектердің жұмысын құрметтейді			
		23	Ұжымдық қызмет түрлеріне қатысады, тапсырмаларды орындайды, жұмыс нәтижелерін			

			бағалайды			
		24	Үйде, қоғамдық орындарда, жолда, табиғатта және төтенше жағдайларда қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын меңгерген			

Картаны толтырған педагогтің тегі, аты, әкесінің аты: Тулекбаева М.Б.

Толтыру күні, айы, жылы: мамыр, 2026жыл

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған

ҚЫРКҮЙЕК айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚЫРКҮЙЕК	Дене тәрбиесі	- сапқа бір қатармен тұру. - дене қасиеттерін қалыптастыру; - үйде, көшеде, табиғатта өзін-өзі қауіпсіз ұстау дағдыларын жетілдіру; - негізгі қозғалыстарды жетілдіру арқылы балалардың қозғалыс тәжірибесін байыту. Күтілетін нәтиже: баяу жүгіру дағдыларын, түрлі тәсілмен жүргенде қолдарының соған сәйкес қимыл амплитудасын қолдануды, кеңістікті бағдарлау қабілеттеріне ие.
	Сөйлеуді дамыту	- балалардың сөздік қорын зат есімдермен байыту; - басқа адамдармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын қалыптастыру; - әртүрлі формалар мен іс-әрекеттерде ауызша сөйлеуді дамыту; - қазақ халқының және басқа ұлттардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгіме мазмұнын түсініп, жалғастырып айтады.
	Көркем әдебиет	-шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. - коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: байланыстырып сөйлеуін жетілдіру, әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу; - қазақ және басқа халықтардың мәдениетіне, салт-дәстүріне құрметпен қарауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады.
	Қазақ тілі	-сөйлеу әрекетінің түрлерін тыңдалым,айтылым,оқылым,жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және тілдік нормаларды сақтай отырып іс-әрекетте және күнделікті өмірде қолдану; -балалардың сөздік қорын байыту. Күтілетін нәтиже: сөз заттардың атын, іс-әрекетті, сапасын білдіретінін түсіне алады.
	Сауат ашу негіздері	-«Сөз» және «дыбыс» терминдері туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру. - балаларды сөздегі дыбыс тізбегін белгілей білуге үйрету. Күтілетін нәтиже: дыбыс пен сөз туралы білгендерін еске түсіреді.
	Математика негіздері	-математикалық терминдерді қолдана білуді, геометриялық пішіндерді тану және атай білуді үйрету;

	- танымдық логикалық процестерді дамыту:сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; - элементар математикалық бейнелерді қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: жеке-дара заттар мен заттар жұбын табуды білу.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-табиғатқа қамқорлықпен қарауға, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезінуге тәрбиелеу. -үйде, балабақшада, қоғамдық орындарда қарым-қатынастың жалпы қабылданған нормалары мен ережелерін сақтауға үйрету. Күтілетін нәтиже: алуан түрлі материалдардың белгілері мен қасиеттері және қолданылуы арасындағы байланысын түсінеді.
Сурет салу	- елестету және заттарға қарап пішіндерді бере отырып салу дағдыларын қалыптастыру. - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту; - көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. Күтілетін нәтиже: қағаз бетіне қарындашпен сала білу біліктерін өз тілегіне байланысты болашақта қолдана алады.
Мүсіндеу	-атқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды мүсіндеу; - балаларда өмірден алынған және өз ойлары бойынша әртүрлі заттарды мүсіндеу қабілетін дамыту; - баланың заттардың пішіні, олардың айырмашылығы мен ұқсастығы, кеңістіктегі орны, өзіне тән белгілері туралы түсінігін нақтылау. Күтілетін нәтиже: тазалық шараларын сақтауды, ауызекі сөйлеуде«себет» сөзінің мағынасына қарай дұрыс қолдана алады.
Жапсыру	- балалардың қайшыны қолдану, желіммен жапсыру біліктерін бекіту; - балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған шындықтың эстетикалық жағына қызығушылықтарын дамыту; - көркем шығармаларды қабылдау қабілетін қалыптастыру, эмоционалды көзқарасты ояту. Күтілетін нәтиже: геометриялық пішіндерді сәйкестендіріп қолдана білу.
Құрастыру	-шамасы бойынша әртүрлі құрылыстардың нұсқаларын жасай білу; - танымдық процестерді дамыту: зейін, есте сақтау, қабылдау, шығармашылық, қиялдау, ойлаудың өзгермелілігі; - психикалық әрекеттердің әдістерін (анализ, синтез, салыстыру, жалпылау, модельдеу, құрастыру, себеп-салдар байланысын орнату) үйрету. Күтілетін нәтиже: өзінің іс-әрекетін алдын-ала жоспарлай алады және өз іс- әрекетінде пайдаланады.
Музыка	-дауысы мен есту қабілеттерін дамытуға арналған жаттығуларда қиын емес әуендерді 2–3 жақын

		үндестікте дауысын дәл келтіріп орындауға үйрету - аспаптық музыкаға деген қызығушылықтарын арттыру, музыканың табиғатын ажырата білу қабілеттерін дамыту; - Қазақстан композиторларының өмірі мен шығармашылығы туралы білімдерін қалыптастыру. - балаларды кернеусіз, жеңіл дыбыспен, бірқалыпты мәнерлі ән айтуға үйрету. Күтілетін нәтиже: музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды орындай алады.
--	--	--

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қазан айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАЗАН	Дене тәрбиесі	-денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту; -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру қасиеттерін қалыптастыру; -балалар арасындағы достық қарым-қатынасты орнатуға және ұжымның ұйымшыл болуына жағдай жасау; -баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау. Күтілетін нәтиже: тепе-теңдіктерін сақтап жүруге жаттықтыру кезінде дене бітімін дұрыс ұстау керектігін түсінеді.
	Сөйлеуді дамыту	-кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтарды ажырата білуге баулу; -мазмұны бойынша әңгімелесуге үйрету; балалардың өз сөзімен суреттеп, сөйлей білу қабілеттерін дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: суретке қарап әңгіме құрайды; көп сөздерді жалпылама сөзбен айтады.
	Көркем әдебиет	-әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді теңеулерді қолдану, көңіл күймен азмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру, сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін және ойлау қабілеттерін дамыту; -әңгімелеуде сюжеттік бірізділікті сақтап, мазмұндауға еңбекті бағалауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгімелеу барысында кейіпкерлерді атайды; әңгіменің мазмұнын түсінеді.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; -тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: күнделікті өмірде қолданып жүрген сөздерден сөйлем құрай алады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлу, буын санын ажырата алуға жаттықтыру; -дидактикалық ойындар арқылы буындардан сөз құрай алу дағдыларын дамыту; -шығармашылықпен жұмыс істеуге тәрбиелеу.

		Күтілетін нәтиже: сөзде қанша дауысты дыбыс болса, сонша буын болатының түсінеді.
Математика негіздері		-балаларды қағаз парағының бетінде бағдарлау (жоғарыда, төменде, оң жақта, сол жақта); жад пен кеңістіктік ойлауды дамыту білігін қалыптастыру; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару дағдыларын дамыту. Күтілетін нәтиже: заттарды салыстырады, заттардың өлшемін сипаттайтын сөздерді айтады: үлкен, кішкентай, орташа, негізгі түстерді атауды; сипаттамаларына сәйкес жіктеуді білу.
Қоршаған әлеммен таныстыру		-күзгі табиғаттағы маусымдық өзгерістерді бақылап, бір-бірінен ажырата білуге үйрету; -балалардың табиғатқа қатысты қарапайым білімдерін күшейтіп, табиғатпен қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -баланың тұлғалық қасиеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: мезгілінің белгілерін атап көрсетеді; себеп-салдар байланысын түсінеді; өсімдіктер мен жануарлар әлемінің өздері тіршілік ететін ортамен байланысын біледі.
Сурет салу		-мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қағаз бетіндегі кеңістікті дұрыс қолданады, жұмыс жасауда ұқыптылық пен тазалықты сақтайды.
Мүсіндеу		-геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз, т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; -қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; -адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру. Күтілетін нәтиже: әртүрлі тәсілдерді пайдалана отырып көгөністерді мүсіндейді.
Жапсыру		-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүюге, әсемдікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дайын үлгіні қиып, ретімен жапсыра алады.
Құрастыру		-құрылыс материалдарынан ұшақты құрастыра білуге үйрету; -ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажырата алу және балалардың ой-қиялын дамыту; -өзінің іс-әрекетін алдын ала жоспарлау дағдыларын қалыптастыру, батылдыққа, ерлікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ұшақты құрастыруда оның негізгі бөлігі мен ұсақ бөлшектерін ажыратуды біледі.
Музыка		-әннің ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру, әннің кіріспесін, басын, қайырмасын ажырату; -музыка сипатына сәйкес ойын әрекеттерін орындау: қол ұстасып шеңберде айтылатын әндермен шеңберді айналып жүру, музыкалық тіркестерге сәйкес қимылдарды өзгерту; -ойын арқылы

		балаларды достыққа, бірлікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: пластикалық, ырғақты, мәнерлі қимылдарды орындайды.
--	--	---

ҚАРАША айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қараша айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАРАША	Дене тәрбиесі	- дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. - жетекшінің белгісі бойынша жүруді жүгірумен, жүгіруді жүрумен алмастыруға, алға жүріп келе жатып бір-біріне доп лақтыруға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: баяу жүгіру дағдыларын, негізгі қимыл-қозғалыс жаттығуларын, қолды сермеу мен аяқпен итерілу күшін мөлшерлеуді, кеңістікті бағдарлау біліктілігіне ие.
	Сөйлеуді дамыту	- сөздерді буынға бөлуді үйрету; - сөздерді дұрыс, анық айтқызу арқылы сөйлеу тілдерін дамыту; - көркем шығармаларды сахналауға үйрету. - балаларды ертегіні рөлдерге бөліп сахналату арқылы әртістік қабілеттерін дамыту. Күтілетін нәтиже: сөз ойлап айтады, ертегі мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегі мазмұнын түсінеді.
	Көркем әдебиет	- ертегі мазмұнын эмоциялық, бейнелі қабылдауға, баяндауда бейнелеуіш сөздерді қолдануға, ертегіні баяндауда сюжеттік бірізділікті сақтау арқылы қисынды мазмұндауға үйрету; - ертегі мазмұнында қоршаған орта, табиғат туралы түсініктерін және ойлау орта, қабілеттерін дамыту; - адал дос болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап береді, ертегінің ерекшеліктеріне көңіл бөледі.
	Қазақ тілі	- қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. - сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Диалогке қатысуға үйрету. - қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту. Күтілетін нәтиже: сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрай алады.
	Сауат ашу негіздері	- дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуларын жетілдіру;

	-берілген дыбысқа сөз құрай алу дағдыларын бекіту және графикалық жұмысты орындау кезінде жаза білу қабілеттерін дамыту; -тиянақты және мұқият болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дауысты дыбыстардың жуан және жіңішке, дауыссыз дыбыстардың қатаң, ұяң, үнді болып бөлінетінін түсінеді.
Математика негіздері	-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, санау және топтарды салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс қорытындылау; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасауға үйрету; 10-ға дейін санауды; заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыруды бекіту; -есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: 10 санын, ретімен, тура және кері санауды. Логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындауды білу.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-қыста жылы жаққа ұшып кететін жыл құстары мен қыстап қалатын құстардың атын атап, бір-бірінен айыра білуге үйрету; құстардың пайдасы туралы түсініктерін нығайту; -табиғатқа қатысты қарапайым ғылыми түсінікті дамыту; заттарды салыстыру арқылы талдау қасиетін дамыту; -табиғатқа қамқорлықпен, жанашырлықпен қарауға үйрету. Этикалық және эстетикалық сезімдерін қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: құстардың атауларын біледі; қыстап қалатын құстар мен жылы жаққа ұшып кететін құстардың арасындағы айырмашылықты түсінеді; құстардың пайдасын жақсы біледі.
Сурет салу	-балалардың шығармашылық қабілетін дамыту, заттың пішіндері туралы білімдерін жетілдіру, тостаған туралы білімдерін бекіту. -қылқаламды пайдалана отырып затты безендіруде түстерді ажырата білу қабілеттерін дамыту; -заттың көлеміне, пішініне сәйкес өрнектерді дұрыс орналастыра білу іскерліктерін дамыту; -түрлі өлшемдегі өрнекті элементтерді үйлестіру, жұмысты уақытымен нұсқау бойынша орындауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қылқаламмен, бояумен жұмыс істеу дағдылары мен біліктерін одан әрі қолданып, жетілдіруді.
Мүсіндеу	-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; -балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту; -еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өзіне және өзгенің еңбегіне баға беруді.
Жапсыру	-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру. Күтілетін нәтиже: көп қабатты және бір қабатты үйлерді біледі.

	Құрастыру	-табиғи материалдардың түрлерімен таныстыру және олардан жәндіктерді құрастыруды үйрету; -кепкен жапырақтардың пішініне сәйкес әртүрлі ұсақ заттар дайындау, шығармашылық қабілеттерін дамыту; -киндер қауашақтарынан аңдардың бейнесін жасай білуге үйрету; -қалдық заттармен жұмыс жасауда шығармашылық ойлауды дамыту; -сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдардың түрлерімен танысады және олардан жәндіктерді құрастыра алады.
	Музыка	-шығармалардың эмоциялық мазмұнын, олардың сипатын, көңіл күйін ажырату, әсерлі реңктерін ажырату; -мерекелік әннің шаттық көңілін көңілді жеткізіп, жеңіл, ширақ дауыспен шумақтардың соңын жұмсартып айту; -әуеннің би сипатын сезіну, би қимылдарының элементтерін орындау. Музыкалық аспаптарда ойнауға үйрету. Күтілетін нәтиже: музыкаға сәйкес қимылдар және би қимылдарының элементтерін орындайды.

ЖЕЛТОҚСАН айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: желтоқсан айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ЖЕЛТОҚСАН	Дене тәрбиесі	-нақты қимыл-қозғалыс жасай білу қабілеттерін қалыптастыруды жалғастыру, анализатор орталықтарын белсендіруге мүмкіндік жасау. -балаларды шаңғымен жүрумен таныстыру, қозғалысқа дұрыс бастама болатын бастапқы қалыпқа дұрыс келуді үйрету; -дене қимыл жаттығуларын төзімділік пен жаттыққандықты арттыру үшін біртіндеп көбейте отырып орындауға дағдыландыру. Күтілетін нәтиже: қолды еркін қозғап, бағытты өзгертіп, баяу қарқынмен жүгіруді және достық, сыйластық секілді адамгершілік қасиеттерді қолданады.
	Сөйлеуді дамыту	-балаларға дыбыстық талдау жасауды үйрету; -балалардың сөздік қорын дамыту; -дыбыстарды дұрыс дыбыстауға үйрету. Күтілетін нәтиже: сөздерге дыбыстық талдау жасай алады.
	Көркем әдебиет	-әңгімені эмоциялық-бейнелік мазмұндап, баяндауға баулу; -әңгімені жалғастырып, сюжет бойынша құрастыруға, қисынды мазмұндауға үйрету; -әңгіме кейіпкерлерімен таныстыру; -сурет бойынша қоршаған орта мен табиғат туралы түсініктерін, еңбек дағдыларын дамыту; -еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сюжетті сурет бойынша ертегі мазмұнын шығармашылықпен құрастыра алады, жұмбақтың шешімін айта алады.
	Қазақ тілі	-сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру; -қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: қарапайым сұрақтарды түсінеді, жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлуді жалғастыру, берілген буынға сөз құрауды үйрету; -дауысты, дауыссыз дыбыстар туралы білімдерін бекітуге арналған тапсырмаларды орындату арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту;

	-дербес жұмыс істей алуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздерді буынға бөлуді, дыбыстарды ажырата алады.
Математика негіздері	-көрнекілік негізінде қарапайым мысалдар мен есептерді шығару; цифр мен таңбаларды пайдаланып жазбалар жасау; санау білігін бекіту, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: санап, салыстыру білігін қолдана алады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-жануарлардың (аңдардың) қоршаған ортадағы өзгерістерге бейімделуі туралы түсінік қалыптастыру; -логикалық ойлау, талқылау, салыстыру, пікір білдіру қабілеттерін дамыту; -табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оның сұлулығын қабылдап, терең түйсінуге, жануарлар мен өсімдікке қамқорлықпен қарай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жанды және жансыз табиғат нысандарына қатысты дұрыс көзқарас пен мінезқұлық танытады, үйренген дағдыларын өмірлік тәжірибеде қолдана алады.
Сурет салу	-балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту; -балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру. Күтілетін нәтиже: табиғат құбылыстары жайлы түсініктері кеңейіп, жаңбырлы күннің ерекшеліктерін біледі.
Мүсіндеу	-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру; -белсенділігін, шығармашылығын дамыту; -тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдарды пайдалана отырып, оны өз ойларынан әшекейлей білуді.
Жапсыру	-ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту. -бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту ; -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қағазды ұсақтап жыртып арқылы жұмыс жасай алады.
Құрастыру	-табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай білуге үйрету; -табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту;

		- ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдардан әртүрлі орман мекендеушілерін жасай алады.
	Музыка	-музыкалық шығармаға өзінің қатынасын білдіру, оның мазмұны мен сипаты туралы пікірін айту; -әннің сипатын қабылдау дауысын дұрыс келтіріп орындау, ырғақтық бейнесі мен динамикасын дәл беру; -әуеннің ырғақтық бейнесін ұрмалы аспаптарда жеке немесе кішігірім топпен ойнау. Күтілетін нәтиже: шығарманың дыбысталуын тембрі бойынша ажыратады, әндерді орындайды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҚАҢТАР айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қаңтар айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
ҚАҢТАР	Дене тәрбиесі	-балаларға бір орнында тұрып секіру жаттығуларымен таныстыру. Қауіпсіз ережелерді сақтай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: эстафеталарда қауіпсіздік ережелерін сақтау керектігі, командалармен қимыл кезінде тепе-теңдік сақтай білудің маңызы мен жауапкершілігі, өз әрекеттерін басқа ойыншылардың әрекеттерімен үйлестіру, жолақтан-жолаққа секіре біледі.
	Сөйлеуді дамыту	-сөйлем түрлері бойынша алған білімдерін пысықтау; -әңгімеге тақырып қоя білуге үйрету; -үлкендерді сыйлауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: көп сөздің жалпылау сөзін, зерек бала атануға тырысады.
	Көркем әдебиет	-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен үзілістермен, көтеріңкі көңіл күймен жатқа айтуға үйрету; -балалардың өлең мазмұнына деген қатынасын беруге, тілдік бейнелілігін сезінуге, өзара қарым-қатынасын дамыту. Күтілетін нәтиже: өлең мазмұнына сәйкес ойын әрекеттерін орындайды, мәнерлеп жатқа айтады. Сұрақтарға жауап беріп, өз ойымен бөліседі.
	Қазақ тілі	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Күтілетін нәтиже: жаңа сөздерді және сол сөздерде кездесетін қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтады.
	Сауат ашу негіздері	-сөздерге дыбыстық талдау жасату үйрету; -суреттер қандай дыбыстан басталатынын ауызша анықтауға үйрету, белгілермен қоршату, жасалу жолдарын естеріне түсіру дағдыларын бекіту;

	-дұрыс отыру, дұрыс жазу ережелерін таныстыра отырып, дене сымбатын дұрыс қалыптастыруға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздің құрамында дауысты, дауыссыз дыбыстар болатынын түсінеді, сызбаға сәйкес сөзді анықтай алады.
Математика негіздері	-геометриялық денелерді тануды және атауды бекіту, заттардың белгілерін, салыстыру, ұқсастығы мен айырмашылығын табуды; өз ойы бойынша пішіндерден тақырыптық композициялар жасауға үйрету; -зейін, жады мен ауызша сөйлеу дағдысын; талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; -графикалық диктантты орындауға үйрету; -кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: өзара бірмәнді сәйкестікті анықтау арқылы заттардың топтарын салыстыру тәсіліне ие.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-балалардың үйде асырайтын жануарлар туралы түсініктерін кеңейту; -олардың тіршілік етуіне қажетті жағдайлар туралы түсініктерін нығайту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. Күтілетін нәтиже: жануарлардың тіршілік етуіне қажетті жағдайларды атап береді; жануарлардың бәрінің тірі ағзаға жататынын түсінеді.
Сурет салу	- қазақ оюларының көптүрлілігі туралы түсініктерін кеңейту, балаларға қоржынды салу техникасы мен оны әшекейлеу ерекшеліктері туралы білім беру; -жұмысты ұқыпты, көркемдік талғаммен жасауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әшекейлеу ретін сақтай отырып, жұмысты орындау барысында ұқыптылық пен жинақылықты үнемі сақтап, қолданады.
Мүсіндеу	-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аударып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке, ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ыдыстың пішініне қарай мүсіндеуді.
Жапсыру	-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету. Күтілетін нәтиже: үйлестіре отырып жапсыруды біледі.
Құрастыру	-құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыруға үйрету; -бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және

		шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдары мен «Лего» конструкторларды пайдалана отырып көлік түрлерін құрастыра алады.
	Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру, шығарманы сипаттай білу; -жеңіл әуендерді ансамбльмен, балаларға арналған музыкалық аспаптарда, фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау; -үлкенге ілтипат, кішіге қамқор болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дауыстардың биіктіктерін ажыратып, жоғары-төменгі қозғалысын ажыратады, ән орындайды.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған
АҚПАН айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспар**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: ақпан айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
АҚПАН	Дене тәрбиесі	-сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүруді дамыту; -ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді; -сапқа тұрып, төмен ұстаған екі қолмен допты бір – біріне лақтыру жаттығуын жасай алуға жаттықтыру; -қапшықты арқаға қойып, еңбектеп өту. Қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: зал кеңістігін бағдарлап, сапқа қайта тұру. Допты жоғары лақтырып, қолды шапалақтап, допты қағып алу, биік заттың үстінде статикалық тепе-теңдіктерін сақтай білу шеберліктерін біледі.
	Сөйлеуді дамыту	-ертегі мазмұнын түсінікті түрде мазмұндай білуге жаттықтыру. -баланың сөйлеу және тыңдай білу, сұраққа жауап беру қабілеттерін дамыту. -балаларды батырлыққа, өжеттілікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дыбыстарға сөз ойлан айтады, ертегіні драмалайды.
	Көркем әдебиет	-шығармалардың эмоционалды-бейнелік мазмұнын қабылдауға, баяндау сипатын сезінуге баулу. - коммуникативті дағдылар мен дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдау және тыңдау, диалог жүргізуге, өз ұстанымын білдіруге дайын болу. Күтілетін нәтиже: әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды.
	Қазақ тілі	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру; -қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-сөйлем сызбасымен таныстырып, 2–3 сөзден тұратын сөйлем құрауды үйрету; -сөйлем сызбасын құруды үйретіп, сөйлемдегі сөздерді ретімен айтқызып, берілген буынға сөз құрап, дыбыстық сызба бойынша сөз құрай алу дағдыларын бекіту;

	-басталған жұмысты аяғына дейін жеткізе білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөйлем құрайды, сөздерге дыбыстық талдау жасайды,сөйлемдегі сөздердің белгілі бір ретпен тұратының түсінеді.
Математика негіздері	-балаларды кеңістіктік қарым-қатынастарды орнатуға үйрету. Заттың кеңістікте (солға, оңға, жоғарыға, төменге) және қағаз парағының бетінде орналасуын анықтау; -логикалық ойлау, есте сақтау, сөйлеу, назар аудару, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: қоршаған ортада бағдарлана алуды; орналасуының сипаттамасы бойынша белгілі бір затты таба алуды; санауды, санды цифрмен белгілеуді қолдана алады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-балалардың «адам, жануар және өсімдіктер үшін тіршілік көзі – ауа» деген түсініктерін кеңейту; -тәжірибелік-тәжірибеалдық жұмыстарға деген қызығушылықтарын ояту, бақылау нәтижелерін салыстыру, талдау және қорытынды жасау қабілеттерін дамыту; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру. Табиғатпен адамгершілік қарымқатынаста болуға үйрету. Күтілетін нәтиже: тәжірибеалдық жұмыстар жасау қабілеттерін пайдалана алады.
Сурет салу	-қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; -балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қылқаламмен сурет салу техникасын сақтай отырып, құмыра суретін салады; қазақтың үй тұрмысында қолданған заттары туралы түсінігі кеңейеді;
Мүсіндеу	-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылық пен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылы м үсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өрнектің түрін ермексازдан жасауды біледі.
Жапсыру	-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге,қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: үшбұрыштарды құрастырады; жұмыс жасағанда қауіпсіздік ережесін сақтай алады.
Құрастыру	-қалдық материалдармен заттар құрастыра білуге үйрету; -қалдық материалдарды мақсатты түрде пайдалана білуді бекіту; -қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей білуге үйрету; -қағазбен көлемді пішіндер жасауда композицияға біріктіру, ойлау қабілеттерін дамыту; -шығармашылық қиялды дамыту, үй жануарларына қамқорлық жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: қағаздан цилиндр пішіндер жасау арқылы күшікті бейнелей біледі.

	Музыка -лирикалық байсалды әуендерді қабылдап, қарқындық өзгерісін белгілеу. Фортепианоның сүйемелдеуімен немесе сүйемелдеуінсіз, жалғыз немесе топпен ән айту; -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып айту, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнауды дамыту; -балаларды ептілікке, жинақылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: шығарманы тыңдайды, сипаттайды; дауысқа күш түсірмей ән орындай алады.
--	--

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған
НАУРЫЗ айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: наурыз айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
НАУРЫЗ	Дене тәрбиесі	-баланы сезіну (сенсорлы) үдерістері арқылы және қимыл- қозғалыстарын үнемі толықтырып отырып дамытуға жағдай жасау; -түзу жүріп, допты бір қолмен соғып жүруге жаттықтыруды жалғастыру, допты соға білу шеберліктерін (машықтарын) бекіту. ә) Айналып тұрған арқанның астымен түрлі тәсілмен жүгіріп өтуге жаттықтыру; -айналып тұрған арқан астымен шапшаң өтіп кету сапасын дамыту. Күтілетін нәтиже: күш, ептілік секілді дене сапаларын және коммуникативтік құзыреттіліктерін; ұжым болып бірлесіп тапсырмаларды орындау дағдыларын және мейірімділік пен тәртіптілік нормаларын қолдана алады.
	Сөйлеуді дамыту	-Наурыз мерекесі туралы түсінік беру; -балалардың ойлау қабілетін дамыту; -салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жұмбақ айтысқа , жұмбақ айтыспен жауап береді, өз ойларыннан шығармашылық әңгіме құрайды.
	Көркем әдебиет	-өлеңді дауыс ырғағымен мәнерлей оқи отырып, логикалық екпінмен, үзілістермен жаттауға үйрету.; -қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту; сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру; -ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өлеңнің авторын, тақырыбын, мазмұнын біледі, өлең мазмұны бойынша сұрақтарға жауап бере алады.Салт-дәстүр, мәдениет туралы түсінеді.
	Қазақ тілі	-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.

	Күтілетін нәтиже: тапсырмаларды орындайды, таныс сөздерді айтады.
Сауат ашу негіздері	-сөздерді буынға бөлуге, дауысты, дауыссыз дыбыстардың түрлерін меңгеруге жаттығулар жасату арқылы сөздерді дұрыс айту машықтарын қалыптастыру; -ойындар арқылы логикалық ойлауларын, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ұжым болып тапсырмаларды орындату арқылы ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: буындардан сөз құрайды, дыбыстық талдау жасай алады.
Математика негіздері	-салмағына қарай заттарды салыстыруға үйрету, таразыда жатқан ауыр затты анықтауға үйрету; таразыны теңестіру үшін «тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керек» деген ұғыммен таныстыру. Санау білігін, суретке қарап мысалдар құрастыру, оны шығару дағдыларын бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, жад, сөйлеу дағдысын дамыту; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке баулу. Күтілетін нәтиже: таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін; өлшеу техникасын меңгере алады.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-балалардың Қазақстан Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін нығайту; -тірі нысанды суреттеу қабілетін, зейінін, есте сақтау қабілетін дамыту; -туған өлкені сүюге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: Қазақстанның Қызыл кітабына енгізілген жануарлар мен өсімдіктердің кейбір түрлерін атап береді.
Сурет салу	- балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрете білуге үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; - қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: туған жердің кең-байтақ екенін, өз елінің әсем жерлері мен ерекшеліктері туралы түсініктері кеңейеді.
Мүсіндеу	-балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа, батылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өрнектерді безендіруде кескішпен, қалақшаны дұрыс пайдаланады.
Жапсыру	-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сюжетті суретті ұжым болып жасауды түсінеді.
Құрастыру	-табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай білу, шығармашылық ойлау қабілеттерін дамыту; -ұжымдық жұмыс жасау арқылы мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды

		және қиялдауды дамыту; - ұқыпты жұмыс жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғи материалдарды пайдаланып әртүрлі бейнелер жасай біледі.
	Музыка	-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырату. Күтілетін нәтиже: қолмен бағытын көрсете отырып, әуеннің жоғарғы-төменгі қозғалысын ажырата алады.

**Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған
СӘУІР айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: сәуір айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
СӘУІР	Дене тәрбиесі	-мидың табиғи механизмдерінің жұмысын белсендендіруге, зейіндерін тұрақтандыруға ықпал ету. Қысқа секіртпеден секіруге жаттыға түсу. Қол басының айнала қозғалуы мен аяқтың тігінен қозғалуын жалғастыру.; -допты лақтыру мен жерге соғылған соң арт жақтан шапалақ ұрып қағып алу, допты қаққанда алақанын жазып, саусақ басымен қағу, бұралаңдап жерге қойылған бауды басып, тепе-теңдік сақтау дағдыларын арттыру. Күтілетін нәтиже: шапшаңдық секілді дене сапасын және кез келген іс-әрекетті ақылға салып, талдап шеше білу машықтарына ие.
	Сөйлеуді дамыту	-өлең арқылы тыңдата отырып, бала қиялын дамыту; -есте сақтау, танымдық қабілеттерін, байқағыштығын дамыту; -еңбекүйгіштікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: өлең жолдарын мәнерлеп айтуды қолданады.
	Көркем әдебиет	-ертегіні әңгімелеу барысында бейнелеуіш сөздерді қолдану, еңбек дағдыларын дамыту; -табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу. -табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгіменің мазмұнын сақтай отырып, айтып бере алады. Еңбек туралы сөзді есіне сақтайды.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: ұжымдық ойында бір біріне көмектесу керек екенін түсінеді;сөздерді сөз тіркестерімен айтады, сұраққа сөйлеммен жауап береді.
	Сауат ашу негіздері	-берілген буынға сөз құрай алу дағдыларын жетілдіру. -«Кері іс-әрекетті айт» ойыны арқылы сөйлем құрату арқылы шығармашылықпен ойлауларын дамыту; -білімпаз болуға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: сөздерге дыбыстық талдау жасайды, буынға бөледі, сөйлем құрайды, сөйлем

	сызбасын сызады.
Математика негіздері	-заттарды таразыға салмағы бойынша салыстыруға болатындығы туралы түсінікті бекіту. Таразының қай табағында ауыр зат жатқанын анықтауға (төмен түскен табақта), таразыны теңестіру үшін тағы зат (заттар) салу керек немесе таразы табақшасынан заттарды алу керектігін үйрету; графикалық диктантты орындау, қағаз бетінде бағдарлау, 10 көлемінде санау, заттардың санын цифрмен белгілеу біліктілігін бекіту; -зейін, жад, сөйлеу және қолдың моторикасын дамыту. Күтілетін нәтиже: геометриялық пішіндерді атауды және ажырата білуді; сурет бойынша есептер шығаруды. Үзік сызықтармен сызуды және бояуды, графикалық диктантты орындау мүмкіндікке ие.
Қоршаған әлеммен таныстыру	-табиғат аясында өз-өзін ұстау тәртібімен таныстыру. Балалардың назарын қоршаған орта проблемаларына аудару; -балалардың бойында табиғат туралы қарапайым түсінік, табиғатпен қарым-қатынас жасау мәдениетін қалыптастыру; -қатар құрбыларымен және ересектермен өзара қарым-қатынас жасай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: табиғат аясындағы мінез-құлық ережелерін біледі; адамның іс-әрекеті мен табиғаттың арасындағы байланысты түсінеді.
Сурет салу	-балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: көргендерін сурет салу ұйымдастырылған оқу қызметінде қағаз бетіне түсіре алады.
Мүсіндеу	-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; -қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; -эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: гүлдің адамға жақсы көңіл күй сыйлайтынын, бекерге жұлмау керектігін түсінеді.
Жапсыру	-қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру, саусақ қозғалыстарын жетілдіру; -қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: затқа қарап жапсыру дағдысына ие.
Құрастыру	-өз құрылысын талдай білуді бекіту, талдау негізінде құрылымдық шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлай білуге үйрету; -құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық мазмұнды құрастыруға қозғау салу, шығармашылық ойлауды және қиялдауды дамыту.

		Күтілетін нәтиже: құрылыс материалдарымен құрастыруда ұжымдық жұмыс жасауды біледі.
	Музыка	-музыкалық мәнерлілік құралдары мен сипатын егжей-тегжейлі ажырату қабілетін дамыту. Дағдыларды қалыптастыру: бір дыбыста құрылған әуеннің бөліктерін дәл ырғағымен дербес орындау; -жеңіл әуендерді ансамбльмен балаларға арналған музыкалық аспаптарда фортепианоның сүйемелдеуімен, уақытында қосылып, ырғақтық бейнесін анық бере отырып ойнау; -анаға сүйіспеншілігін арттыру, анаға қамқор болуға, құрметтеуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: ән айту дағдыларын, ережелерін біледі.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы негізінде 2025 - 2026 оқу жылына арналған

МАМЫР айының ұйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: Мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: мамыр айы 2025-2026 оқу жылы

Айы	Ұйымдастырылған іс-әрекет	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
МАМЫР	Дене тәрбиесі	-жыл бойы жасап үйренген жаттығуларды ұқыптылықпен, шапшаңдылықпен орындай білуді қалыптастыру. Дене жаттығуларын үнемі орындай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: мектептің және нәтижелі білім алуда денсаулықтың маңызын, жаттығудың орындалу тәсілі мен орындалу сапасының арасындағы байланыс, балалардың қозғалыс тәжірибесін спорттық ойын элементтеріне еркін қатыса алады.
	Сөйлеуді дамыту	-«Жаздың кезі көңілді» тақырыбына шығармашылық әңгіме құрастырту. -сұрақтарға жауап беру арқылы сөздік қорларын толықтыру. Күтілетін нәтиже: сурет жанрлары туралы мәліметті; бір-біріне жылы лебіз сөйлейді, суретке қарап әңгіме құрастыра алады.
	Көркем әдебиет	-сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру; -сөздік қорын байытуды жалғастыру; -аңғарымпаздыққа, сақтыққа тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: әңгімені сюжет бойынша шығармашылықпен айтады, әңгіменің соңын ойдан шығарып аяқтайды. Жұмбақтың шешімін айта алады.
	Қазақ тілі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. Күтілетін нәтиже: өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталайды, сұрақты тыңдап, толық жауап беру керек екенін түсінеді, сөйлем құрауда өздері білетін сөздерді қолданады.
	Сауат ашу негіздері	-дыбыс, буын, сөз ұғымдарын бекіту ұзын және қысқа сөздерге мысал келтіруге, дыбыстық талдау жасауға жаттықтыру; -сөздің сызбасын дұрыс тауып қоса білуге, сөйлем сызбасын сызу секілді дағдыларын бекіту; -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: дыбыс, буын, сөз, сөйлем сызбаларын ажыратады.
	Математика негіздері	-10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын бекіту. Есеп шығару, заттарды салмағы бойынша салыстыру біліктерін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу біліктілігін; логикаға арналған ойын тапсырмаларын орындау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту.

		Күтілетін нәтиже: 10 көлемінде тура және кері санау, геометриялық пішіндер мен денелер атауын біледі.
Қоршаған әлеммен таныстыру		-жобалық жұмыстар арқылы балалардың танымдық қызметін жандандыру. Олардың қабілеттері мен дағдысын бекіту; -тәжірибелік жұмыстарға деген қызығушылығын арттыру, бақылау нәтижелерін салыстырып, талдау және қорытынды жасау қабілетін дамыту; -зерттеушілік және экологиялық сана-сезімін жетілдіру. Күтілетін нәтиже: табиғатты аялаудың маңыздылығын; жоба жасай біледі; бақылау, эксперимент арқылы себеп-салдар байланысын анықтай алады.
Сурет салу		-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: күн тәртібін сақтаудың қажеттілігін, адам организмі дұрыс қалыптасып өсуі үшін жаттығу жасау керектігін түсінеді.
Мүсіндеу		-еңбек үрдісі арқылы бала қиялын жетілдіру; -қол-қимыл әрекеттерінің қозғалғыштығын, үйлесімділігін дамыту; -ұқыптылыққа, әсемдікке тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: мүсіндеу әдіс-тәсілдерін біледі.
Жапсыру		-жіңішке бөліктердің қиюдың жолдарын меңгерте отырып қию шеберліктерін шыңдау; -шығармашылық қабілеттерін дамыту, бірлесіп еңбек етуге, қарым-қатынас мәдениетіне тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: жапсыру жұмысында реттілікті сақтау қажеттігіне ие.
Құрастыру		-бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыру, олардың бөлшектерін берік орнату және шығармашылық ойлауды дамыту; -берілген тақырыпқа сурет, фотосуреттер бойынша құрылыс салу оны сөзбен сипаттау арқылы сөздік қорын дамыту. Өзі жасаған құрылысын талдау негізінде шешімдер табу, оларды құру кезеңдерін жоспарлау, еңбек нәтижесіне жете білуге тәрбиелеу. Күтілетін нәтиже: бірнеше бөліктен тұратын заттарды құрастыра алады.
Музыка		-музыкалық дыбысталуының сипаттамасына сүйене отырып, бейненің мазмұны мен музыкалық мәнерлілік элементтерімен байланыстыру; -сезіммен, ырғақтық бейнесін сақтай отырып, сөздерді анық және фразалар арасында дұрыс тыныс алып, музыкалық кіріспеден соң бірден бастап ән айту. Күтілетін нәтиже: музыка ырғағына ілесіп би қимылдарын ырғақпен жасайды, әндерді орындайды, опера, балет туралы түсініктерге ие.

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ЖЫЛДЫҚ/**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат.

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: денсаулық сақтау технологиясын қолданып, тәрбиеленушілердің негізгі қимыл түрлерін меңгеруі арқылы мәдени-гигиеналық дағдылар, қимыл-қозғалыс тәжірибесін қалыптастыру, дене сапаларын және қимыл белсенділігіне қажеттілікті дамыту.

Міндеттері:

балалардың денсаулығын сақтау және қорғау, физикалық үйлесімді дамыту;

спортқа деген қызығушылықты арттыру, салауатты өмір салты дағдыларын дамыту;

дене шынықтыруға баулу, дененің физикалық сапаларын: күш, жылдамдық, шыдамдылық, икемділікті дамыту;

дене шынықтырудың әртүрлі нысандарында шығармашылық, танымдық және сөйлеу қабілеттерін дамыту;

балалардың дене қалыптарының дұрыс дамуына, қимылдарының үйлесімді қалыптасуына, жалпақ табандылықтың алдын алуға медициналық-педагогикалық бақылау жүргізу және ұлттық қимылды ойындар өткізуге жағдайлар жасау.

Дене шынықтыру.

Негізгі қимылдар:

Жүру. Сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүру; аяқтың ұшымен, аяқтың ішкі және сыртқы қырымен жүру; тізені жоғары көтеріп жүру, заттардан бір қырымен аттап жүру; белгі бойынша басқа бағытқа бұрылып жүру, қолдың бастапқы қалыптарын өзгерте отырып, әртүрлі қарқында секіргіштен аттап жүру; ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, шашырап жүру; заттардың, кегльдердің арасымен, жіптерден аттап жүру; қосалқы қадаммен алға қарай жүру.

Тепе-теңдікті сақтау. Заттардан аттап жүру, шектелген жазықтықтың үстімен қосалқы қадаммен, аяқтың ұшымен жүру. Скамейканың үстіне қойылған текшелерден аттап жүру, арқан бойымен бір қырымен, қосалқы қадаммен (өкшені арқанға, аяқ ұшын еденге қою) жүру, әр қадам сайын допты алдынан немесе артынан қолдан-қолға ауыстыра отырып, кедір-бұдыр тақтай, гимнастикалық скамейка бойымен жүру; гимнастикалық скамейканың бойымен екі қадам қашықтықта орналасқан іші толтырылған доптардан аттап өту; қолдарынан ұстап, жұптарымен айналу.

Жүгіру. Шашырап, жұппен, қатармен бір-бірден, екеуден, үшеуден тізені жоғары көтеріп жүгіру; бір сызыққа қойылған заттардың арасымен, кедергілердің арасымен өту арқылы «жыланша» жүгіру, кедергілерден өту арқылы әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен 1,5–2 мин тоқтамай жүгіру; жүрумен алмастыра отырып, 100-120 метр арақашықтықта жүгіру; белгіленген жерге дейін жылдамдыққа (ұзындығы 20 м) жүгіру.

Еңбектеу, өрмелеу. Жүру мен жүгіруді алмастырып, заттардың арасымен «жыланша» төрттағандап еңбектеу, кедергілер арасынан еңбектеу; допты басымен итеріп, төрттағандап еңбектеу (арақашықтығы 3-4 м); гимнастикалық скамейка бойымен қолымен тартылып,

иықтары мен тізелеріне сүйене отырып, етпетімен өрмелеу. Бірнеше заттардан еңбектеп өту, әртүрлі тәсілдермен құрсаудың ішіне еңбектеп өту, гимнастикалық қабырғамен өрмелеу және бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып өрмелеу.

Секіру. бір орында тұрып, алға қарай 3–4 м қашықтыққа жылжу арқылы секіру, екі тізенің арасына қапшықты қысып алып, түзу бағытта (арақашықтығы 6 м) қос аяқпен секіру; қос аяқпен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м), оң және сол аяқты алмастырып, заттардың арасымен (арақашықтығы 3 м), бір орында тұрып биіктікке секіру (6-8 метр); бір аяқпен және қос аяқпен құрсаудан құрсауға секіру (арақашықтықтығы 40 сантиметр), алға айналдыра отырып, ұзын және қысқа секіргіштен секіру, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіру, тұрған орнында айналып секіру; биіктіктен секіру, 20 см дейінгі биіктіктікке секіру.

Лақтыру, қағып алу, домалату. Допты жоғары, жіптің үстінен лақтыру және екі қолымен, бір қолымен (оң және сол қолын алмастыру) қағып алу; допты бір қатарға қойылған заттардың арасымен домалату, допты қабырғаға лақтыру және екі қолымен қағып алу; 2–2,5 м арақашықтықтағы нысанаға құм салынған қапшықты, асықты лақтыру, допты екі қолымен бір-біріне (арақашықтығы 1,5–2 м) басынан асыра лақтыру, допты екі қолымен заттардың арасымен (арақашықтығы 4 м) жүргізу, допты лақтыру және алға қарай жылжып, екі қолымен қағып алу (арақашықтығы 4–5 м).

Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру. Сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі, үш қатармен қайта тұру.

Музыкалық-ырғақтық қимылдар. Таныс дене жаттығуларын музыка әуенімен әсем және ырғақты орындау. Қимылдардың ырғағын музыкалық сүйемелдеумен үйлестіру. Түзу бағытта адымдап жүру. Жұбымен шеңбер бойымен жүру.

Жалпы дамытушы жаттығулар.

Қол және иық белдеуіне арналған жаттығулар. Қолды кеуде тұсына қою, екі жаққа созу; қолды жоғары көтеру және екі жаққа созу, қолды желкеге қою. Саусақтарды айқастырып, алға-жоғары көтеру (қолды сыртқы жағымен ішке қарай бұру). Қолды кезек жоғары-артқа көтеру.

Кеудеге арналған жаттығулар. Допты жоғарыдан (алға және артқа) бір-біріне беру. Қолды алға көтеріп оңға, солға бұрылу. Гимнастикалық қабырғаға қарап тұрып, белінің тұсындағы тақтайшаны ұстап, алға еңкею. Алға еңкейіп, алақанын еденге тигізу. Қолдарын айқастырып желкеге қою, қолды жазып, екі жаққа созу. Алға қарай еңкейіп, алақанды еденге тигізу; артқы жағынан қолды айқастырып көтеру; қолды жоғары көтеріп, жан-жаққа бұрылу. Отырып алға қарай еңкею, тізерлеп тұрып алға еңкею.

Қолдың күшін жетілдіруге арналған жаттығулар. 3-5 метр қашықтықта екі қолын жерге қойып, жүру (бір бала екінші баланы аяғынан ұстайды).

Іштің бұлшық еттеріне арналған жаттығулар: екі бала жұптасып жасайды: бірінші бала қолын желкесіне қойып, шалқасынан жатып, денесін көтереді, екінші бала оның аяғына отырады (5-6 рет); гимнастикалық қабырғада қолдарымен тартылып тұрып, аяқтарын көтеру (5-6 рет).

Арқаға арналған жаттығулар: отырып алға, артқа еңкею (5–6 рет), стретчинг элементтері бар жаттығуларды орындау, қолдың көмегімен етпетінен жатып еңбектеу (3 метр), аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып, жартылай отырып-тұру (2-3 рет); қолды тізеге қойып отырып-тұру; аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.

Спорттық жаттығулар

Дене шынықтыру мен спортқа қызығушылықты ояту және дене шынықтырумен, спортпен айналысуға баулу. Спорт түрлеріментаныстыруды жалғастыру. Спорт залда және спорт алаңында қауіпсіздікті сақтауға баулу.

Шанамен сырғанау. Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау;

Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау;

Шаңғымен жүру. Бірінің артынан бірі ауыспалы қадаммен алға жылжу, оң және сол аяқтарымен сырғанау. Бір орнында тұрып оңға, солға бұрылу, айналу;

Велосипед, самокат тебу. Шеңбер бойымен және тура жолмен өз бетінше екі дөңгелекті велосипед тебу. Оңға және солға бұрылу.

Жүзу. Судың таяз жерінде отырып және жатып аяқпен қимылдар жасау (жоғары және төмен). Судың ішінде қолымен алға, артқа жүру (аяғы денесінің деңгейінде созылған). Иек, көз деңгейіне дейін судың ішінде отыру, суға бетін малу, суға үрлеу; суда жүзу.

Судағы аэробика. Бұрылыстар жасай отырып, суда қимылдар жасау.

Спорттық ойындар

Баскетбол элементтері. Кеуде тұсынан екі қолымен допты бір-біріне лақтыру. Допты оң және сол қолмен алып жүруге жаттықтыру.

Бадминтон. Воланды ракеткамен белгілі бір жаққа бағыттай отырып лақтыру.

Футбол элементтері. Берілген бағытқа допты оң және сол аяқпен тебу. Допты заттарды айналдыра жүргізу. Допты қақпаға тебу.

Допты бірнеше рет аяқпен қабырғаға тебу.

Хоккей элементтері. Берілген бағытта қақпаға хоккей таяқпен шайбаны сырғанату, оны қақпаға кіргізу.

Қимылды ойындар.

Ынта мен шығармашылық таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкіндік беру. Ұлттық қимылды ойындарды ойнату. Балаларды жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.

Дербес қимыл белсенділігі

Қимылды ойынның дамуына ықпал ететін әртүрлі құралдар мен спорттық жабдықтары бар ортаны құру. Балалардың құрдастарымен қимылды ойындарды өзбетінше ұйымдастыруына жағдай жасау, олардың жарыстар ұйымдастыруға деген белсенділігін қолдау.

Балалардың дербес қимыл белсенділігін ұйымдастыруда, меңгерген қимыл дағдыларын жетілдіру үшін серуен өткізілетін орынды жабдықтау, ойын алаңында балалардың жүруіне арналған кедергі жолдар жасау.

Қыс мезгілінде мұзды жолдармен сырғанауға, шаңғымен жүруге, хоккей ойындарына, шанамен сырғанауға, ал көктем, жаз мезгілдерінде велосипед тебуге, футбол, бадминтон, баскетбол ойындарына жағдай жасау.

Салауатты өмір салты туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру.

Адам ағзасы және оның қызметінің ерекшеліктері туралы түсініктерді кеңейту. Балалардың назарын ағзасы мен денсаулығының ерекшеліктеріне аудару. Салауатты өмір салтының маңызды компоненттері: дұрыс тамақтану, қимылдар, ұйқы және күн, ауа мен су және денсаулыққа зиян келтіретін факторлар туралы түсініктерді кеңейту.

Адамның денсаулығы дұрыс тамақтануға байланысты екені туралы түсініктерді жетілдіру. Адамның денсаулығына гигиена мен күн тәртібінің ықпалы туралы түсініктерді кеңейту. Науқасқа күтім жасау дағдыларын қалыптастыру: оған қамқорлық жасау, шуламау, оның өтініштері мен тапсырмаларын орындау. Науқастарға жанашырлық танытуға тәрбиелеу.

Өзінің көңіл-күйін сипаттай білуге үйрету. Балаларды дені сау адамның мүмкіндіктерімен таныстыру, олардың салауатты өмір салтына деген қажеттілігін қалыптастыру.

Мәдени-гигиеналық дағдыларды жетілдіру

Мәдениетті тамақтану және асхана құралдарын еркін қолдану дағдыларын жетілдіру.

Жеке гигиена ережелерін орындауда өзін-өзі бақылауды дамыту: дененің тазалығын бақылау, қол - аяқтарын жуу, тіс тазалау, тамақтанғаннан кейін ауызды шаю, қол орамалды пайдалану, белге дейін дымқыл шүберекпен сүртінуге. Осы шараларды жүргізудің және жеке гигиена заттарын пайдаланудың қажеттілігін түсіну.

Гигиеналық шараларды жүргізуде балалардың өзара көмегін қолдау.

Өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын жетілдіру.

Шамасы келетін еңбек тапсырмаларын, асханада кезекшілердің міндеттерін орындауға, түрлі балалар әрекеттеріне қажетті құралдарды дайындауға баулу.

Қоғамдық орындарда гигиена ережелерін сақтау дағдыларын қалыптастыру.

Сауықтыру-шынықтыру шаралары

Жергілікті шаралардың температурасын біртіндеп төмендете отырып, қарапайым су шараларын өз бетінше жүргізуге дағдыландыру, балалардың денсаулықтарын, шынықтыру құралдарының әсерлеріне бейімделу деңгейін ескеріп, қарама-қарсы температурадағы сумен шайыну, таңертеңгі жаттығуды орындауға қызығушылық тудыру, дене бітімін қалыптастыру және аяқтың өкшелерін нығайту.

Күтілетін нәтижелер:

- сапта бір-бірден, екеуден, үшеуден жүреді, заттардан бір қырымен аттап жүреді;
- ересектің белгісімен тоқтап, қозғалыс бағытын өзгертіп, заттардың арасымен, жіптерден аттап жүреді;
- жүруде тепе-теңдікті сақтайды;
- әртүрлі жылдамдықпен – баяу, жылдам, орташа қарқынмен тоқтамай жүгіреді;
- белгіленген жерге дейін жылдамдыққа жүгіреді;
- заттардың арасымен төрттағандап еңбектейді;
- әртүрлі тәсілдермен заттардан еңбектеп өтеді;
- бір гимнастикалық қабырғадан екіншісіне ауысып, өрмелейді;
- заттардың арасымен секіреді, оң және сол аяқты алмастыра отырып, арқаннан, сызықтан секіреді;
- тұрған орнында айналып секіреді;
- допты жоғары, жіптің үстінен лақтырып бір қолымен қағып алады;
- допты еденге бір қолмен ұрып, екі қолмен қағып алады;
- бір қатарға бір-бірден тұра алады, бір орында бұрылады;
- үш қатарға сап түзеп қайта тұра алады;
- музыкамен сүйемелденетін қимылды ойындарда музыкаға сәйкес әртүрлі қарқында қимылдар жасайды;
- қимылды ойындарды ұйымдастыруда бастамашылдық танытады, ойын ережелерін сақтайды;
- ұлттық қимылды ойындар, жарыс элементтері бар ойындар мен эстафеталық ойындарға белсенділікпен қатысады;
- қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруда белсенділік танытады;
- ойындарда физикалық қасиеттерді: жылдамдық, күш, шыдамдылық, икемділік, ептілік көрсетеді;
- төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанай алады;
- өз бетінше мұзды жолмен сырғанайды;
- шаңғымен оңға және солға бұрылады, айналады;
- екі дөңгелекті велосипед, самокат тебеді;
- суда жүзуге тырысады, әртүрлі ойындар ойнайды;
- спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік танытады;
- гигиеналық шараларды өз бетінше орындайды;
- шынықтыру шараларының маңызы мен қажеттілігін түсінеді;

- гигиеналық шараларды жүргізуде бір-біріне көмектеседі;
- өзіне – өзі қызмет көрсету және киіміне күтім жасау дағдыларын біледі;
- салауатты өмір салтының құндылығын түсінеді.

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1-2	Спортзал. Спортзалда ойнаймыз \ Денсаулықтың құпиялары.	-кеңістікте бағдарлай білу және күш секілді дене қабілеттерін дамыту; -спортқа деген қызығушылықтарын дамыту. -ептілік,шыдамдылық,төзімділік тәрізді дене қабілеттерін дамыту. -спортпен шұғылдану,салауатты өмір салтына,өз денсаулығын бағалай білуге баулу.	2	03.09.2025 ж.	01.09
3	Күлкі сыйла.	-бала ағзасын төзімді,мықты болуға шынықтыру,омыртқаның қисайып кету қаупінің алдын алу.	1	05.09	
4	Біз күшті және ержүректі.	-салауатты өмір салтын сақтауға баулу.	1	08.09	
5	Мен ойнағанды жақсы көремін.	-кеңістікті бағдарлай білу шеберліктерін дамыту,қозғаушы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	10.09	
6	Керуен (таза ауада)	-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.	1	12.09	
7	Бадминтон, футбол.	-спорттық іс-әрекеттерге деген қызығушылығы мен олардың денсаулық үшін маңыздылығын саналы түсіну, ұйымдасқандық,мақсаттарына жете білу қасиеттерін қалыптастыру.	1	15.09	
8	Күзгі орманда.	-қозғалыс мәнерлігін,ырғақтылығын дамыту; азаматтық және экологиялық мәдениеттіліктерін қалыптастыруға мүмкіндік жасау.	1	17.09	
9	Ұлттық ойындар (таза ауада)	-ұлттық ойындарға деген қызығушылықтарын арттыру,коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту.	1	19.09	
10	Қалай спортшы болуға болады?	-ептілік,өз-өзін бақылай алу дағдыларын дамыту;спортқа деген ынталарын,салауатты өмір сүруге жақсы әдеттерін тәрбиелеу.	1	22.09	
11	Менің сүйікті жануарларым.	-экологиялық мәдениетке,ұйымшылдыққа,психологиялық жайсыздық тудыратын мінез-құлықтарын тәрбиелеу.	1	24.09	
12	Дене қабілеттерін	-денені дұрыс ұстау дағдыларын бекіту. Допты оң, сол	1	26.09	

	дамыту.	қолымен жерге соғуға жаттықтыру.			
13	Доппен ойнап, көңіліңді көтер!	-допты асыра лақтыру, кедергілерден еңбектеп өту жаттығулары кеңістік пен ондағы заттарды бағдарлай білу дағдыларын дамыту.	1	29.09	

2025 - 2026 оқу жылына арналған

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ҚАЗАН АЙЫ/

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
14	Біз әртүрліміз.	-кедергілер арасымен еңбектеп өту жүрісімен жүруге, бір-бірінің артынан еңбектеп жүруге, шеңбер бойында қол ұстасып, шашырап және тоқтамай жүгіруге жаттықтыру. Биіктігі 20 см кедергілерден секіріп өту	1	01.10	
15	Зейінді боламыз.	-денені дұрыс ұстай білу дағдысын қалыптастыру. Түрлі тапсырмаларды орындау арқылы жүру және жүгіру жаттығуларын қайталау. Доппен жаттығулар жасау	1	03.10	
16	Бірінші бол!	-бір сызық бойына қойылған заттар арасында оң және сол аяқпен секіру. Сапқа тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру	1	06.10	
17	Командалық эстафеталар(таза ауада)	-гимнастикалық орындық үстінде тепе-теңдікті сақтап жүруге үйрету. Допты жоғары лақтырып, екі қолмен қағып алуға жаттықтыру. Доппен жасалатын тепе – теңдік сақтау және секіру жаттығулары	1	08.10	
18	Ерекше сабақтар.	-гимнастикалық орындық үстінде қолды иық пен белге, желке мен басына қойып, жан-жаққа созып, тепе-теңдік сақтап жүруді; кеглилердің арасымен допты басымен итере алға еңбектеуді үйрету.	1	10.10	
19	Акробат болғым келеді.	-заттар арасымен аттап өту жаттығуларын қайталау. Гимнастикалық орындықтың астымен өтуді үйрету.	1	13.10	
20	Ақылдылар.	-допты алып жүру (қашықтық 5 м)жаттығуымен таныстыру. Құрсаудың жоғарғы жиегіне жанаспай, қолдағы доппен құрсау ішіне кіруге жаттықтыру. -гимнастикалық орындық үстінде аяқтың ұшымен жүріп өту жаттығуын жасауға бейімдеу. Кішкене допты бір және екі қолымен алысқа лақтыруды, көлбеу қойылған тақтай үстімен қолды жан-жаққа соза тура жүруді үйрету.	1	15.10	
21-22	Бізбен бірге және бізден артық орында.	-балаларға үздіксіз баяу жүгіру, сапта тұрып, допты асыра лақтыру жаттығулары дұрыс жасауды үйрету. Секіру және жүгіру жаттығулары қайталату.	2	17.10 20.10	
23-24	Біз – болашақ әскерміз! Біздің стадион	-заттар арасында кезектестіріп, оң және сол аяқпен секіру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру.	2	22.10 24.10	

		-қапшықты төбеге қойып, гимнастикалық орындық үстімен жүріп өтуге тәрбиелеу.			
--	--	--	--	--	--

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҮІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Менің отбасым.	-кедергілер арқылы жүгіруге жаттықтыру.Доппен жасалатын секіру, жүгіру жаттығулары дұрыс жасай алуға дағдыландыру. -еңкіш тақтай үстінде жүруге жаттықтыра тәрбиелеу. Кілем үстінен секіріп өту. Тізерлеп тұрып, допты екі қолмен бастан асыра бір – біріне лақтыру жаттығуларын жасай алуға жаттықтыру. -балаларға жүгіру және секіру жаттығулары алмастыра орындай алуға жаттықтыру. Қар кесегін алысқа лақтыру жаттығулары.	1	03.11	
28	Тәуелсіздігіміз мәңгілік. (Әлия Дәулеткелдінің әңгімесі)	-сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға үйрету; -шешендік сөз өнеріне баулу; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	1	12.10	
29	Жыл басына таласқан жануарлар. (қазақ халық ертегісі)	-жануарлар туралы білімін кеңейту; -ертегі сюжетін рөлге бөліп мазмұндауға үйрету; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	17.12	
30	Торғайлар қуанышы. (Мұбарак Жаманбалиновтың өлеңі)	-торғайлар туралы түсінігін кеңейту; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -табиғатты қорғауға тәрбиелеу.	1	19.12	
31	Орман емшілері. (Максим Зверевтің әңгімесі)	-әңгіменің мазмұнын ойдан құрастыруға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	24.12	
32	Жаңа жыл келді. (Сағи Жиенбаевтың өлеңі)	-өлеңнің эмоциялық-бейнелік мазмұнын қабылдауға жетелеу; -көркем сөзге қызығушылығын жетілдіру; -татулықта, бірлікте өмір сүруге тәрбиелеу.	1	26.12	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
33	Бірлік. (Ермек Өтетілеуұлының әңгімесі)	-кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге жетелеу; -сөздік қорын байыту; -достыққа, бір-бірін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	09.01.2025 ж.	
34	Қоянның үйшігі.(орыс ертегісі)	-ертегінің аяғын құрастыруға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -кейіпкерге жанашырлығын танытуға тәрбиелеу.	1	14.01	
35	Бексұлтанның айға саяхаты. (суретті әңгіме)	-сурет бойынша әңгіме құрауға жетелеу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -қоршаған ортаны тани білуге тәрбиелеу.	1	16.01	
36	Алтын балта.(орыс халық ертегісі)	-кейіпкердің іс-әрекетіне өз пікірін айта білуге үйрету;- сөздік қорын жетілдіру; -әділдікке, адамгершілікке тәрбиелеу.	1	21.01	
37	Бір уыс мақта. (Ыбырай Алтынсариннің әңгімесі)	-қоршаған орта туралы түсінігін кеңейту; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -үлкеннің ақылын тыңдай білуге тәрбиелеу.	1	23.01	
38	Жақсы мен жаман. (Рақым Тышқанбаевтың өлеңі)	-жақсы мен жаман туралы түсінігін қалыптастыру; -бір-біріне жақсы тілектер айтуға жетелеу; -жақсылық жасауға тәрбиелеу.	1	28.01	
39	Мысық, әтеш және түлкі.(орыс халық ертегісі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -бауырмалдыққа, бір-біріне көмектесуге тәрбиелеу.	1	30.01	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / АҚПАН АЙЫ/**

Р/с №	ҮІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
40	Автобуста.(Әбді Шынбатыровтың әңгімесі)	-әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -әдептілік, мәдениеттілік туралы білімін кеңейту; -үлкендерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	04.02	
41	Қайтпай қалған қарлығаш. (Тайжан Тойбазарұлының әңгімесі)	-шығармадағы әрекеттердің дамуын қадағалауға баулу; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -құстарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.	1	06.02	
42	Кітап-білім бұлағы. (Жеңіс Қашқыновтың өлеңі)	-кітап туралы түсінігін кеңейту; -көркем сөзге қызығушылығын ояту; -кітапты ұқыпты ұстауға тәрбиелеу.	1	18.02	
43	Бір атаның ұрпағы. (Нәсіреддин Сералиевтің әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын дұрыс қабылдауға үйрету; -әңгімені мазмұндап айтуға дағдыландыру; -табиғат сұлулығын сезінуге тәрбиелеу.	1	20.02	
44	Алдаркөсе мен Шықбермес Шығайбай.(қазақ халық ертегісі)	-алдаркөсе туралы түсінігін кеңейту; -таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға үйрету; -жағымды мінез-құлық қалыптастыру.	1	25.02	
45	Өс, ұлан!(Өтебай Тұрманжановтың өлеңі)	-қысқа өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға баулу; -денсаулық туралы ұғымын кеңейту; -денсаулығын сақтауға тәрбиелеу.	1	27.02	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
46	Әже(Әбубәкір Қайранның өлеңі)	-өлеңді мәнерлеп жатқа айтуға үйрету; -тілдік ойлау қабілетін дамыту; -отбасын құрметтеуге тәрбиелеу.	1	04.03	
47	Құттықтаймын,анашым! (Несіпбек Айтөвтың өлеңі)	-сұрақтарға түсініп жауап беруге үйрету; -мерекелік көңіл күйді сезіндіру; -анасына сүйіспеншілігін тәрбиелеу.	1	06.03	
48	Көктем. (Төлеген Айбергеновтің өлеңі)	-көктем мезгілі туралы түсінігін кеңейту; -табиғат өзгерістерін сезіне білуге баулу; -табиғатты қастерлеп, қорғауға тәрбиелеу.	1	11.03	
49	Наурызым (Қастек Баянбайдың өлеңі)	-салт-дәстүр туралы түсінігін кеңейту; -ұлттық дәстүрге қызығушылығын дамыту; -ұлттық мәдениетті құрметтеуге тәрбиелеу.	1	13.03	
50	Наурызкөже. (С.Нұғыманның әңгімесі)	-қазақтың ұлттық тағамдары туралы білімін кеңейту; -сюжет желісінің реттілігін сақтап айтуға дағдыландыру; -ұлттық салт-дәстүрді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	18.03	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / СӘУІР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
51	Таңғажайып табиғат. (интеллектуалдық ойын)	-табиғат сұлулығы туралы түсінігін; -тапқырлыққа, жылдамдыққа баулу; -табиғатты аялай білуге тәрбиелеу.	1	01.04	
52	Үш қыз .(татар халық ертегісі)	-ертегіні интонациямен мазмұндауға үйрету; -сөздік қорын байыту; -ата-анасына қамқор болуға тәрбиелеу.	1	03.04	
53	Көктемнің сәні.(ертегі)	-таныс кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -сурет бойынша ертегі құрастыруға жетелеу; -табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	08.04	
54	Тышқан,ит және мысық.(ертегі)	-кейіпкерлерге жанашырлық танытуға жетелеу; -өз ойын жеткізіп айта білуге баулу; -жануарларға қамқорлық танытуға тәрбиелеу.	1	10.04	
55	Тазалық пен ұқыптылық. (Ермек Өтетілеуұлының өлеңі)	-тазалық, ұқыптылық туралы түсінігін кеңейту; -сұрақтарға толық жауап беруге жетелеу; -өзін-өзі күте білуге тәрбиелеу.	1	15.04	
56	Мен ғарышкер боламын. (Жақан Сақовтың өлеңі)	-ғарыш туралы түсінігін кеңейту; -өлеңді логикалық екпінді қолданып жаттауға баулу; -өзін бағалай білуге тәрбиелеу.	1	17.04	
57	Көкек(немец халық ертегісі)	-сурет бойынша ертегі құрауына мүмкіндік беру; -тіл байлығын дамыту; -құстарға қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.	1	22.04	
58	Киіз үй. (Қастек Баянбаевдың өлеңі)	-киіз үй туралы түсінігін кеңейту; -көркем сөзге қызығушылығын арттыру; -халқымыздың салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	24.04	
59	Ақкөжектің достары. (Ботан Қошымовтың ертегісі)	-кейіпкердің әрекетіне өз пікірін білдіруге баулу; -кейіпкердің бейнесін сомдауға ынталандыру; -достарын құрметтей білуге тәрбиелеу.	1	29.04	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТ / МАМЫР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
60-61	Қараторғайдың ұясы. (Айсұлу Еламанованың ертегісі)\ Маша мен аю.(орыс халақ ертегісі)	-сюжет желісін сақтап мазмұндауға үйрету; -әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -табиғатқа, құстарға қамқор болуға тәрбиелеу.	2	06.05	01.05
62	Достық мерекесі. (Серікбай Оспановтың өлеңі)	-бейнелеу үшін мәнерлілік құралдарын қолдануға ынталандыру; -байланыстырып сөйлеу дағдысын жетілдіру; -табиғатты қорғай білуге тәрбиелеу.	1	08.05	
63	Жеңіс күні. (Қайрат Жұмағалиевтің өлеңі)	-әдеби шығармадағы қоғамдық өмір оқиғалары туралы түсінік беру; -өлеңді жатқа айтуға ынталандыру; -елін, жерін сүйуге, қорғауға тәрбиелеу	1	13.05	
64	Алтын бала. (Серікбай Тұрдалиевтің әңгімесі)	-әңгіме мазмұнын айтып беруге жетелеу; -әңгіменің басын, соңын ойдан құрастыруға баулу; -адамгершілікке тәрбиелеу.	1	15.05	
65	Ақылды Мұрат. (Анар Қожабекованың әңгімесі)	-әдеби шығарманы мұқият тыңдауға дағдыландыру; -сюжет желісін сақтап айтуға үйрету; -сыпайылыққа, кішіпейілділікке тәрбиелеу.	1	20.05	
66	Мектеп керек адамға. (Қымбат Әбілдақызының өлеңі)	-өлең мазмұнын есте сақтауға дағдыландыру; -өз ойын айта білуге үйрету; -елінің адал азаматы болуға тәрбиелеу.	1	22.05	
67	Бала – біздің болашақ. (Қасым Аманжоловтың өлеңі)	-сурет бойынша әңгіме құрап айтуын дамыту; -сұрақтарға жауап беруге үйрету; -елімізге лайық азамат болып өсуге тәрбиелеу.	1	27.05	
68	Ертегілер еліне саяхат.	-сахналық қойылымдарға қатысуға ынталандыру; -сөздік қорын байытуды жалғастыру; -аңғарымпаздыққа, сақтыққа тәрбиелеу.	1	29.05	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2024 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің түрлі іс-әрекетінде Қазақстан халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі байланыстырып сөйлеуді, сөйлеудің дыбыстық мәдениетін дамыту, сауат ашудың алғышарттарын қалыптастыру.

Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;

коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;

түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;

балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;

балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;

әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Тілдік дамытушы орта.

Ауызекі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен, киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал жабдықтары, туған өлкенің көрнекі жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.

Балалардың қоршаған ортаға өзінің қарым-қатынасын білдіруге, ауызекі сөйлеуде мақал-мәтелдерді, көркем сөздерді қолдануына қолдау көрсету, ынталандыру.

Сөйлеудің дыбыстық мәдениеті.

Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, қазақ тіліне тән ә, ө, қ, ү, ұ, і, ғ, ң, һ дыбыстарын, осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айтуға дағдыландыру. Фонематикалық естуді дамыту, сөздегі дыбыстардың орнын анықтау (басы, ортасы, соңы).

Сөздік қор.

Қазақ халқы қолөнер шеберлерімен жасалған киіз үйдің заттарын және тұрмыстық заттарды білдіретін (кереге, уық, шаңырақ, ағаш керует, кебеже, сандық, кілем, сырмақ, алаша, ши, бау, басқұр, арқан, жіп), азық-түлік атауларын (бидай, күріш, арпа, жүгері, талқан, тары, жент, құрт, сүзбе, шұбат, қымыз, айран), аңшылық кәсіпті (аң, аңшы, орманшы, қорықшы), мал өсіруге байланысты (қора, жайлау,

қыстау, жем, астау, соғым, сыбаға), егіншілік кәсіпке байланысты (дән, тұқым, суару, отау, ору, диірмен, орақ, кетпен, шалғы, айыр, күрек, тырма, соқа) сөздермен толықтыру.

Туыстық қарым-қатынасты ("бауыр", "немере", "шөбере", "ағайын", "туысқан", "жеті ата") білдіретін сөздерді үйрету. Өзінің бауырлары, туыстары, ағайындары, татулық, жақындық, отбасылық мерекелер, салт-дәстүрлер туралы айтуға баулу.

Шағын өлеңдер, санамақтар, жаңылтпаштар, тақпақтар жаттату, жұмбақтар шешкізу. Балаларды шешендік өнерге, айтыс өнеріне баулу.

Тілдің грамматикалық құрылымы

Сөздерді жіктеп, тәуелдеп, септеп қолдана білуді, интонациясы бойынша сөйлемдерді (хабарлы, сұраулы, лепті) ажыратып, сөйлегенде қолдана білуді жетілдіру. Өз ойын жайылма сөйлемдермен жеткізуге мүмкіндік беру.

Байланыстырып сөйлеу.

Өз бетінше қарым-қатынас жасауға, әңгімелесуге, әңгімелесушінің сөзін мұқият тыңдауға, сұрақтарды дұрыс қоюға, оған қысқа және толық нақты жауап беруге баулу.

Таныс немесе бейтаныс ертегілер мен шағын көркем шығармалардың мазмұнын иллюстрациялар бойынша қайталап айтуға, тыңдалған көркем шығарма мазмұнын ретімен жүйелі түрде жеткізуге, кейіпкерлердің диалогын мәнерлі интонациямен беруге, шығарманы рөлдерге бөліп сомдауға, кейіпкерлердің мінез-құлқын жеткізуге баулу, шығарманы еркін талқылауға мүмкіндік беру.

Балалардың түрлі әрекеттерінде бір-бірімен еркін диалог құруға мүмкіндік беру, өзінің тәжірибесіне сүйеніп, суреттер бойынша әңгіме құрастыруға, ойыншықтар мен заттарды 5-6 сөйлеммен сипаттауға, берілген сурет бойынша оған дейінгі және одан кейінгі оқиғаны ойлап табуға баулу. Заттар мен ойыншықтар, сюжетті суреттерді зат, сын, сан есімдерді қолдана отырып, сипаттауда сөздерді дәл және дұрыс қолдануға, берілген мәтіннің басталуын және соңын ойдан құрастыруға баулу.

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1-2	Менің мектебім\ Балабақша бөлмелері мен сынып бөлмесімен салыстыру.	-мектеп туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, диалогке қатысуға үйрету. -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; -білімпаздыққа тәрбиелеу. -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру; -тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.	2	04.09.2025 ж.	01.09
3	Біздің сынып	-не? нелер? сұрақтарына дұрыс жауап беруге жаттықтыру, жаңылтпаш жаттау. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -игерген сөздерін қолданып, шағын мәтіндер құрауға дағдыландыру.	1	08.09	
4	Біз балабақшада не істейміз? Мектепте не істейміз?	-сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету, шағын мәтіндер құрау үйрету; -сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	1	11.09	

5	Мектеп қызметкерлері	-мектептегі қызметкерлерінің атын білу, қарапайым сұрақтар қою және оларға жай сөйлеммен жауап беруге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	15.09	
6	Алтын күз	-күз мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету. Қазақ тілінде сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету. -қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	18.09	
7	Көгөністер	-тапқақты жаттау, көгөністердің қазақша атауларын дұрыс айтып, диалог құруға үйрету, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. 2-3 сөйлем мен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; -сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру, сөздік қорларын дамыту.	1	22.09	
8	Жемістер	-жаңылтпашты жылдам әрі жатқа айта білуге үйрету; -диалогке қатысуға үйрету; -сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауға дағдыландыру, сөздік қорларын байыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	25.09	
9	Жидектер	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -сөздерді байланыстырып, сөйлемдер құрауды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Сұраққа толық жауап бере алу дағдыларын және артикуляциялық аппаратты дамыту.	1	29.09	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚАЗАҚ ТІЛІ / ҚАЗАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
10	Ойнайық та ойлайық	-меңгерген сөздерді ауызекі сөйлеу тілінде қолдануға талпындыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; -бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1	02.10	
11	Неше? Санау	-санамақтар жаттау, тура және кері санау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрауды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Дикцияны, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.	1	06.10	
12	Апта күндері	-апта күндерінің қазақша атауын дұрыс айту, есте сақтауға үйрету; -жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, сөздік қорларын дамыту. артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту.	1	09.10	
13	Менің отбасым	-отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, тақпақ, мақал-мәтел жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді	1	13.10	

		дамыту. Тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.			
14	Ғажайып алаң	-отбасы мүшелерінің атын қазақша айтуға, сөз тіркестерін дұрыс қолдануға үйрету, диалогке қатысуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, байланыстырып сөйлеуді дамыту.	1	16.10	
15	Мен және менің достарым	-қазақ тіліндегі сөздері дұрыс айтуға және оларды қолдана білуге үйрету, достық туралы түсініктерін кеңейту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру, сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.	1	20.10	
16	Мамандықтың бәрі жақсы	-мамандықтардың ерекшелігін түсіндіріп, байланыстырып сөйлеуге, жаңылтпаштар айтуға үйрету; -қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.	1	23.10	

2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / ҚАРАША АЙЫ/

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17	Жақсы өнеге	-сыпайылықты білдіретін сөздермен сөздік қорларын толықтыру, оларды күнделікті өмірде қолдана білуге дағдыландыру; -қарапайым сұрақтарға жай сөйлем мен жауап беру, артикуляциялық моторикасын жаттықтыру, сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	03.11	
18	Менің пәтерім (үйім)	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Неше? нешінші? сұрақтарына жауап беруге жаттықтыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты дамыту.	1	06.11	
19	Менің бөлmem	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ретін сақтай отырып сөйлем құрауға жаттығуды жалғастыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -сөйлеу кезіндегі тыныс алуды және дикцияны дамыту; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	10.11	
20	Менің Отаным	-педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру. Отан туралы тақпақ үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету;	1	13.11	

		-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру.; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.			
21	Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Ту	-Мемлекеттік Туды сипаттай білуге үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.	1	17.11	
22	Мемлекттік рәміздер. Мемлекеттік Елтаңба	-Мемлекеттік Елтаңбаны сипаттай білу үйрету, тақпақты жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.	1	20.11	
23	Еліміздің астанасы – Нұр-Сұлтан	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, тақпақ жаттау. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларың қалыптастыру; -сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрастыруды дағдыландыру. Қандай? сұрағына жауап беру дағдысын дамыту.	1	24.11	
24	«Мың бір мақал, жүз бір жұмбақ, жаңылтпаш» ойыны	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, мақал-мәтел, жұмбақ жаттау дағдыларын қалыптастыру; -қазақ тіліндегі сөздерді дұрыс айта білу және оларды қолдана білу дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.	1	27.11	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Әсем қала – Алматы	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, жаңа сөздерді дұрыс айтуға жаттықтыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.	1	01.12	
26	Қыс қызығы	-қыс мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айтуға үйрету, тақпақ, жаңылтпаш жаттауға және диалогке қатысуға үйрету; -жаңа сөздерде қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, қоршаған орта жайлы ұғымдарды қалыптастыру барысында сөздік қорды байыту және дамыту.	1	04.12	
27	«Қолғап» ертегісі	-сөз тіркестерін, сөйлемдер құрауға, сұрақтарға толық жауап беруге үйрету, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды үйрету. -есте сақтау қабілеттерін, балалардың байланыстырып, мәнерлеп сөйлеуін дамыту, сөздік қорларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	08.12	
28	«Саяхатшы» ертегісі	-сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу, өз ойларын дұрыс жеткізе білу дағдыларын және сөйлеу мәдениетін дамыту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын, ертегі кейіпкерлерінің сөздерін	1	11.12	

		мәнерлеп, дауыс ырғағын келтіріп айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.			
29	Жаңа Жыл құтты болсын!	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру.	1	15.12	
30	Қысқы орманға саяхат	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру. Сөздерді байланыстырып сөйлеуге дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамытуды жалғастыру.	1	18.12	
31	Менің киімдерім	-сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Киімдерін меншіктеп айта алуға үйрету; -киімдерді жекеше және көпше түрде айта алуға үйрету. -сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын дамыту.Артикуляциялық аппаратты дамыту.	1	22.12	
32	Қысқы киім	-2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Тақпақ жаттау үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, игерген сөздерін қолданып, сөйлем құру дағдыларын дамыту.	1	25.12	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
33	Ұлттық киім	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Жай сөйлемдер құра білу дағдыларын қалыптастыру. -зейін қойып тыңдау, көру, таныс сөздерді таба білу секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	08.01.2026 ж.	
34	Дене мүшелерінің атқаратын қызметі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақты жатқа айтуға дағдыландыру. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру; жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға машықтандыру, тіл мәдениетін дамыту.	1	12.01	
35	Тазалықты сүйеміз	-тазалыққа байланысты сөздердің қазақша атауларын және осы сөздерді қатыстырып, сөйлем құрауға үйрету. Тақпақты жаттау жолдарын үйретіп, жатқа айта білу дағдыларын жетілдіру; жаңа сөздердегі қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	15.01	
36	Таңертең не істейміз?	-өз іс-әрекеттерін айта алуға үйрету. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Шағын мәтіндер құрауға жаттықтыру; -сөздегі қазақ тіліне тән дыбыстарды ойын	1	19.01	

		жаттығуларында дұрыс айтуға дағдыландыру.			
37	Ұлттық ыдыстар	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; -жаңылтпашты жатқа және жылдам айта білуге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.Қарапайым сұрақтар қоюды және оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру.	1	22.01	
38	Ыдыс- аяқ дүкені	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді сөз тіркесімен айтуға дағдыландыру. 2-3 сөйлеммен затты сипаттай білу дағдыларын дамыту; -диалог құрып сөйлеуге дағдыландыру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтып, анықтай білуге жаттықтыру.	1	26.01	
39	Азық-түлік	-сөздік қорларын тағам атауларымен молайту. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру; -ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	29.01	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚАЗАҚ ТІЛІ / АҚПАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
40	Асханада	-тақпақты зейін қойып тыңдауға, оның ішінен таныс сөздерді табуға жаттықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -ойлау, елестету қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, сөйлеу кезінде тыныс алуды және таза дикцияны дамыту, сұрақтарға жауап беру дағдыларын жетілдіру.	1	02.02	
41	Әжемнің базарлығы	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру; қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс, анық айтуға жаттықтыру.	1	05.02	
42	Нан қайдан келеді?	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; Тақпақты тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білу дағдыларын дамыту.; -ойлау қабілеттерін, артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды(і дыбысы) дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	16.02	

43	Үй жануарлары	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, үй жануарлары мен төлдерін топтай алуға жаттықтыру, мәтінді мұқият тыңдап, оның ішінен таныс сөздерді таба білуге жаттықтыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -ойлау қабілеттерін дамыту, сөздегі қазақ тіліне тән «ұ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.	1	19.02	
44	«Екі лақ» ертегісі	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді байланыстырып сөйлемдер құрай білу дағдыларын жетілдіру, әрбір сөзді анық айтып, өз ойларын дұрыс жеткізе білуге үйрету. -сөздік қорларын дамыту. Сөздердегі қазақ тіліне тән «қ» дыбысын дұрыс айтуға дағдыландыру. Артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және таза дикцияны дамыту.	1	23.02	
45	Аулада	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрауға жаттықтыру. Үй жануарлары туралы алған білімдерін, яғни жаңа сөздерді бекіту. -ойлау, зейін қойып тыңдау секілді қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Есту және мәтіннен таныс сөздерді таба білу қабілеттерін дамыту.	1	26.02	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
46	Жабайы жануарлар	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақ қойып, оларға жай сөйлеммен жауап беруді дағдыландыру. -жаңылтпаш, ойындар арқылы тіл байлықтарын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Тілдік және артикуляциялық аппаратты, тыныс алуды және дикцияны дамыту.	1	02.03	
47	«Қазақстан барысы» ертегісі	-ертегі арқылы сынын, қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру; -сөздік қорларындағы сөздерді белсенді қолдана білуге жаттықтыру, қарапайым сұрақтарға жай сөйлеммен жауап беру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	05.03	
48-49	Көңілді тапқырлар клубы (КТК)\ Көктем	- өткен тақырыптар бойынша сөздерді қайталау, білімдерін бекіту, меңгерген сөздерін ауызекі тілде қолдана білуге жаттықтыру; -ойлау қабілеттерін дамыту, сұраққа толық жауап беруге машықтандыру;	2	12.03	09.03

		-бірлесе жұмыс істеуге тәрбиелеу. - көктем мезгіліне байланысты сөздерді қазақша айтуға үйрету. -жыл мезгілінің ерекшеліктерін қазақша айта алу, суреттер туралы шағын мәтіндер құрастыруды дағдыландыру. Қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -сөздерді сөз тіркесімен айтуға, сөйлем құрауға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру; -табиғаттың әдемілігін көре білуге тәрбиелеу.			
50	Көктемгі еңбек	-көктемгі еңбек түрлерін қазақша айта алу. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. - сөйлем құруда сөздерді ретімен қолдануға жаттықтыру, «Ө» дыбысын дұрыс айтуға жаттықтыру, артикуляциялық аппаратты дамыту.	1	16.03	
51	Көктем келді, құс келді.	-жыл құстарды танып дұрыс атау, жаңылтпаштарды айтуға үйрету. Қимылын білдіретін сөздердің мағынасын түсіну және ауызекі тілде қолдануды дағдыландыру. Зат есімдерді жекеше және көпше түрде қолдану дағдыларын қалыптастыру; - «Ұ» дыбысын дұрыс айтып, ажыратуға жаттықтыруды жалғастыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды дамыту.	1	30.03	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / СӘУІР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
52	Армысың, әз Наурыз!	-сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, өткенді еске түсіру. Сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	02.04	
53	Ертегі әлемі	-зейін қойып тыңдауға, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету; -кейіпкер бейнесін көрсетуге ынталандыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	06.04	
54	Қандай түстер?	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Балаларға сөйлем құратуда сын есімдерді пайдалануға үйрету: түсін сипаттай білуді меңгерту.Қандай? сұрағына жауап беруге үйрету; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ауызекі сөйлеу тілдерін жетілдіру.	1	09.04	
55	Біз мектепке барамыз	-сөздерді дұрыс айтуға машықтандыру. Сөздерді сөйлемдерде байланыстырып құрастыруды	1	13.04	

		дағдыландыру. Жаңылтпашты шапшаң және сөздерін анық айтуға үйрету; -сөздерді саналы түрде есте сақтап, күнделікті өмірде қолдану дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.			
56	Мектепке не апарамыз?	-оқу құралдарын дұрыс атап, есте сақтау үйрету. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -жаңылтпашты қайталау, дұрыс айтуға дамыту. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажыратуға жаттықтыру.	1	16.04	
57	Оқушыға не керек?	-сөздерді саналы түрде есте сақтауға және дұрыс айтуға тілдерін жаттықтыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету; -сөздерді байланыстырып сөйлеуді, 2-3 сөзден сөйлем құруға жаттықтыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	20.04	
58	Дыбыстар әлемі	-сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ тіліне тән дыбыстарды ажырата алу дағдыларын нығайту. -есту, тілдік және артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту.	1	23.04	
59	Не? Кім? Қайда?	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Сұрақ қоюға және сұраққа толық сөйлеммен жауап беруге жаттықтыру; -ойлау, ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру.	1	27.04	
60	Жайлауда	- тақырып бойынша жаңа сөздермен тіл байлығын жетілдіру, жайлау туралы түсінік беру, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Тақпақ жаттау үйрету. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру;	1	30.04	

		-сөздерді біріктіріп сөйлем құрау қабілеттерін дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. Артикуляциялық аппаратты, яғни сөзді анық, дұрыс айта білу дағдыларын дамыту; -туған жердің табиғатының сұлулығын көре білуге тәрбиелеу.			
--	--	---	--	--	--

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
КАЗАҚ ТІЛІ / МАМЫР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
61-62	Киіз үй\ Әжемнің оюлары	-киіз үйі оның ішіндегі кейбір заттар туралы сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. -сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру, ұлттық салт-дәстүрлерге байланысты сөздерді айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру. Сурет туралы педагогтің үлгісі бойынша шағын мәтін құрастыруды дағдыландыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру, тілдік және артикуляциялық аппаратты дамыту.	2	04.05	07.05
63-64	Қазақстан – ортақ үйіміз\ Көлік.	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету.Мақал-мәтелдерді айтуға үйрету; -сөйлеу мәдениетін жетілдіру, сөздерді сөйлемдерге байланыстырып құрауға дағдыландыру. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. -көліктердің қазақша атауларымен таныстыру.	2	14.05	11.05

		қоршаған ортадағы заттардың атауларын айту және түсіну дағдыларын қалыптастыру.. Сөздерді бір-бірімен байланыстырып, сөйлем құрай білу дағдыларын жетілдіру. Жаңылтпаштарды айтуға үйрету. -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту. -білуге деген ынталарын арттыру.			
65	Алақай, жаз келді!	-жаз айларын қазақша айта білу, қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. -табиғатты сүйуге, аялауға тәрбиелеу.	1	18.05	
66	Жаз қызығы.	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. -сұрақтарға саналы түрде жауап беру дағдыларын дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. -әр жыл мезгілінің өз қызығы барын сезе білуге тәрбиелеу.	1	21.05	
67	Ерте, ерте, ертеде...	-сөздер мен сөйлемдерді түсінуді және қолдануды үйрету. Қазақ ертегілерінің кейіпкерлерін танып, білуге үйрету, халық ауыз әдебиеті арқылы тілдерін жетілдіру. -байқампаздық, салыстыру, жақсы қасиеттерді түсініп, өз ойларын айтуды дамыту. Қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айтуға жаттықтыру. -қазақ ертегілеріндегі жағымды кейіпкерлерден үлгі алуға тәрбиелеу.	1	25.05	
68	Мен не білемін және не істей аламын?	-қазақ тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді түсініп және күнделікті өмірде қолдана білуге үйрету. Ауызекі сөйлеу белсенділігін арттыру; -қазақ тіліне тән дыбыстарды дұрыс айту, ажырата білу дағдысын дамыту.	1	28.05	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

Апталық жүктеме 3 сағат, жылдық жүктеме 102 сағат.

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.3 бөлім

Сауат ашу негіздері бойынша ұйымдастырылған іс-әрекетінің мақсаты:

Балаларға әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.

Сөйлем туралы бастапқы түсініктерін қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіндіру. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.

Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы бояу.

Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелердің тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.

Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылды орындап, сызықтарды үзбей салуға үйрету.

Міндеттері:

ересектермен және балалармен еркін қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру;
коммуникативтік дағдыларды дамыту: әңгімелесушіні тыңдауға, диалог жүргізуге, өз пікірін айтуға үйрету;
түрлі балалар әрекетінде қазақ халқының мәдениетімен, салт-дәстүрлерімен таныстыру арқылы ауызекі сөйлеуді дамыту;
балалардың заттар мен жағдайды нақты сипаттауда қарапайым тұжырымдар мен өз ойларын басқаларға түсінікті жеткізуге баулу;
балалардың тәжірибесіне сүйене отырып және олардың қалауын ескере отырып, тәрбиешімен және құрдастарымен келесі талқылаумен тәуелсіз қабылдау үшін көрнекі материалдарды таңдау;
әндер мен билерді қолдана отырып, көркем бейнені құруда шығармашылық дербестікті дамыту.

Сауат ашу негіздері:

Ұйымдастырылған іс-әрекетінің жоспары келесі бөлімдер арқылы жүргізіледі:

бірінші бөлім – *Ұйымдастыру кезеңі* (өтілетін тақырып бойынша жағымды сәт туғызу, ұйымдастырылған іс-әрекетке эмоциялық оң көзқарастарын құру);

екінші бөлім – *Негізгі бөлім* (сабақтың мақсаттары мен міндеттерін шешуге бағытталған әдістерді, тәсілдерді және оқыту құралдарын ұсынады);

үшінші бөлім – *Қорытынды бөлім. Рефлексия* (өзін-өзі бағалауды және қоштасу рәсімдерін ойын арқылы жүргізу).

Әрбір сөздің мағынасы болатыны туралы түсінік қалыптастыру, сөздің мағынасына қызығушылыққа баулу. Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.

Буын туралы ұғымдарды қалыптастыру, сөздерді буындарға бөлу, олардың саны мен ретін анықтау. Буындардан сөздер құрастыруға (ауызша) үйрету.

Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру (грамматикалық анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау. берілген сөзге сөйлем құрастыру.

Қолды жазуға дайындау. Жазу кезінде арқаны дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Жазу парағында бағдарлай білу, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажырата білуге үйрету.

Геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шығармай бастыру, бояу. Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа, ұзын, толқынды, ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өзбетінше жазуға мүмкіндік беру.

Жазуды көзбен қадағалай отырып, қаламды немесе қарындашты дұрыс, еркін ұстап, үстінен қатты қысып күш түсірмей, саусақтармен біркелкі жоғарыдан төменге, солдан оңға қимылдарды орындап, сызықтарды үзбей салу.

Күтілетін нәтижелер:

- сөздің мағынасын түсінеді;
- сөздерге дыбыстық талдау жасайды: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтайды;
- сөздерді буындарға бөледі, олардың саны мен ретін анықтайды;
- берілген буынға сөз құрастырады;
- сөздегі буындардың санын анықтайды;
- үш-төрт дыбыстардан тұратын сөздерге дыбыстық талдау жасайды;
- сөйлем сөздерден тұратынын біледі;
- берілген сөздерден жай сөйлемдер құрастырады;
- қаламды дұрыс ұстай алады;

- жазу парағында бағдарлай біледі, жазу жолы мен жоларалық кеңістікті ажыратады;
- дыбыстардың белгілерін ажыратады (дауысты/дауыссыз);
- геометриялық фигуралардың, көгөністер, жеміс-жидектердің және т.б. дайын суреттерінің сыртын контурдан шықпай бастырады, бояйды;
- түрлі сызықтарды салады;
- қолды жазуға дайындауға берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындайды.

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Дыбыс.	-табиғи дыбыстарды, жан-жануардың дыбыстарын ажыратуға үйрету, сөзді айту үшін адамға дауыс керек екенін түсіндіру; -көрсетілген бағыттары бойынша үзік сызықтарды қосып дұрыс бастыра білуге үйрету; -ұқыптылыққа, бастаған жұмысын тиянақты аяқтауға тәрбиелеу.	1	02.09.2025 ж.	
2	Дыбыс пен сөз.	-табиғатта түрлі дыбыстардың бар екенін білдіру, олардан адамның дауысын ажыратуға үйрету, дауыс ауызбен айтылып, құлақпен естілетінін түсіндіру; -екі, үш, төрт дыбыстан тұратын сөздер ойлату арқылы ойлау қабілеттерін дамыту, балалардың сөздік қорын жаңа сөздермен байыту; -ұқыптылыққа, бастаған істі аяқтай білуге баулу.	1	03.09	
3	Сөз	-сөздерді дұрыс айтып, лексикалық мағынасын анықтауға жаттықтыру; -сөздердің ұзынды-қысқалығын қолмен өлшеп, ажырату арқылы зейіндері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту;	1	05.09	

		-таза, әдемі жазуға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
4	Сөз.Сөздің мағынасы.	-балаларды сөздерді дұрыс айтуға және сөздердің лексикалық мағынасын түсіне білуге үйрету; -сөз сызбасымен таныстыру арқылы фонематикалық есту, есте сақтау қабілеттері мен саусақ бұлшық еттерін дамыту; -ұқыпты болуға, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	09.09	
5	Біз дыбыс пен сөз туралы не білеміз?	-балалардың сөздің лексикалық мағынасын ажыратып, берілген дыбысқа сөз ойлап, оны дауыс ырғағымен айта білуге жаттықтыру; -қысқа және ұзын сөздерді ажырату арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -ұқыптылыққа, өз бетімен жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	10.09	
6	Дауысты дыбыстар.	-сөздегі дыбыстардың бірізділігін белгілеуге үйрету; -дауысты дыбыстардың жасалу жолдарымен таныстыру арқылы фонематикалық естулері мен есте сақтау қабілеттерін дамыту; -өз бетімен тиянақты жұмыс жасауға тәрбиелеу.	1	12.09	
7	Жуан дауысты дыбыстар.	-дауысты дыбыстарды есте сақтауға арналған жаттығуларды айтқызып, тілдерін жаттықтыру; -жүйелі сөйлей білулерін, ойлау қабілеттерін, сурет бойынша әңгімелей білу дағдыларын дамыту; -жазу жұмыстары арқылы ұсақ қол моторикасын дамыту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	16.09	
8	Жіңішке дауысты дыбыстар.	-дауысты дыбыстарды естерінде сақтауға жаттығуларды айтқызып жаттықтыру; -жаңа сөздердің мағыналарын ашу арқылы логикалық ойлау қабілеттерін, есте сақтау қабілеттерін дамыту; -жазу барысында эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.	1	17.09	
9	Дауысты дыбыстарды бекіту.	-сөздегі дауысты дыбыстар туралы түсініктерін бекіту; -дауысты дыбыстарды сөз ішінде ажыратуға жаттығулар жасату арқылы зейіндерін дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	19.09	
10	Дауыссыз дыбыстардың жасалуы.	-суреттен дауыссыз дыбыстардан басталатын суреттерді таба білу қабілеттерін дамыту; -дауысты және дауыссыз дыбыстарды бір-бірінен	1	23.09	

		ажырата білуге дағдыландыру; -жазу барысында денені дұрыс ұстап, әдемі жазуға дағдыландыру арқылы эстетикалық талғамдарын тәрбиелеу.			
11	Біз нені үйрендік?	-жаңылтпаштарды жаңылмай жылдам айтуға дағдыландыру; -сұрақ-жауап әдісі арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге жаттықтыру; -мұқияттылыққа тәрбиелеу.	1	24.09	
12	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-берілген дыбысқа сөз ойлап айта білу қабілеттерін жетілдіру; -тақырып бойынша берілген дидактикалық ойын арқылы сөздік қорларын жаңа сөздермен толықтыру; -білімге деген қызығушылықтарын арттыру арқылы білімпаздыққа тәрбиелеу.	1	26.09	
13	Қатаң дауыссыз дыбыстар.	-дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. -бастаған істі тиянақты аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	30.09	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
САУАТ АШУ НЕГІЗДЕРІ / ҚАЗАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
14	Ұяң дауыссыз дыбыстар	-дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -суреттер бойынша заттардың атын ататып, сол сөздердегі дауыссыз дыбыстан басталатын дыбыстарды ажыратып айтуға дағдыландыру. -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	01.10	
15	Үнді дауыссыз дыбыстар	-дауыссыз дыбыстарды басқа дыбыстардан ажыратуға үйрету. -дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -бастаған істі тиянақты аяқтай білуге, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	03.10	
16	Біз нені үйрендік,нені білдік?	-дауыссыз дыбыстарды есте сақтауға жаттығулар жасату, дауыссыздарды қайталату арқылы естерінде сақтату. -дауыссыз дыбыстардың айтылу барысындағы ерекшелікті ұғындыру арқылы логикалық ойлау қабілеттерін дамыту. -ұжым болып жұмыс істеуге тәрбиелеу.	1	07.10	
17	Дыбыстар әлемі.	-дауысты, дауыссыз дыбыстарды ажыратуды үйретуді жалғастыру.	1	08.10	

		-тапсырмалар арқылы сұраққа толық, тиянақты, нақты жауап беруге дағдыландыру. -достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.			
18	Буын	-сөздерді буынға түрлі әдістермен бөлуді үйрету. -сөздердің лексикалық мағынасына мән бергізу арқылы логикалық ойларын дамыту. -ұқыптылыққа, білімпаздыққа тәрбиелеу.	1	10.10	
19	Буынды сызба түрінде көрсетіп үйренеміз.	-сөздерді буынға бөлуді үйретуді жалғастыру. -суреттерді өз сызбасымен дұрыс сәйкестендіру арқылы ойлау қабілеттерін, қиялын дамыту. -бастаған істі аяқтай білуге тәрбиелеу.	1	14.10	
20	Буынға бөлейік	-басталған буынға буын қосып, сөз құрауға үйрету. -сөздерді буынға бөлдіру арқылы шапшаң ойлауға дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру. -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	15.10	
39	Жазық фигура және көлемді фигура.	-жазық және көлемді геометриялық фигуралар мен денелерді тануға және атауға үйрету; -санау, санды цифрмен сәйкестендіру, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортада геометриялық денелерге ұқсас заттарды табу дағдыларын жетілдіру; -қиялды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -еңбекқорлық пен ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	04.12	
40	Таңертең,күндіз,кеш,түн.Кеше,бүгін,ертең.(Тәулік бөліктер)	-таңертең, күндіз, кеш, түн бір тәулікті құрайтыны туралы түсінік беру; тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең; күннің бір бөлігі мен балалардың әрекетін байланыстыруға үйрету. -санау, цифрды санмен сәйкестендіру білімін бекіту; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	08.12	
41	Таңертең,күндіз,кеш,түн.Кеше,бүгін,ертең. (мезгіл)	-тәуліктің бөліктерін (таңертең, күндіз, кеш, түн) тану, атауды, атау кезінде дұрыс реттілікті сақтау: кеше, бүгін, ертең, күннің бір бөлігі мен балалардың әрекетін байланыстыруға үйрету; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	10.12	
42	Апта күндері.(суретті)	-апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету; -сандық және реттік санау дағдыларын	1	11.12	

		жетілдіру; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.			
43	Апта күндері.(еңбек)	-апта күндерін рет-ретімен атауға үйрету, сандық және реттік санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -белсенділік пен ұйымшылдыққа тәрбиелеу.	1	15.12	
44	Жыл мезгілдері.(суретті)	- айлардың атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы ұғымдарын бекіту; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табиғатқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	17.12	
45	Жыл мезгілдері.(айлар)	- ай атауларын жыл мезгілдеріне қарай таныстыру, табиғат құбылыстары туралы; оқиғалар тізбегі кеше, бүгін, «алдымен – содан кейін» ұғымдарын бекіту, жылдың әр мезгіліне қарай киім таңдау дағдыларын жетілдіру; -сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табиғатқа деген қызығушылық пен сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	18.12	
46	«Алдымен-содан кейін», «болды-бар-болады», «бұрын-кейінірек»(суретті)	-оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету, жыл мезгілдері мен табиғи өзгерістер туралы түсініктерді бекіту, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын	1	22.12	

		дамыту; -еңбекке деген сүйіспеншілікке, нанға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.			
47	«Алдымен-содан кейін», «болды-бар-болады», «бұрын-кейінірек»(суретті сызып қосу)	-оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек», жыл мезгілдеріне қарай айларды ретімен атауға үйрету; -логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қазақ халқының мәдениетіне деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	24.12	
48	10 көлемінде тура және кері санау.№1	-10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, оқиғалар тізбегін ретімен дұрыс атауға үйрету; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдысын; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	25.12	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
49	10 көлемінде тура және кері санау. №2	-10 көлемінде тура және кері санауды жаттықтыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, есте сақтау, сөйлеу дағдысын; қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке және шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	08.01.2026 ж.	
50	Заттармен әрекет.№1	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін үйрету, бөліктің жиыннан кіші екенін түсіну; -кері тәртіппен санау, жетіспейтін сандарды табу, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жаттықтыру; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту;	1	12.01	

		-дербестікке тәрбиелеу.			
51	Заттармен әрекет.№2	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін түсіну, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -санды цифрмен сәйкестендіруге, кеңістікте және қағаз бетінде бағдарлауға жаттықтыру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	1	14.01	
52	Артық,кем,тең.№1	- «артық», «кем», «тең» ұғымдарымен таныстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір- біріне қатынасы негізінде салыстыру, саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруға үйрету; -санды цифрмен сәйкестендіруге жаттықтыру; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.	1	15.01	
53	Артық,кем,тең.№2	-жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі сандар бойынша дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.	1	19.01	
54	Артық,кем,тең.№3	-жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру; нақты жиындарды салыстыру негізінде 10 көлеміндегі сандар бойынша дағдыларын жетілдіру;	1	21.01	

		-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -білімге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.			
55	Заттар тобын санау және салыстыру.№1	-топтарда заттардың тең және тең емес санын анықтауға, «артық», «кем», «тең», саны кем затқа бір зат қосу арқылы теңсіздіктен теңдік немесе саны көп заттан біреуін алып тастау арқылы теңдіктен теңсіздік шығаруды үйрету; -санды цифрмен сәйкестендіру, 10-ға дейін санауды, заттарды белгілі бір ерекшелігіне қарай топтастыру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	22.01	
56	10-ға дейін санау.№1	-көрнекілік арқылы 10-ға дейін сандардың пайда болуымен таныстыру; -заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге, орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру, оқиғалардың тізбегін дұрыс ретімен атау, талдау, қарапайым тұжырымдар жасау қабілетін бекіту; -зейінін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты штрихтауды дамыту; -білімге деген қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	26.01	
57	10-ға дейін санау.№2	-10 көлеміндегі сандарды тура және кері санауға, әрбір келесі сан 1-ге артық, алдыңғы сан 1-ге кем екенін, қағаз бетінде бағдарлауға жаттықтыру; -зейінін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты белгілі бағытта штрихтауды дамыту; -дербестікке, табандылыққа тәрбиелеу.	1	28.01	
58	Заттар тобын санау және салыстыру.№2	-көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9 сандарының пайда болуымен таныстыруды жалғастыру, топтарда заттардың тең және тең емес санын білуді бекіту, 10-ға дейін санауды жаттықтыру;	1	29.01	

		-талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын, затты белгілі бағытта штрихтауды дамыту; -басталған істі соңына дейін жеткізуге тәрбиелеу.			
--	--	--	--	--	--

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / АҚПАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
59	Заттар тобын санау және салыстыру.№3	-көрнекілік арқылы 6, 7, 8, 9, 10 сандарының пайда болуымен таныстыруды, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату туралы, «артық», «кем», «тең» ұғымдарын бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын, заттарды белгілі бір бағытта штрихтауды дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	1	02.02	
60	Фигуралар мен денелер.№1	-фигуралар мен денелерді: дөңгелек, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш, шар, текше, цилиндрді тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табу; санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру;	1	04.02	

		-сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үлкендерге құрмет етуге, еңбекке баулуға тәрбиелеу.			
61	Фигуралар мен денелер.№2	-фигуралар мен денелерді тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын табу; 1- ден 10-ға дейін санау, логикалық байланыстар мен заңдылықтарды орнату, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды тауып, олардың пішіндерін анықтау, қағаз парағын бағдарлай білу дағдыларын бекіту; -сөйлеу, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	05.02	
62	Бүтін және бөлік.	-бөліктерден бүтін құру және оларды қайта бөліктерге бөлу, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату: бүтін бөліктен үлкен; санау, сандарды салыстыру, цифрларды тану және атау дағдыларын бекіту; -қиял, логикалық ойлау, сәйкестік табу, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	1	16.02	
63	Заттың бірнеше тең бөліктері.№1	-заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге; «жарты, ширек, үштен бір бөлігі», деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету; -заңдылықтарды орнату, талдау, салыстыру қабілетін бекіту; қарапайым тұжырымдарды құру; зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	18.02	
64	Заттың бірнеше тең бөліктері.№2	-заттарды бірнеше тең бөліктерге бөлуге, «жарты, ширек, үштен бір бөлігі» деп атауға, бүтін мен бөлікті салыстыруға үйрету; -талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын, берілген бағытта штрихтауды дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	19.02	

65	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№1	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту; -зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	1	23.02	
66	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№2	-жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, заңдылықтар орнату дағдыларын бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа және дербестікке тәрбиелеу.	1	25.02	
67	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№3	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	26.02	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
68	Заттар тобын бөліктерге бөлу және заттар тобын біріктіру.№4	-жиындарды бөліктерге бөлу және оларды қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру дағдыларын жетілдіру; -талдау, салыстыру қабілетін бекіту, қарапайым тұжырымдарды құру, зейінді, ойлауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	02.03	
69	Ұзынырақ-қысқа,биік-аласа.	-шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету; -заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, қарама-қарсы сөздерді атау	1	04.03	

		дағдыларын жетілдіру; -бақылау, талдау, зейін, есте сақтау, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
70	Кең-тар, жуан-жіңішке, қалың-жұқа.	-шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету; -заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, қарама-қарсы сөздерді атау, кеңістікте бағдарлау дағдыларын жетілдіру; -логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	05.03	
71-72	Заттарды ұзындығы, ені, жуандығы бойынша салыстыру\ Мен не білемін және не істей аламын?	-шартты өлшемнің көмегімен үлгіден ұзынырақ (қысқа), жоғары (төмен) және оған тең заттарды табуға үйрету; -заттарды салыстыруда қасына қою, беттестіру тәсілдерін қолдану, геометриялық фигураларды, қарама-қарсы сөздерді атау дағдыларын бекіту; -талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. -санау, заттар санын цифрмен сәйкестендіру, үлгіден ұзынырақ (қысқа), және оған тең заттарды табуды үйрету, жыл мезгілдерін атау, фигураларды тану туралы білімдерін бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау; зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	2	11.03	09.03
73	Геометриялық фигуралар.	-геометриялық фигураларды: дөңгелек, сопақша, шаршы, тіктөртбұрыш, үшбұрыш тануға және атауға үйрету; Пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру, қоршаған ортадан геометриялық фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау дағдыларын жетілдіру;	1	12.03	

		-зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.			
74	Геометриялық фигуралар және денелер.№1	-денелерді тануға және атауға үйрету – текше, шар, цилиндр, денелердің айрықша қасиеттері туралы ұғымдарын бекіту; қоршаған ортадағы осы формалардың объектілерін таба білу; фигуралардың тақырыптық композицияларын өз ниеті бойынша құрастыру; санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын жетілдіру; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	16.03	
75	Геометриялық фигуралар және денелер.№2	-пішіндердің атауларын: дөңгелек, сопақша, үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш, денелердің атауларын: текше, шар, цилиндр тануға және атауға үйрету, пішіндер мен денелердің ерекше қасиеттері туралы түсінік беру; -пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы, сандық және реттік санау білімін бекіту; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	18.03	
76	Геометриялық пішіндегі заттар.№1	-пішіндердің атауларын тануға және атауға, қоршаған ортадан фигураларға ұқсас заттарды табу, олардың пішіндерін анықтау, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -санды цифрмен сәйкестендіру, талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау дағдыларын бекіту; -зейін, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -дербестікке тәрбиелеу.	1	30.03	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / СӘУІР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
77	Геометриялық пішіндегі заттар. №2	-пішіндердің, денелердің атауларын тануға және атауға, олардың ұқсастығы мен айырмашылығын ажырата білуге үйрету; -пішіннің бір формасынан екіншісін қалай жасау керектігі туралы түсінік беру; -зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	01.04	
78	Тәулік бөліктері.Циферблат	-циферблат, сағат тілдерімен таныстыру,циферблат арқылы уақытты анықтауға үйрету,әртүрлі оқиғалардың реттілігі, тәулік бөліктері туралы білімдерін бекіту. Тәулік бөліктерінің ауысуын («кеше», «бүгін», «ертең»), оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау дағдыларын жетілдіру;	1	02.04	

		-танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.			
79	Циферблат бойынша уақытты анықтау.	-тәулік бөліктері туралы, циферблат арқылы уақытты анықтау, әртүрлі оқиғалардың реттілігі «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «ертерек – кейінірек» туралы білімдерін бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	06.04	
80	Апта күндері.	-апта күндері, тәулік ауысу реттілігі: кеше, бүгін, ертең, оқиғалардың реті («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек»), санды цифрмен сәйкестендіру туралы білімдерін бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	08.04	
81	Уақыт.Апта күндері.	-циферблатта уақытты және оқиғалардың ретін («алдымен – содан кейін», «бұрын – кейінірек») анықтау, апта күндері, тәулік уақыты туралы білімдерін бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	09.04	
82	Жыл мезгілдері.Жыл айлары. №1	-жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, жыл мезгілдерін ретімен атау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімдерін бекіту; -логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	13.04	
83	Жыл мезгілдері.Жыл айлары. №2	-жылдың айлары туралы ұғымдарын қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету, оқиғалардың реттілігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіруге білімін бекіту; -логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -басталған істі соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу.	1	15.04	
84	Жыл мезгілдері.Жыл айлары.	-жыл мезгілдері мен айлар туралы ұғымдарын	1	16.04	

	№3	қалыптастыру, оларды ретімен атауға үйрету, заттарды бір белгі бойынша біріктіру, санды цифрмен сәйкестендіру, 1-ден 10-ға дейін санау дағдыларын жетілдіру; -зейінді, есте сақтауды, логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -шыдамдылық пен табандылыққа тәрбиелеу.			
85	Заттар тобы.Заттарды санау.№1	-заттарды санау, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау, заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, себеп- салдарлық байланыстар мен заңдылықты орнату туралы дағдыларын бекіту; -логикалық ойлауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа, дербестікке тәрбиелеу.	1	20.04	
86	Заттар тобы.Заттарды санау.№2	-заттарды санау және заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, артық, кем, бірдей (тең) екенін атау дағдыларын жетілдіру; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа, шыдамдылыққа тәрбиелеу.	1	22.04	
87	Заттар тобы.Заттарды санау.№3	-заттарды санау және заттар тобын салыстыру, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	23.04	
88	Заттар тобы.Заттарды санау.№4	-заттарды санау, заттар тобын салыстыру, жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, санды цифрмен сәйкестендіру, қағаз бетінде бағдарлау дағдыларын бекіту; -талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген	1	27.04	

		қамқорлыққа тәрбиелеу.			
89	Заттар тобы.Заттарды санау.№5	-санды цифрмен сәйкестендіру, заттардың екі тобын бір жиынға біріктіру, санның «көршілерін» атау дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	29.04	
90	Заттар тобы.Заттарды санау.№6	- заттарды санау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -талдау, қарапайым тұжырымдар жасау, логикалық ойлау, зейін, есте сақтау, сөйлеу, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	30.04	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МАТЕМАТИКА НЕГІЗДЕРІ / МАМЫР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
91	Заттар тобын санау және салыстыру.	-заттарды санау, заттар тобын салыстыру; жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, заттардың екі тобын бір жиынға біріктіру, санды цифрмен сәйкестендіру, санның «көршілерін» атау дағдыларын бекіту; -қиялды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -еңбекқорлыққа тәрбиелеу.	1	04.05	
92-93	Заттар тобы.Заттарды санау.№7\ Заттар тобы.Заттарды санау.№8	-заттарды санау, заттар тобын салыстыру, артық, кем, бірдей (тең) екенін, санның «көршілерін» атау, фигураларды белгілеріне қарай таңдау (пішін, түс) дағдыларын бекіту;	2	06.05	07.05

		-зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.			
94-95	Заттар тобы.Заттарды санау.№9\ Бүтін және бөлік.№1	-заттар тобын санына қарай салыстыруға, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның бөліктен үлкен (кіші) немесе олардың теңдігін анықтау, заттарды әртүрлі белгілері бойынша (түсі, пішіні, өлшемі, материалы, қолданылуы) біріктіруге дағдыларын бекіту; -талдауды, бақылауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -бастаған ісін соңына дейін аяқтауға тәрбиелеу. - бүтінді бөліктерге бөлуге (қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу), бүтін мен бөлікті салыстыру, пішіндерді жинап, құрастыру, бөліктерді атау, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын бекіту; -талдауды, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу.	1	13.05	11.05
96	Бүтін және бөлік.№2	-қағаз парағын тең және тең емес бөліктерге бөлу, бүтін мен бөлікті салыстыру, бөлшектерден пішіндер жинау және құрастыру, санды цифрмен сәйкестендіру дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.	1	14.05	
97	Бүтін және бөлік.№3	-бүтін мен бөлікті салыстыру, бөліктерді атау, тең және тең емес бөліктерді анықтау, бөліктерден фигуралар жасау дағдыларын бекіту; -қиялды, бақылауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қайшымен жұмыс істеу кезінде қауіпсіздік техникасын сақтай білуге тәрбиелеу.	1	18.05	
98	Өлшеймін және салыстырамын.№1	-шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды салыстыру, беттестіру, тұтастыру және жұппен салыстыру тәсілдерін қолдану қабілетін	1	20.05	

		дамыту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -табандылыққа тәрбиелеу.			
99	Өлшеймін және салыстырамын.№2	-шартты өлшемнің көмегімен ұзындықты өлшеу, заттарды белгілі бір ретпен орналастыру, 1-ден 10-ға дейін санау, санды цифрмен сәйкестендіру, реттік санау дағдыларын бекіту; -танымдық қызығушылықты, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -үй жануарларына деген қызығушылыққа, оларға деген қамқорлыққа тәрбиелеу.	1	21.05	
100	Өлшеймін және салыстырамын.№3	-шартты өлшемнің көмегімен заттарды салыстыру (түсі, пішіні, өлшемі), санды цифрмен сәйкестендіру, ұзын, қысқа ұғымдары, геометриялық фигуралар туралы дағдыларын бекіту; -зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	1	25.05	
101	Не білеміз?Не істей аламыз?№1	-оқиғалар тізбегін «алдымен – содан кейін», «болды – бар – болады», «бұрын – кейінірек» ретімен атауды, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -қарапайым тұжырымдарды жасау, зейінді, есте сақтауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту; -танымдық іс- әрекетке қызығушылыққа тәрбиелеу.	1	27.05	
102	Не білеміз?Не істей аламыз?№2	-10 көлемінде санай білу, сандардың «көршілерін» атау, санды цифрмен сәйкестендіру, жиынды бөліктерге бөлу, жиынның үлкен (кіші) бөлігін немесе олардың теңдігін анықтау дағдыларын бекіту; -талдау, салыстыру, қарапайым тұжырымдар жасау, зейінді, есте сақтауды, сөйлеуді, қолдың ұсақ моторикасын дамыт; -қызығушылыққа, табандылыққа тәрбиелеу.	1	28.05	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ АЙЫ/**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек айы 2025-2026 оқу жылы

Апталық жүктеме 2 сағат, жылдық жүктеме 68 сағат.

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің, оның ішінде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалардың әлеуметтік дағдыларын дамыту, оларды әлеуметтік-мәдени нормаларға, қоғам және мемлекет, отбасы дәстүрлеріне тарту, рухани-адамгершілік құндылықтарға баулу, қоршаған әлемнің заттары мен құбылыстары туралы ұғымдарын байыту.

Міндеттері:

- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру, қоғамның әлеуметтік және этикалық нормалары мен дәстүрлеріне, жалпы адами құндылықтарға баулу; дербестікке тәрбиелеу;
- Отанның тарихы мен мәдениетін білу және оған құрметпен қарауды қалыптастыру, туған жер туралы түсініктерін кеңейту;

- еңбек түрлеріне және әртүрлі мамандық иелеріне құрметпен қарауды қалыптастыру;
- табиғат әлеміне танымдық қызығушылықты, табиғаттың жанды нысандарына жанашырлық сезімін дамыту, қоршаған ортаға қатысты кейбір әрекеттерінің қарапайым салдарын көре білу;
- экологиялық мәдениеттің негіздерін қалыптастыру және табиғатта өзін қауіпсіз ұстау.

Қоршаған ортамен таныстыру.

Бала, оның отбасы, үйі:

Өзінің жасына сәйкес өмірінде болатын өзгерістерді, балабақшаға баруы, мектепке баруы, ересек азамат болып ержетуі мен еңбек етуі, болашақта табысты болуы үшін білімнің қажеттігін түсінуіне, болашақта мектепте оқуға ынтасын арттыру, жаңаны тануға, өз өміріне қажетті дағдыларды игеруге ықпал ету.

Өзінің болашағына, біліміне, денсаулығына, қызметіне, жетістіктеріне сенімді болуға, қоғамға пайдасын тигізуге баулу. Еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсіну, өзін-өзі құрметтеу, өз күші мен мүмкіндіктеріне деген сенімділікті арттыру.

Туыстық байланыстарды түсіну (өз жұрты атасы мен әжесі, жақын туыстары, нағашы жұрты), өзінің жеті атасын білу. Үйде отбасы мүшелеріне қамқорлық жасау, үлкендерді сыйлау, кішіге ізет көрсету, үй шаруасына көмектесу, отбасы мүшелеріне жақсы көретінін білдіру, алғыс айту, сыпайы сөйлеу.

Заттық әлем, кеңістікті бағдарлау

Заттар, олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өзбетінше анықтау және талдау, олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттау.

Үй-жайларда, балабақша ауласында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлай білу.

Көлік, байланыс құралдары

Арнайы көлік құралдарының түрлерін, белгілі бір жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықталуын түсіну, ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын білу, оларды қолдануда қауіпсіздікті сақтау.

Еңбекке баулу.

Әртүрлі мамандықтар, еңбектің мазмұны, сипаты және нәтижесінің маңызын, түсіну және бағалау.

Ата-ана еңбегін түсіну, адамдардың еңбектеріндегі өзара байланыстарды байқау. Еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтеу, үлкенді сыйлау, олардың еңбегін бағалау.

Шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу. Топта тазалық сақтауға, ойыншықтарды сүртуге, табиғат бұрышындағы тіршілік иелеріне күтім жасауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға, жоспарланған нәтижеге жетуге, өзі мен құрдастарының еңбегінің, шығармашылық әрекеттерінің нәтижелерін бағалауға және құрметпен қарауға баулу. Айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын түсіну және оларға ұқыпты қарау.

Адамгершілікке баулу

Балаларды адамгершілік құндылықтарға, өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай білуге, өзінің іс-әрекетіне басқалар пікірін білдірген жағдайда ол пікірді дұрыс қабылдауға, өз ісіне адал болуға, еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде нәтижеге жетуге ұмтылуға, сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге, жалған сөйлемеуге, үлкендерді сыйлауға, кішіге қамқор болуға баулу.

Менің Отаным – Қазақстан.

Туған өлке, ел, Отан, мемлекеттік мерекелер, Қазақстан Республикасының рәміздерін, Қазақстан Республикасының Президенті, оның

халық үшін атқаратын қызметінің маңыздылығын түсіну.

Мемлекеттік Әнұранды жатқа білу, оның маңыздылығын түсіну. Мемлекеттік мерекелердің (Тәуелсіздік, Республика күні, жаңа жыл, Наурыз, ғарышкерлер, аналар мерекесі, Отан қорғаушылар, балалар, астана күні) маңыздылығын түсіну, оларға белсенді қатысу. Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлері Тоқтар Әубәкіров, Талғат Мұсабаевті білу, оларды құрметтеу.

Қазақстан Республикасының астанасы –Астана қаласы, республикадағы қалалар мен ауылдардың атаулары, олардың көрікті жерлері, ауыл мен қала өмірінің ерекшеліктері туралы ұғымдарын байыту.

Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну. Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрылысы мен ішкі жабдықтарын білу. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу.

Өз Отанын жақсы көру, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсіну. Ұлы Отан соғысы жылдарында Отанын қорғаған қазақстандық жауынгерлердің Кеңес Одағының батырлары Бауыржан Момышұлы, Әлия Молдағұлова, Мәншүк Мәметова, Халық қаһарманы Рахымжан Қошқарбаевтің ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу.

Жол қозғалысы ережелері

Жолда қауіпсіздік ережелерін сақтау. Жол белгілерін (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, тротуар) білу, бағдаршамның белгілеріне сәйкес жолдан өту. Жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау. «Балалар», «трамвай аялдамасы», «автобус аялдамасы», «жаяу жүргіншілер жолы», «велосипед жолы» белгілерін білу.

Табиғатпен таныстыру

Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр); өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.

Тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну.

Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылау, талдау, салыстыру, ажырату.

Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың және т.б. маңызын түсіну.

Өсімдіктер әлемі

Туған өлкенің өсімдіктері (ағаштар, бұталар, гүлдер, шөпті өсімдіктер) туралы түсініктерін кеңейту, «орман», «шалғын» және «бақша» ұғымдарымен таныстыру.

Өсімдіктердің тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: өсімдік жапырақтары, сабақтарының қозғалуы, гүлдердің күн шыққанда жапырақтарының ашылуы және кешке жабылуы, тамырдың суды сорып, сабағы арқылы су өткізіп, басқа бөліктерін қоректендіруі, өсімдіктердің өсуі үшін ылғалдың, жарықтың, жылу мен тыңайтқыштың қажеттігі олардың жылуды, суықты, күнді немесе бұлтты ауа-райын сезуі, олардың өсуі және көбеюі.

Өсімдіктерге қажеттіліктеріне сәйкес күтім жасау әдістерін білу: оларды суару, түбін қопсыту, жапырақтың шаңын сүрту.

Нанға ұқыпты қарауға, бидайды өсіруге және өндіруге қатысатын адамдардың еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.

Жануарлар әлемі

Қазақстан аумағын мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін атау және олардың өздеріне тән белгілері бойынша ажырату. Бақылау арқылы төрт түліктің пайдасын білу, оларды күтіп-баптау, жылдың әр мезгілінде олардың сыртқы түрі мен тіршілік ету ерекшеліктерін сипаттау, жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажырата білу, құстардың пайдасы туралы білу, оларға қамқорлық жасау.

Жануарлардың тірі тіршілік иесі екендігін бақылау және себеп-салдарлық байланыстарды ажырату: жануарлар қозғалады (жүреді,

жүгіреді, секіреді, ұшады, қозғалады); қоректенеді (өсімдіктердің жапырақтары, сабағы, бұтақтары, қабығы, шырыны, тұқымдарымен, етпен, жәндіктермен); өседі және көбейеді, қоршаған ортаны көз, мұрын, тіл, құлақ, тері көмегімен сезе білу.

Жануарларды әртүрлі белгілері бойынша: құстар, балықтар, жануарлар, аңдар, жәндіктер, мекендеу орны (орман, шалғын, су айдыны, бақша, бақ, алаң); қозғалу тәсілі (жүгіру, ұшу, секіру, жүзу және т. б.); табиғи-климаттық аймақтар (ақ аю, итбалық, пингвин, жираф, піл, маймыл және т. б.) бойынша топтастыру.

Қарапайым экологиялық ұғымдарды, адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін және оны қорғау, сақтау керек екендігін, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы, табиғатпен қарым-қатынас барысында денсаулықты нығайтуды, табиғатты сақтауда жауапкершілікті сезіне білу.

Күтілетін нәтижелер:

- өзінің болашағына, табысты болу үшін білімнің қажеттігін түсінеді;
- еңбекқорлық пен жауапкершіліктің маңызын түсінеді;
- өз күші мен мүмкіндіктеріне сенеді;
- туыстық байланыстарды түсінеді, жеті атасын біледі;
- үлкендерді сыйлайды, кішіге қамқорлық танытады;
- қолынан келгенше көмектесуге тырысады;
- отбасы мүшелерін жақсы көреді, оларға алғыс айтады, сыпайы сөйлейді;
- заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтайды және олардың сапалары мен қасиеттерін сипаттайды;
- ұялы телефон, смартфон, компьютер, ғаламтор, теледидар және т.б. қолданылуын біледі;
- айналадағы заттар, ойыншықтар адамның еңбегімен жасалғанын біледі және оларға ұқыпты қарауға тырысады;
- еңбек ардагерлерін, қарттарды құрметтейді, үлкенді сыйлайды, олардың еңбегін бағалайды;
- әнұранды кеудесіне қолын қойып, жауапкершілікпен орындайды;
- Мемлекеттік мерекелердің маңыздылығын түсінеді, оларға белсенділікпен қатысады;
- Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін біледі, оларды құрметтейді;
- Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының маңыздылығын түсінеді;
- өз Отанын жақсы көреді, оны қорғаудың, Қазақстан әскерінің маңыздылығын түсінеді;
- Кеңес Одағының батырларын біледі, оларды құрметтейді;
- өз іс-әрекеттері мен басқа адамдардың іс-әрекеттерін бағалай біледі;
- еңбек етуде, шығармашылық әрекеттерде жақсы нәтижеге жетуге ұмтылады;
- сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға тырысады;
- айналасындағыларға әрқашан әділ болуға, оларға қолдау көрсетуге, көмек беруге тырысады;
- балабақшаның үй-жайларында, жақын маңдағы шағын ауданда еркін бағдарлайды;
- арнайы көлік құралдарының қолданылуы туралы біледі;
- өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратады;
- тірі және өлі табиғат, табиғат құбылыстары арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылайды және түсінеді;
- заттар мен құбылыстардың өзіне тән, сипаттамалық белгілерін бақылайды, талдайды, салыстырады, ажыратады;

- туған өлкенің ағаштарын, бұталарын, гүлдерін, шөпті өсімдіктерін таниды және ажыратады;
- өсімдіктерді бақылап, себеп-салдарлық байланыстарды ажыратады;
- өсімдіктерге күтім жасау әдістерін біледі;
- жануарларды әртүрлі белгілері бойынша топтастырады;
- таныс материалдармен өз бетінше эксперимент жасай алады;
- нанға ұқыпты қарайды, адамдардың еңбегін құрметтейді;
- Қазақстан аумағында мекендейтін жануарлар мен олардың төлдерін ажыратады және атайды;
- төрт түліктің пайдасын біледі, оларды күтіп-баптайды;
- жыл құстары мен қыстайтын құстарды ажыратады, құстардың пайдасын біледі, оларға қамқорлық жасайды;
- адамның табиғаттың бір бөлігі екендігін біледі;
- табиғатты қорғау, сақтау, күн мен ауаның адам, жануарлар мен өсімдіктер өміріндегі маңызы туралы біледі;
- тірі объектілердің өсуі мен дамуы үшін су, жарық, ауа, қорек және айналасындағылардың қамқорлығы қажет екенін түсінеді;
- қоршаған ортадағы тірі және өлі табиғат объектілеріне қамқорлық танытады;
- ата-анасының, жақындарының еңбегі туралы әңгімелеп береді;
- Қазақстан Республикасының Президентін біледі оны мақтан тұтады;
- жол қозғалысы ережесін біледі.

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ОРТАМЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚЫРКҮЙЕК АЙЫ/**

Р/с №	ҮІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Жыл мезгілдері: жаз, күз. Белгілері	-жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; -осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; -топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу.	1	02.09.2025 ж.	
2	Қыстап қалатын құстар және жыл құстары	-қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру. Қыстап қалатын және жыл құстары туралы жалпы түсініктерін қалыптастыру;	1	05.09	

		оларды маңызды белгілері бойынша ажырата білуге үйрету; -балалардың құстардың жылы жаққа ұшып кету себептері туралы түсініктерін тереңдету; құстарды қыстап қалатын, жылы жаққа ұшып кететін құстарға бөліп жіктей алу білімдерін кеңейту; -құстарға деген сүйіспеншіліктерін арттыру; қыста оларға қамқорлық жасауға деген құштарлықтарының артуына жағдай жасау.			
3	Нан дастарқанға қалай келеді?	-жаз және күз мезгілдерінің негізгі, маңызды белгілері бойынша түсініктерін қорытындылау, жүйелеу; -осы мезгілдерге тән табиғаттағы өзгерістер, ағаштар, жәндіктер, ауа райы құбылыстары, адамдардың еңбегі туралы білім беру. Сөздік қорларын, өзін қоршаған орта туралы ойын жеткізе білу қабілеттерін дамыту; -топтағы балалармен өз білгенін бөлісе алуға, пікірін айта алуға тәрбиелеу.	1	09.09	
4	Ауылдағы адам еңбегі	-ауыл адамдардың еңбегімен таныстыру, ауылдағы еңбек туралы жалпы білімдерін бекіту; -еңбек туралы жалпы түсініктерін бекіту арқылы балалардың сөздік қорын байыту; -адам еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, еңбексүйгіштікке баулу, барлық мамандық маңызды және құрметті екенін саналарына жеткізу.	1	12.09	
5	Жанды және жансыз табиғат	-жанды және жансыз табиғат, олардың белгілері туралы түсінік беру, жансыз және жанды табиғат нысандарын айырмашылықтарын түсіндіру. Жансыз және жанды табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажыратуды үйрету; -табиғат нысандарына тән сипат бойынша топқа бөле білу. Жанды табиғат нысаны – гүл дәнін, жансыз табиғат нысаны – тасты салыстырып, ыдысқа отырғызып, тәжірибе жасау, бақылау, пайымдау, дәлелдеу, топта жұмыс істеу дағдыларын арттыру; -табиғатқа деген сүйіспеншіліктерін арттыру, табиғатты көзінің қарашығындай сақтауға тәрбиелеу.	1	16.09	
6	Жабайы жануарлардың	-жануарлардың тіршілігіндегі күзгі, қысқы өзгерістері	1	19.09	

	тіршілігіндегі күзгі және қысқы өзгерістер	және тіршілігімен таныстыру; -жануарлардың қысқа қалай дайындалатыны туралы түсінік беру. Жабайы және үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.			
7	Заттар әлеміне саяхат	-заттар әлемі туралы түсініктерін бекіту, заттардың адам өміріндегі маңызы туралы көзқарастарын кеңейту; -олардың белгілерін нақтылау және бейтаныс заттардың қолданылуын түсіну; -балаларды айналадағы қоршаған ортаға танымдық қызығушылықпен қарауға баулу.	1	23.09	
8	Отбасындағы мерекелер мен дәстүрлер	-отбасылық мерекелер, отбасылық дәстүрлер туралы білімдерін кеңейту; -«Отбасылық мерекелер», «Отбасылық дәстүрлер» ұғымымен таныстыру. Отбасылық дәстүрлердің маңыздылығын түсіндіру; -отбасылық дәстүрлерді қастерлеуге баулу.	1	26.09	
9	Оттың пайдасы мен зияны	-оттың пайдасы мен зияны туралы білімдерін кеңейту; Өрт кезіндегі қауіпсіздік ережесімен таныстыру. -өз іс-әрекетін қорытындылау, шешім шығару, логикалық пікір айту дағдыларын дамыту; -өрт сөндірушілер қызметін құрметтеуге, қырағы, ұқыпты болуға тәрбиелеу.	1	30.09	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАЗАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
10	Ең жақын адамдар	-отбасы және отбасы мүшелері туралы ұғымдарын кеңейту. Отбасы мүшелері – бірге тұратын адамдар екені туралы түсінік беру; -балаларды өз отбасы туралы сауатты әңгімелеуге баулу, балалардың айланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -жақын адамдарға қамқорлық жасауға деген ықыласты тәрбиелеу, отбасына деген оң көзқарас қалыптастыру.	1	03.10	
11	Дәрілік өсімдіктер	-өз жерінде өсетін дәрілік өсімдіктермен таныстыру. Дәрілік өсімдіктерді емдеуге қолданудың қарапайым	1	07.10	

		тәсілдерімен таныстыру; -өсімдіктер туралы білімдерін әрі қарай дамыту; -өсімдіктерді қорғауға деген тілектерін арттыру.			
12	Өсімдіктердің көбеюі	-өсімдіктердің өсу, даму сатыларымен таныстыру. Тәжірибе жасап, одан қорытынды шығара білуге үйрету, өсімдіктің жемісі, тұқымы туралы түсініктерін қалыптастыру; -тәжірибе жасауға деген қызығушылықтарын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін дамыту; -өсімдіктерге қамқор болуға тәрбиелеу.	1	10.10	
13	Заттардың адам өміріндегі маңызы Заттар неден жасалады?	-заттар, олардың белгілері мен ерекшеліктері туралы ұғымдарын қалыптастыру; -заттардың адам өміріндегі маңызын түсіндіру арқылы оларды топтастыра білу дағдыларын арттыру. Сурет бойынша және «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -тұрмыстық бұйымдарды қолдану кезінде қауіпсіздік ережелерін сақтауға дағдыландыру.	1	14.10	
14	Менің туған өлкем	-«Туған өлке» әр адамның туып-өскен жері, атамекені екенін түсіндіру. Өздерінің туған өлкелері туралы әңгімелеп айтуға үйрету; -ертегі кейіпкері – Желаяқ арқылы туған өлкелерінің көрнекті жерлері, тарихи ескерткіштер жайлы әңгімелету, балалардың ауызекі сөйлеулерін дамыту; -туған жерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	17.10	
15	Менің Отаным-Қазақстан	-Мемлекеттік мереке – Тәуелсіздік күні туралы түсініктерін қалыптастыру. Балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру. -Отан деген сөздің мағынасын түсіндіре білуге, және Қазақстанда тұратын ұлт өкілдері туралы әңгімелей алуға баулу. «Сұрақ-жауап» әдісі арқылы зейіндерін дамыту; -туған жерін, Отанын сүйуге тәрбиелеу.	1	21.10	
16	Менің мекенжайым	-балаларға өздері тұратын туған қала, балабақша	1	24.10	

		орналасқан шағынаудан, көше туралы түсіндіру. Балалардың нақты мекенжайын, тұрғылықты жерін атай білу дағдыларын қалыптастыру; -схеманы пайдаланып, көрсетілген мекенге жетуді үйрету, түрлі өмірде кездесетін жағдаяттан шыға білу қабілеттерін дамыту; -көмекке келуге, достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу.			
--	--	--	--	--	--

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАРАША АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
17	Ағаш, бұта және өсімдіктер	-өзін қоршаған ортадағы өсімдіктерді үш топқа (ағаш, бұта, шөптесін өсімдіктер) жіктей білуге үйрету. Оларға тән сыртқы белгілерді атай білу. Өзінің туған өлкесінде өсетін өсімдіктермен таныстыру; -табиғат туралы алған білімдерін дамыту. Сөйлеу, ойлау, зейінін аудара білу қабілеттерін жетілдіру. -туған жерінің табиғатына деген сүйіспеншіліктерін арттыру.	1	04.11	
18	Көшедегі қауіпсіздік	-көшедегі қауіпсіздік ережелерін қайталау, балаларды өмірлік қауіпсіздік ережелеріне үйретуді жалғастыру.	1	07.11	

		Қоғамдық және жеке көліктердегі тәртіп сақтау заңдылықтары туралы түсініктерін дамыту; -жол қозғалысының қарапайым ережелерін, жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің қозғалыс ережелерін сақтау (жүру бөлігі, жаяу жүргіншілер өткелі, жаяужол, велосипед, электросамокат, гироскутер, сигвейге арналған жол); -жолда жүру ережелерін орындауға, тәртіпке баулу.			
19	Ауаның қасиеттері	-балаларды ауаның қасиеттерімен таныстыру, тәжірибе арқылы ауаның біздің айналамызды қоршап тұрғанына көздерін жеткізу; -ойлау белсенділіктерін, байқағыштықтарын арттыру; -қоршаған ортаны таза ұстауға тәрбиелеу.	1	11.11	
20	Қазақстанда өсетін өсімдіктер	-өсімдіктердің әр алуан жерде (дала, шалғын, орман, тау, баубақша т.б.) өсетіні туралы түсінік қалыптастыру. Қазақстанда өсетін өсімдіктердің кейбір түрімен таныстыру; -аймақтық табиғат ерекшеліктеріне тән өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейту; -өсімдік әлеміне ұқыпты қарауға тәрбиелеу; өсімдіктерсіз тіршілік атаулы өмір сүре алмайтыны туралы ұғым беру.	1	14.11	
21	Көлік	-балаларға көлік туралы түсінік беру. Көліктерді топтастыра білуге үйрету. Көлік жайлы білімдерін қалыптастыру, аттарын, түрлерін ажыратуға үйрету; -көлік түрлерінің адамға қажеттілігіне назар аударту. Балалардың сөйлеу, ойлау, есте сақтау қабілеттерін дамыту, сөздік қорларын молайту; -еңбексүйгіштікке, тазалыққа үйрету.	1	18.11	
22	Жеті ата	-«Жеті ата» туралы түсінік беру; -туыстық байланыстарды түсіндіру арқылы есте сақтау, сұрақтарға жауап беру дағдыларын дамыту және өз отбасы туралы әңгімелеу білуге баулу; -ата-баба дәстүріне деген қызығушылықтарын ояту.	1	21.11	
23	Қазақстанда мекендейтін жануарлар	-Қазақстан жерін мекендейтін жануарлармен таныстыру. Олардың тіршілігі туралы мағлұмат беру; -балалардың жануарлар туралы білімдерін әрі қарай	1	25.11	

		кеңейту; өз білімдерін қолдана алуға жағдай туғызу; -жануарларға деген сүйіспеншіліктерін арттыру, оларға деген қамқорлық сезімдерін дамыту.			
24	Қызыл кітапқа енгізілген Қазақстан жануарлары	-балалардың Қызыл кітап туралы түсініктерін қалыптастыру. Жануарлардың жойылып кету себептерін түсіндіру, оларды қорғау жолдарымен таныстыру; -өз елінің жануарлары, олардың тіршілігі туралы түсініктерін кеңейту. Оларды қорғау үшін адамдардың не істеу керектігі жөніндегі білімдерін дамыту; -туған жерінің табиғатына деген жауапкершілік сезімдерін арттыру; жануарларға қайырымды болуға тәрбиелеу.	1	28.11	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ЖЕЛТОҚСАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
25	Мен кезекшімін	-балаларды шамасы келетін, бірлескен еңбек әрекетіне қатысуға, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуге, дербестік пен жауапкершілікке баулу; -топта тазалық сақтауға, кезекшілік міндеттерін жауапкершілікпен атқаруға үйрету; -еңбекке құрметпен қарауға баулу.	1	02.12	
26	Байланыс құралдары	-байланыс құралдарының қызметтері туралы түсініктерін кеңейту. Байланыс құралдарының қазіргі замандағы рөлімен таныстыруды жалғастыру арқылы	1	05.12	

		байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -байланыс құралдары құралдарының бір-бірінен айырмашылығы мен ұқсастығын түсіндіре отырып, ойлай қабілеттерін дамыту; -компьютер немесе планшетпен жұмыс істеу ережелерін қатаң сақтауға дағдыландыру.			
27	Арнайы көліктер. Жүк және жолаушы көліктері	-көлік түрлерімен таныстыруды жалғастырып, олардың қарапайым құрылысы және қажеттілігі жайлы түсіндіру; -арнайы көлік құралдарының көп түрлілігі, белгілі жұмыс түрін орындау үшін олардың жабдықтары жайлы түсініктерді қалыптастыру. Айналадағы қоршаған ортаға зейін қоя білу дағдысын қалыптастыру; -көшеде тәртіп ережелерін сақтауға, мұқият болуға тәрбиелеу.	1	09.12	
28	Балабақша мамандары	а) Балалардың балабақша қызметкерлері туралы, олардың жұмысының маңыздылығы туралы білімдерін кеңейту. Балабақша қызметкерлеріне қажетті құралдар туралы жұмбақтарды шешкізу арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру. б) Балабақшадағы мамандық иелеріне құрметпен қарауға, еңбектерін бағалауға тәрбиелеу.	1	12.12	
29-30	Қазақстанның байлықтары мен жетістіктері\ Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері	-Қазақстан жерінің байлықтарымен, жетістіктерімен таныстыруды жалғастыру. -еліміздің табиғи байлықтары туралы мәлімет беру, еліміздің қалаларымен таныстыруды жалғастыру арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту. -туған елге сүйіспеншіліктерін арттыру, отансүйгіштікке баулу. - еліміздің рәміздері туралы білімдерін толықтыру. Суреттер арқылы еліміздің рәміздері туралы әңгімелей білуге баулу; -әр рәміздің мән-мағынасын әңгімелету арқылы зейіндерін дамыту; -өз елінің тарихын білуге деген қызығушылықтарын арттыра отырып, елжандылыққа тәрбиелеу.	2	19.12	16.12
31	Жер – біздің ортақ үйіміз	-жердің барлық тіршілік иесінің ортақ үйі екенін ұғындыру. Адам табиғаттың негізгі бір бөлігі екенін,	1	23.12	

		оның табиғатты қорғаудағы рөлін түсіндіру; -табиғат туралы түсініктерін кеңейту; -табиғатта өзін дұрыс ұстауға, оны қорғау арқылы Жер ғаламшарын құрметтеуге тәрбиелеу.			
32	Қардың пайдасы	-қардың түзілуі жайлы жалпы мәлімет беру; -қардың қасиеттері туралы балалардың білімін бекіту арқылы «суық», «дымқыл», «жеңіл», «жарқырауық», «жылтырақ», «қатты» деген сөздермен сөздік қорларын байыту; -табиғат құбылыстарын зерттеуге қызығушылық шақыру.	1	26.12	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / ҚАҢТАР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
33	Тұрмыстық техника. Оның қажеттілігі	-тұрмыстық техникалардың түрі және оның қажеттілігін түсіндіру; -тұрмыстық техника, оның қолданылуы туралы білімдерін жетілдіру. Қауіпсіздік ережесі туралы алған білімдерін дамыту; -қауіпсіздік ережелерін сақтап жүруге тәрбиелеу.	1	09.01.2026 ж.	
34	Әдептілік-әдемілік	-балаларды әдептілік ережелерімен таныстыру; -күнделіктегі өмірде түрлі жағдаяттарда өздерін ұстай білу дағдыларын қалыптастыру;	1	13.01	

		-сыпайы сөйлесе білуге, ойын терең жеткізе білуге баулу.			
35	Су – тіршілік көзі	-судың адамзат тіршілігіндегі маңызы туралы білімдерін естеріне түсіру және судың қасиеттерімен таныстыру; -танымдық мүмкіндіктерін арттыру; тәжірибе жасай білу дағдыларын арттыру; -суды үнемдеуге тәрбиелеу; топта жұмыс істей білуге, ұжымда өзін дұрыс ұстай білуге дағдыландыру.	1	16.01	
36	Өнеркәсіптегі адам еңбегі	-өнеркәсіптегі адам еңбегімен таныстыру; -өнеркәсіптегі еңбек адамдарының мамандықтары жайлы түсінік беру, өндіріс, өнім туралы жалпы білімдерін дамыту; -еңбексүйгіштікке баулу.	1	20.01	
37	Жол белгілері	-жол белгілері мен жаяу жүргіншілер ережесімен таныстыру; -жол белгілерін топтастырып, сақтандыру, көрсеткіш, тыйым салу белгілерін ажырата білуді үйрету; -көшедегі қауіпсіздік ережелерін үнемі сақтап жүруге тәрбиелеу; ұқыпты, мәдениетті болып өсуге баулу;	1	23.01	
38	Суық өлкедегі тіршілік	-балалардың суық аймақтағы тіршілік жайлы білімдерін қалыптастыру; -жабайы аңдар және олардың қоршаған ортаға бейімделу ерекшеліктері туралы түсініктерін жетілдіру; қиялын, шығармашылығын, сөйлеуін дамыту; -қызығушылыққа, мейірімділікке, жауапкершілікке, топпен жұмыс жасай білуге, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.	1	27.01	
39	Біздің табиғаттағы достарымыз	-жануарларды топтары (аңдар, құстар, жәндіктер, қосмекенділер) және әр топқа тән ерекшеліктері туралы түсіндіру; -балалардың жануарлар туралы білімін кеңейту арқылы сөздік қорларын арттыру, шығармашылық қиялдарын дамыту; -жануарларға қамқор болуға тәрбиелеу.	1	30.01	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / АҚПАН АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
40	Әлем жануарлары	-әлем жануарлары туралы балалардың білімін кеңейту. Жануарларды табиғи-климаттық аймақтар бойынша топтастыруды үйрету; -жануарлардың климаттық аймақтар бойынша тіршілігін анықтау,ерекшеліктерін, жалпы белгілерін атау; -жануарлар әлеміне қызығушылық шақыру, жануарларға қамқор болуға, мейірімді болуға үйрету.	1	03.02	
41	Табиғаттағы маусымдық құбылыстар	-әр жыл мезгіліне тән табиғат құбылыстарының ерекшеліктерімен таныстыру. Табиғат құбылыстарының	1	06.02	

		адамның физикалық және эмоциялық күйіне әсері туралы білімдерін дамыту; -табиғат құбылыстарының сырын білуге деген қызығушылықтарын арттыру; -табиғатқа қамқор болу сезімдерін ояту			
42	Кеңістікті бағдарлау	-балалардың кеңістікте бағдарлау қабілетін бекіту,кеңістікті бағдарлай отырып, алыс, жақын, оң жақ, сол жақ, жоғары, төмен, ұғымдарын бекіту; -топқа бөлініп, бір-біріне тапсырма орындату арқылы кеңістік қатынастарын дамыту; -достық қатынастарды жетілдіру, бір-бірін тыңдай білуге тәрбиелеу.	1	17.02	
43	Қоректену тізбегі	-сызба арқылы табиғаттағы өсімдіктермен жануарлардың, адамның өзара байланысын көрсету. Қорек тізбегін құра білуге үйрету; -адам үшін барлық тіршіліктің маңызды екенін ұғындыру; табиғаттағы тепе-теңдіктің қажеттілігі туралы түсініктерін кеңейту; -табиғат байлығын сақтауға өз үлесін қосуға тәрбиелеу.	1	20.02	
44	Жыл мезгілдері: қыс, көктем. Белгілері	-қыс және көктем мезгілінің белгілері туралы білімдерін тереңдету; осы мезгілдерге тән маусымдық құбылыстармен таныстыру; -байланыстырып сөйлеу, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін теңеу сөздерді қолданып сипаттай алу дағдыларын дамыту; -табиғатты сүйуге, қорғауға тәрбиелеу; маусымға сәйкес киініп жүруге, денсаулығын күтуге үйрету.	1	24.02	
45	Наурыз мерекесі	-балаларға наурыз айы, наурыз мерекесі туралы түсінік беруді жалғастыру; -көктем мезгіліндегі табиғат сұлулығын байқай білуге тәрбиелеу. Наурыз қазақ халқының жаңа жылы екенін түсіндіру; -ұлттық мерекеге қызығушылықтарын арттыру, дәстүрлерді сақтауға баулу.	1	27.02	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / НАУРЫЗ АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
46	Қазақстанның өзен-көлдеріндегі жануарлар	-қазақстан өзен-көлдерін мекендейтін жануарлармен және балықтың құрылысы, оның тіршілігі туралы түсіндіру; -балаларды туған жерінің құндылығымен таныстыруды жалғастыру; балықтар туралы білімдерін әрі қарай дамыту; -табиғатты сүюге, қорғауға, судың адам өміріндегі маңыздылығын түсінуге тәрбиелеу.	1	03.03	
47	Жайлау. Киіз үйдің құрал-жабдығы	-балаларға жайлау, киіз үйдің құрылысы және оның ішкі жиһаздары туралы мәлімет беру.Қоршаған ортаны	1	06.03	

		таныпбілуіне жағдай жасау, ұлттық мәдениетіміз жайлы білімдерін дамыту; -киіз үй мен оның жиһаздарының пайдасы жайлы түсіндіре отырып, балалардың зейіндерін дамыту; -киіз үй құрал-жабдықтарының қандай эстетикалық талғаммен жасалғанын түсіндіре отырып, талғампаз болуға баулу.			
48	Менің елімнің салт-дәстүрі	-қазақ халқының салт-дәстүрлері туралы білімдерін кеңейту. Балаларға өздері білетін халқымыздың салт-дәстүрлері туралы айтқызу; -сурет арқылы «Бесікке бөлеу», Тұсаукесер», «Ашамайға отырғызу» рәсімдері туралы әңгімелету арқылы байланыстырып сөйлеу дағдыларын жетілдіру; -туған халқының салт-дәстүрін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	10.03	
49	Жаяу жүргіншілер ережелері	-жаяу жүргіншілер ережесін меңгертуді жалғастыру; -жол белгілерінің қауіпсіздік сақтаудағы маңызды екенін әңгімелей білуге баулу. Көшедегі тәртіп ережесін қатаң сақтауға, жолда зейінді болуға дағдыландыру; -жолда жүру ережесін сақтап жүруге тәрбиелеу.	1	13.03	
50	Ұлттық ойындар	-балаларды қазақтың ұлттық ойындармен таныстыруды жалғастыру. Ойын арқылы балалардың адамгершілік, адалдық, әділдік, сезімталдық қасиеттерін қалыптастыру; -өз құрдастарын тарта отырып, ұлттық ойындар ойнауға ынталандыру; -ұлттық ойындарды ойнай отырып, өз ұлтына деген сүйіспеншілігін арттырып, салт-дәстүрлерді сақтай білуге баулу.	1	17.03	
51	Бөлме өсімдіктері және оларды күту	-балалардың бөлме өсімдіктері туралы білімдерін бекіту (атауы, құрылысы). Өсімдіктерді салыстырып, олардың айырмашылығы мен ұқсастығымен, олардың өсуіне қажетті жағдаймен таныстыру; -практикалық жұмыс істеу дағдыларын арттыру; өсімдіктер туралы білімдерін толықтыру; -әңгімеге араласа білуге, өз көзқарасын айта алуға тәрбиелеу; өсімдіктерді өсіруге, күтуге деген қызығушылықтарын арттыру.	1	31.03	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / СӘУІР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
52	Төрт түлік	-үй жануарлары туралы білімдерін кеңейту. Балаларды үй жануарларымен және олардың төлдерімен таныстыруды жалғастыру; -әр жануардың өзіне тән белгілерімен таныстыру; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; -төрт түлік малды күте білуге және сүйе білуге тәрбиелеу.	1	03.04	
53	Жәндіктер әлемі	-жәндіктер туралы жаңа білім алу қажеттілігін дамыту Жәндіктер туралы алған білімдерін бақылауға, салыстыруға, талдауға, жүйелеуге қолдануды үйрету;	1	07.04	

		-жәндіктерді бақылаған сәтеріндегі зерттеу нәтижелерін көруге талпындыру; -жанды табиғатқа, жәндіктерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.			
54	Табиғатта өзін-өзі ұстау ережелері	-табиғатта өзін дұрыс ұстау ережелерімен таныстыру. Табиғат, оның байлығын қорғау, күту туралы түсініктерін кеңейту; -табиғаттың адамға пайдасы жайлы мәлімет беру; -табиғатқа деген қамқорлықтарын, сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	1	10.04	
55	Қазақстан ғарышкерлері	-балаларға Қазақстан ғарышкерлері туралы мәлімет беруді жалғастыру; -ғарышкер киімі жайлы білімдерін жетілдіру. Күн жүйесі, ғаламшарлар туралы жалпы мәлімет беру; -Қазақстанның тұңғыш ғарышкерлерін құрметтеу, туған еліне деген мақтаныш, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу.	1	14.04	
56	Біз – табиғаттың досымыз	-жануарлар әлемі (аңдар, құстар, жабайы және үй жануарлары т.б.) туралы білімдерін қорытындылау. -жануарларды топқа бөле алуды білу. Зейіндері мен бақылағыштықтарын дамыту. -қоршаған ортаға, онда тіршілік ететін жануарларға деген сүйіспеншіліктерін тәрбиелеу.	1	17.04	
57	Табиғат аясындағы қауіпсіздік ережелері	-табиғаттағы өзін-өзі ұстау тәртібімен таныстыруды жалғастыру. Қоршаған ортаға саналы көзқараспен қарауды үйрету; -табиғат ерекшеліктеріне қызығушылық ояту, бақылау, қорытындылау әдістерін меңгерту, өмір қауіпсіздігі ережелерін бекітіп, табиғаттың адаммен байланысы арқылы, өзін-өзі қорғай білу, кез келген жағдаяттардан уақтылы шешім табу арқылы шыға білуге үйрету; -табиғатты аялап сүйуге, қамқорлыққа ала білуге тәрбиелеу.	1	21.04	
58	Компьютер әлемінде	-балаларды компьютердің бөліктерімен таныстыру; -қазіргі заман технологиясының жетістіктері мен адам еңбегін жеңілдетуге арналған құралдар туралы білімдерін кеңейту;	1	24.04	

		-компьютердің пайдасы және зияны туралы әңгімелеу, қауіпсіздік ережелерін сақтауға баулу.			
59	Ынтымақ пен бірлік мерекесі	-біздің елімізде көптеген ұлт өкілдерінің тұратыны жайлы мәлімет беру. Әр ұлт өкілдерінің ерекшелігі, өздерінің салтдәстүрлері бар екенін ұлттар достығы жайлы түсінік қалыптастыру; -қазақ халқының бауырмал халық екенін түсіндіру; -ұлтаралық достық туралы әңгімелету арқылы балалардың сөздік қорын толықтыру.	1	28.04	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚОРШАҒАН ӘЛЕММЕН ТАНЫСТЫРУ / МАМЫР АЙЫ/**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
60-61	Әскери мамандықтар \ Үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік	-балаларды әскери мамандық түрлерімен таныстыру, әскери мамандықтар туралы жалпы білім беру. Киімге, қару-жарақ, әскери техникаға қарап, әскери қызметтерді ажырата білу дағдыларын дамыту, әскер туралы түсініктерін кеңейту. -әскери мамандықтарға қызығушылықтарын тудыру. -Отансүйгіштік сезімдерін, айбынды армиямыз үшін мақтаныш сезімдерін ояту. - балаларға үйдегі және балабақшадағы қауіпсіздік	2	05.05	01.05

		ережелерін түсіндіру; -үйде, көшеде, балабақшада сақтау керек қауіпсіздік ережелері туралы білімдерін дамыту; -қоршаған ортада өз өмірінің қауіпсіздігін сақтау ережелеріне тәрбиелеу; қауіпті жағдайларды ескере отырып, үлкендердің айтқанын тыңдауға баулу.			
62	Барлық мамандық қажет әрі маңызды	-мамандық түрлері, олардың атқаратын қызметі, қоғамға келтіретін пайдасы туралы білімдерін толықтыру. Әртүрлі мамандық иелерінің еңбегінің маңызын және олардың қажеттігін ұғындыру. -өз ата-анасының мамандығы туралы айта алу дағдыларын арттыру. -мамандық иелерінің еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу.	1	08.05	
63	Ұлы Отан соғысы ардагерлері	-балаларды Ұлы Отан соғысы ардагерлерімен таныстыруды жалғастыру. Ұлы Отан соғысы және осы соғысқа қатысқан қазақ батырлары туралы мағлұматтарын кеңейту. -Қазақстандық батырлардың ерліктері туралы білу, оларды құрметтеу. -балаларды аға ұрпақтың өсиетін тыңдап, адал болып өсуге, Отансүйгіштікке тәрбиелеу. Батырларды аты-жөндерімен атап және олардың ерліктерін әңгімелеу арқылы есте сақтау қабілеттерін дамыту.	1	12.05	
64	Жас экологтер	-балалардың табиғат туралы білімдерін молайту, табиғатты қорғау әр адамның міндеті екенін ұғындыру. -туған жер табиғатына деген сүйіспеншілігін арттыру, экологиялық тәрбие негізін қалыптастыру. -табиғатты қорғай алатын, аялай білетін адамгершілігі мол, ізгілікті экологиялық білімі мен мәдениеті жоғары жаңа ұрпақ тәрбиелеу.	1	15.05	
65	Адам – табиғаттың бір бөлігі	-адамның табиғаттың ажырамас бөлігі екендігі туралы түсініктерін қалыптастыру. -адамның сезім мүшелерінің табиғатты танып-білудегі рөлі туралы түсінік беру. Балалардың тілін дамыту, сөйлеу тілдерін жетілдіру, қиялдарын байыту. -балаларды ұқыптылыққа, тазалыққа тәрбиелеу, денсау-	1	19.05	

		лығын сақтауға деген ниеттерін арттыру.			
66	Табиғатқа қауіп-қатер төнуде	-еліміздің орман, тоғай, өзен-көл сияқты байлықтары туралы түсініктерін кеңейту. -табиғатта өзін дұрыс ұстау туралы ережені бекіту. Ойлауларын, сөйлеу тілдерін, шығармашылық мүмкіндіктерін арттыру. -табиғатқа деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу.	1	22.05	
67	Табиғат бұрышын мекендеушілер. Оларды күту.	-жанды табиғат бұрышын мекендеушілер, оларға күтім жасау жолдарымен таныстыру. -жануарлар туралы түсініктерін кеңейту. -үйде өсіруге болатын жануарлар тіршілігіндегі ерекшеліктерді атай білу, табиғат бұрышын мекендейтін жануарларға деген қамқорлық сезімдерін арттыру.	1	26.05	
68	Астана – бас қала	-Астана қаласының тарихи-мәдени орындарымен таныстыруды жалғастыру. Қазақстан Республикасының Президенті, елордасы – Астана қаласы және оның көрікті жерлері туралы түсініктерін қалыптастыру. -Балалардың сөздік қорын, есте сақтауын, зейінін белсендіру және кеңейту, сөйлеуін дамыту. -өз Отанына деген сүйіспеншілік пен мақтаныш сезімдерін тәрбиелеу.	1	29.05	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СУРЕТ САЛУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2025-2026 оқу жылы

Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Сурет салу.

Заттардың, ертегі кейіпкерлерінің бейнесін өзіне тән ерекшеліктерімен салу, сюжеттерде қарапайым мағыналы байланыстарымен ондағы заттардың арасындағы кеңістіктік қатынастарды жеткізе білу.

Парақта кеңістіктегі заттардың қалпын беру, заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсіндіру (тұрады, жатады және қалпын өзгерте алады), тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы беру (өсімдіктер, жануарлар, құстар).

Заттардың пішіндеріне, бөліктердің салыстырмалы өлшеміне және олардың орналасуына сүйене отырып, түстер мен олардың реңктерін беру, негізгі пішінді, заттар мен олардың бөліктерінің пропорцияларын мәнерлеп жеткізе білу, түстерді өз қалауы бойынша таңдау.

Бояулармен жұмыс жасауды жетілдіру (бояғышта акварельді сумен араластыру, қажетті түсті алу), қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояу, бейнелеу, түсті қанық беру үшін қағаздың фонын таңдау және бояуларды үйлестіру, өз жұмысының нәтижелерін бағалау.

Бейнелеу әдістерін (штрихтар, бояуларды араластырып, кляксография, жіппен және т. б.) қолдану.

Жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығару (гуашпен сурет салу кезінде).

Түзу, ирек, жіңішке, жалпақ сызықтарды, түрлі көлемдегі дөңгелектерді, жақпаларды, нүктелерді ырғақты орналастыра отырып, қарапайым пішінді өрнектерді құрастыра білуді бекіту, түрлі өлшемді өрнектерді біріктіру, ақ және түрлі-түсті фондарды қолдана отырып, түсті таңдау.

Қазақ ою-өрнектерінің түрлері («түйетабан», «құсқанаты», «құстұмсық», «жапырақ», «жауқазын», «жетігүл», «жұлдызгүл» және т.б.) туралы түсінігін кеңейту, өзіне тән элементтерді пайдалана отырып, оларды құрастыра білуін дамыту. Қазақ ою-өрнектерінің сипатын, колоритін жеткізе отырып, көлемді пішіндерді бояу, парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажырату, тік сызықтардың әртүрлі үйлесуімен құрылған қазақ ою-өрнегінің элементтерін салу.

Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, қамзол және т.б.) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өзбетінше ойдан салуға мүмкіндік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.

Суретті қарапайым қаламның көмегімен жеңіл ырғақпен үстінен қатты баспай бейненің сұлбасын салу, бірнеше заттардың өлшеміндегі айырмашылықтарды беру, геометриялық пішіндегі заттарды салу.

Бояумен сурет салу кезінде қылқаламды бояуға батыру, қағазға жуан сызықтарды сызарда қылқаламды көлденең, ал жіңішке сызықтар мен нүктелерді сызу үшін тігінен ұстап, суреттерді бояғанда бір бағытта солдан оңға қарай, жоғарыдан төмен қарай, қиғашынан жүргізу.

Балалардың суретте қарапайым сюжеттерді: әлеуметтік оқиғаларды, қоршаған өмірдегі оқиғаларды, мерекелерді, адамдардың еңбегін, ертегілердің, өлеңдердің, әндердің және басқалардың желісін жеткізе білуін жетілдіру.

Қазақ халқының өмірін, еңбегін, тұрмысын көрсете отырып, қазақ ертегілерінің желісі бойынша сурет салу. Ұжымдық жұмыстарға, өзбетінше ойдан сурет салуға мүмкіндік беру.

Көркемөнерге тәрбиелеудің төмендегідей міндеттерін шешу көзделді:

- тұрмыста, еңбекте, ойын барысында қоғамдық және табиғи құбылыстармен, заттармен таныстыру арқылы балалардың бойында қоршаған ортаға деген эстетикалық көзқарасты қалыптастыру;
- өнер құралдары арқылы көркемдік тәрбие беру (көркемдік талғамды қалыптастыру, шығармашылық қабілеттерін дамыту);
- көркемөнер туындылары жайында қарапайым түсінік беру және әсер алу, сезінуге баулу, бейнелеу әрекеті негізінде іскерлік дағдыларды меңгерту, музыка, әдебиет т.б. өнер түрлері арқылы өмірдегі әдемілікті, сұлулықты қабылдау мен түсінуге, сезінуге дағдыландыру, қарапайым эстетикалық әсерлер, көру мен есту түйсіктерін жинақтауға жаттықтыру;
- эмоциялық және танымдық үдерістерді белгілі бір шамада дамыту.

Бейнелеу оқу қызметін ұйымдастыруда педагогтерге қойылатын талаптар:

- берілген тақырып мазмұнын ашу үшін бейнелеу өнері түрлері жайында түсінік беріп, көркемөнер туындыларымен таныстыру, оның көркемдігін сезіне, қабылдай білуге дағдыландыру;
- бейнелеу іс-әрекетін үйрету барысында оның мәнерлеу құралдарын (түс, көлем, пішін, композиция, ырғақ т.б.) меңгерту, құрал-жабдықтармен жұмыс істеу іскерлігіне машықтандыру (сурет салу, мүсіндеу, қиып жапсыру);
- сәндік қолданбалы өнер арқылы ұлттық салт-дәстүрлермен таныстырып, үлкендер еңбегін құрметтеуге тәрбиелеу, көркемдік талғамын қалыптастыруға көңіл болу;
- ауыз әдебиеті үлгілерін, көркем шығармаларды тиімді қолдану;
- баланың дене бітімінің сымбатты болып қалыптасуына мүмкіндік туғызу (түзу отыру, бой сергіту сәтінде қимылды ойындарды өз мақсатына сай пайдалану);
- көркемөнерге қызығушылығын арттыру, ақыл-ойының дамуына, қиялының шарықтауына ықпал ете білу;
- еңбек ету дағдыларын қалыптастыру;
- қоғамдық өмір, табиғат, өсімдіктер мен жануарлар дүниесі жайында қарапайым түсініктер беріп, оларға қамқорлық жасауға тәрбиелеу.

Аталған талаптарды тәрбие жұмысының негізгі арқауы ете отырып, педагог баланың көңіл күйіне, психологиялық, физиологиялық даму ерекшеліктері мен қабылдауына бақылау жасап, іс-әрекеттердің біреуінен екіншісіне мазмұн үндестігін сақтап сабақтастыра, жеңіл де түсінікті жолдармен ауысып отырады.

Қазақтың бейнелеу, кескіндеме, мүсіндеу, сәулет өнері, сәндік-қолданбалы өнері туындыларын, шеберлердің (мүсіншілер, суретшілер) қолынан шыққан ағаш, темір, жүн, матадан жасалған бұйымдарды көрсету арқылы балаға халықтық өнер сипатын, оның ерекшелігін, әсемдігін, ұлттық айшығын таныту, мақтаныш сезімін ояту бағытындағы жұмыстар жүргізіледі. Сондай-ақ балаларды көркемөнер туындыларын жан дүниесімен қабылдауға, өнердің мәнерлілігін сезіне білуге баулу қажет.

Затқа қарап сурет салу дағдыларын қалыптастыру. Бұл кезеңдегі бала игеруі тиіс басты міндеттерге мыналар жатады:

- заттың пішінін, көлемін және өзіне лайықты бояу түстерін таңдап алуға үйрету, сызықтарды, нәзік сызықтарды түзу, шебер жүргізу, қарындашты қатты баспай, қағаз бетіне із түсіру;
- бояумен жұмыс істеудің машықтарын меңгерту. Қылқалам ұшымен жіңішке сызық, көлбеу басып жуан сызық түсіру. Қылқаламмен сызықтарды жеңіл жүргізу, түзу, қисық, тұйық, доға тәрізді, дөңгелек және толқынды сызықтарды еркін сызуға жаттықтыру;

- нүктелерді салуда тік бағыттау не дөңгелек таяқшаны пайдалануға жаттықтыру. Заттардың әртүрлі көлемдегі бейнесін бере білуге үйрету, оның ерекшеліктерін байқай білу. Биік-аласа, ұзын-қысқа, жуан-жіңішке тәрізді салыстырмалы көлемдерді беруде түстер үйлесімділігін таңдай білу;
- сулау техникасы арқылы сурет салу дағдыларын қалыптастыру (қуыршақтың көйлегіне мата дайындау, жаңбырдан кейінгі күзгі орман т.б.);
- заттық тақырыпта, мазмұнды сурет салу дағдыларын жетілдіру. Айналадан көргендерін, алған әсерін бейнелеуге үйрету. Ертегі, өлең, тақпақтар мазмұны бойынша сурет салу, қағаз бетін толық пайдалануға дағдыландыру.

Күтілетін нәтижелер:

- заттардың жазықтықта әртүрлі орналасуы мүмкін екендігін түсінеді;
- тірі табиғат заттарының бейнелерін күрделі емес қимылдар мен қалыптар арқылы жеткізеді;
- түстерді өз қалауы бойынша таңдайды;
- бояулармен қолдануды, бояғышта акварельді сумен араластыруды, қанық түстер алу үшін қарындашты түрліше басып бояуды біледі;
- өз жұмысының нәтижелерін бағалай алады;
- сурет салуда әртүрлі техниканы қолданады;
- парақтың ортасын, бұрыштарын, жоғарғы, төменгі, оң және сол жақтарын ажыратады;
- жаңа түстер (күлгін) және реңктерді (көк, қызғылт, қою жасыл) бояуды араластыру арқылы шығарады;
- қазақ ою-өрнектерінің түрлерін біледі;
- ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін салады;
- оюды өзбетінше ойдан салады;
- ұжыммен бірге жұмыс істейді, міндеттерді өзара келісіп орындайды;
- ою-өрнек элементтерін пішіндердің ортасында және шеттеріне салады;
- қазақ оюларының элементтерін салады және олармен киімдерді, тұрмыстық заттарды безендіреді;
- сюжеттік суреттерді салады;
- ұжымдық жұмыстарды орындайды, ойдан сурет салады;
- суретті бейнелеуде мәнерлі құралдарды, қазақ оюларының элементтерін қолданады;
- сурет салуда ұқыптылықты, қауіпсіздікті сақтайды.

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
СУРЕТ САЛУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Ағаш бұтақтары. (Түрлі түсті қарындаштар)	-ағаш түрлері, терек бұталарының салыну тәсілдері туралы білім беру; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; - жұмысты ұқыпты, таза жасауға тәрбиелеу.	1	02.09.2025 ж.	
2	Жаңбырлы күн (Акварель бояу)	-мазмұнды сурет салудағы сүйкей жағу арқылы қағаз бетіне дақ түсіру тәсілін үйрету; қылқаламмен және бояумен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру; -ұқыпты жұмыс істеуге үйрету, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	1	30.09	
3	Гүлдене бер, Қазақстан!	-балалардың қоршаған ортадан алған әсерлерін көрсете білуге	1	04.11	

	(Акварель бояу)	үйрету, Қазақстанның кең байтақ екенін түсіндіріп, білімдерін кеңейту; -балалардың туған жердің көрінісін қағазға түсіре білудегі шығармашылық ойлауын дамыту;			
4	Менің сүйікті ертегім (Акварель бояу)	-балаларды сурет салғанда ертегілер сюжетін, өздері ұнататын кейіпкерлерге тән сипаттарды бере білуге баулу. -балаларды елестете отырып сурет салу тәсілдерімен таныстыру.	1	02.12	
5	Мерекелік дастарқан. (Акварель бояу)	-балаларды қазақтың қонақжайлылығымен таныстыру; -дастарқанды әшекейлеу арқылы көркемдік талғамын қалыптастыру.	1	20.01.2026 ж.	
6	Қысқы табиғат (Акварель бояу)	-балалар бойында байқағыштық, қысқы табиғат құбылыстары ерекшелігін сезіне білуге үйрету. -балалардың қысқы табиғат құбылыстары туралы білімдерін нығайту; -табиғат құбылыстарын бейнелей білу, балаларға табиғатқа деген қамқорлық жасаудың қажеттілігін түсіндіру;	1	24.02	
7	Сәукелені әшекейлейміз Алашаны әшекейлеу. (Акварель бояу)	-қазақ халқының тұрмысы, еңбегі, ұлттық киімдер туралы ұғымдарын бекіту; -балалардың шығармашылық қабілетін дамыту; -балаларды бір-біріне дұрыс қарым-қатынас жасауға, адамгершілік, ізгілік қасиеттерге тәрбиелеу.	1	31.03	
8	Көрікті көктем. (Акварель бояу)	-балалардың көктемгі құбылыстар туралы білімдерін бекіту; -көктемнің шуақты бейнесін көре білуге, қағаз бетіне түсіре білуге дағдыландыру; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.	1	28.04	
9	Кешкі қала. (Акварель бояу)	-ауыл мен қала ерекшеліктері, құндылықтары туралы білімдерін бекіту, алған әсерлерін көрсете білуге үйрету; -кешкі қала көрінісін сезіне отырып, қағаз бетіне дұрыс орналастыруды үйрету; -жұмысты талғаммен орындауға тәрбиелеу.	1	26.05	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2025-2026 оқу жылы

Айына 1 сағат, барлығы 8 сағат

Алматы «Алматы кітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Мүсіндеу.

Сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеудің ерекшеліктерін білу.

Шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды: көкөністерді, жемістерді, ойыншықтарды, ыдыстарды мүсіндеу, оларға тән ерекшеліктерді беру, қолдың және саусақтардың қимылдарын жетілдіру, қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндеу.

Бақылаған заттың бейнесін бере білу, затты әртүрлі қалыптарда мүсіндеу, пішіннің бетін дымқыл шүберекпен тегістеу және кескішті пайдалану.

Адамның бейнесін, жануарлардың қимылдарын, қол-аяқтардың қалпын дұрыс мүсіндеу. Заттардың ұзын және қысқа, жуан және жіңішке белгілерін көрсете білу, бөліктердің салыстырмалы көлемдерін сақтау, мүсінделген пішіндердің бөліктерін бір-біріне қосып, біріккен жерлерін тегістеу.

Мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолдану: құрылымдық (жеке бөліктерден) және мүсіндік (негізгі бөліктерді тұтас кесектен жасау). Затқа қарап мүсіндеуде ойыншықтарды, пішіні шағын мүсіндерді, халық шеберлерінің бұйымдарын қолдану.

Қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын (қазан, астау, табақ, тостаған, керсен, ожау, күбі торсық және т.б.), тұрмыстық заттарын (керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен және т.б.), зергерлік бұйымдарымен (білезік, сырға, сақина, тұмар, шашбау және т.б.), туған өлкедегі мәдени мұра ескерткіштерімен таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен (моншақ, дән және т.б.) безендіру, жұмыс барысында әртүрлі пішінді кескіштерді қолдану, олардың бетіне бедерлер жасау.

Біртекті заттардан сюжеттер құру, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру, сюжеттерде пішіннің, қимылдың ерекшеліктерін жеткізе білу, кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеу, композицияларды қосымша заттар мен элементтердің көмегімен көркемдеп жеткізу. Ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құру дағдыларын жетілдіру.

Ойдан өзбетінше мүсіндеуге, ұжымдық жұмыстарды орындауға баулу. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау.

Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.

Заттық мүсіндеу. Дағдыларды қалыптастыру:

– балаларды затқа қарап немесе көз алдарына елестету арқылы көлемі мен пішіні әртүрлі таныс заттарды, көкөністер мен жемістерге тән ерекше бөліктерді бейнелеуде қолдарын және саусақтарын дұрыс қозғалта отырып, мүсіндеу;

- қарапайым қатынастарды сақтай отырып адам мен жануарлардың пішінін мүсіндеуге үйрету;

– көшеде, үйде және балабақшада көрген заттарын бейнелей отырып, елестету арқылы мүсіндеу.

Олар бақылау жасаған заттардың бейнесін жеткізе білуге, заттарды түрлі қалыпта мүсіндеуге, бейненің жеке шешімін өздігінен табуға үйрету. Сулы шүберекпен пішіннің үстінен тегістеуге және кескішті қолдануға үйрету.

Сәндік мүсіндеу.

Балаларды халықтық ойыншықтармен таныстыру, ойыншықтарды

мүсіндеуге үйрету. Халықтық ойыншықтар желісі бойынша бейнелер жасауға үйрету. Мүсінді бейнені безендірудің тәсілдерін өз қалауы бойынша таңдауды ұсыну.

Сюжеттік мүсіндеу.

Балаларды мүсіндеудің таныс әдістерін қолдануға және заттардың өлшемдік қатынастарын бере білуге жаттықтыру. Бейненің ерекше қасиетін, адамның қимылын анық көрсетуге, сырт келбетін әдемі безендіруге үйрету.

Кескішті қолданып, тұтас бөліктен мүсін жасауды жетілдіру.

Затты тұғырға орналастыру техникасын қалыптастыру. Біртекті заттардан сюжеттер жасау, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастыру.

Кейіпкерлердің өзіне тән бөлшектерін мүсіндеуге, композиция мазмұнын қосымша заттар мен элементтердің көмегімен мейлінше көркемдеп жеткізуге үйрету.

Біркелкі заттардың бейнесін жасаудан, мазмұнға сәйкес әрқилы бейнелерді жасау білімдерін бекіту.

Күтілетін нәтижелер:

- сазбалшық, ермексаз және пластикалық массадан мүсіндеу ерекшеліктерін біледі;
- шынайы бейнесіне қарап және ойдан пішіндері мен өлшемі әртүрлі таныс заттарды мүсіндейді;
- қарапайым пропорцияларды сақтай отырып, адам мен жануардың пішіндерін мүсіндейді;
- мүсіндеудің әртүрлі әдістерін қолданады;
- қазақ халқының түрлі ыдыс-аяқтарын, тұрмыстық заттарын, зергерлік бұйымдарын мүсіндейді және оларды ою-өрнектермен және қосымша заттармен безендіреді;
- біртекті заттардан сюжеттер құрастырады, бірнеше пішінді бір тұғырға орналастырады;
- ертегілер мен әңгімелердің мазмұны бойынша сюжеттік композицияларды құрады;
- ортақ композиция құру үшін ұжыммен мүсіндеу дағдыларын меңгерген;
- мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнайды;
- жұмысты ұқыпты орындайды, қауіпсіздік ережелерін сақтайды.

2025 - 2026 оқу жылына арналған

ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ

МҮСІНДЕУ / ЖЫЛДЫҚ /

Р/с№	ҰІӨ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Жеміс бағында.	-пішінді мүсіндеудің таныс әдістерін пайдалана отырып, жемістерді мүсіндеу; -бейнені затпен салыстыру, мүсіндегі сәйкестіктерді анықтай білу қабілеттерін дамыту; -балаларды табиғатты сүюге тәрбиелеу.	1	09.09.2025 ж.	
2	Көгөністер. Саңырауқұлақтар.	-геометриялық фигураларды қияр, қызылша, сәбіз, т.б. көгөністер пішініне келтіру арқылы мүсіндеу; -қолдың ұсақ моторикасын, ойлау қабілеттерін дамыту; -адамгершілік, эстетикалық тәрбие беру.	1	07.10	
3	Күзгі жапырақтар.	-маусымдық өзгерістер туралы білімін кеңейту; -балалардың қиялын, ойлау қабілетін дамыту;	1	11.11	

	(бедерлі мүсіндеу) Жаңғақ кемірген тиін.	-еңбекқорлыққа, ұйымшылдыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.			
4	Кесе.	-ыдыстың шығу тарихымен, ыдысты жасайтын материал түрімен (тас, әйнек, ағаш, металл, қыш, пластик) таныстыру; -белсенділігін, шығармашылығын дамыту; -тазалыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	09.12	
5	Тостаған.	-ұлттық ыдыстардың ерекшеліктеріне назар аудара отырып, оны мүсіндеудің әдіс-тәсілдерімен таныстыру; -ойын арқылы балалардың қимыл- қозғалыстарын, көркемдік талғамдарын дамыту; -балаларды ауызбірлікке,ұлттық дәстүрлерді құрметтеуге тәрбиелеу.	1	27.01.2026 ж.	
6	Торсық.	-торсықты әртүрлі әдіс-тәсілдермен безендіру; торсықтың пішініне сәйкес ою-өрнектерді шығармашылықпен таңдап, әшекейлеу жолдарын түсіндіру; -ұсақ қол қимылдарын дамыту, көру арқылы мүсіндей білу іскерліктерін қалыптастыру; -ұлттық бұйымға деген қызығушылықтарын ояту,өнерді сүюге тәрбиелеу.	1	03.03	
7	Ғарыш кемесі.	-ғарыш әлеміне деген қызығушылықтарын арттыру; -балардың ой-қиялын, эстетикалық талғамдарын дамыту; -Отанын, елін, жерін сүюге, адалдыққа,батылдыққа,ұқыптылыққа тәрбиелеу.	1	07.04	
8	Әдемі гүлдер. Жайлауда	-гүлдердің түр-түстерін ажырата білуге баулу; өсімдіктерді күту ережелерімен таныстыру; -қолдың қимылын, сөздік қорын, тілін дамыту; -эстетикалық талғамдарын қалыптастыру, табиғатты аялай білуге тәрбиелеу. -сурет бойынша әңгімелей отырып, жайлау, киіз үй туралы түсінік беру; -ұлттық ою-өрнекті мүсіндей білуге үйрету; -балалардың қиялын, ойлау қабілеттерін дамыту; -еңбексүйгіштікке,ұқыптылыққа тәрбиелеу, ұлттық өнерді бағалай білуге тәрбиелеу.	1	05.05	

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып:мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы:5-6жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2025-2026 оқу жылы

Айына 1 сағат, барлығы 9 сағат

Алматы «Алматыкітап баспасы» 2025ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;
қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;
балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Жапсыру.

Қайшыны қолдануды бекіту: жолақтардан тікбұрышты пішіндер, шаршылардан үшбұрышты пішіндер, шаршы немесе тікбұрыштың бұрыштарын қию арқылы дөңгелек және сопақша пішіндерді қиып алу.

Қағаздан таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қию.

Жапсырудың түрлі әдістері (симметриялы, сыңарлы симметриялы, сұлбалы) мен тәсілдерін (тура, қисық қию, ою, флористика элементтерін және т.б.) қолдану, түрлі материалдардан (қағаз, мата, табиғи материалдар) жапсыру.

Қазақ халқының тұрмыстық заттарымен (кілем, алаша, сырмақ, ши, көрпе, жастық және т.б.), киіз үйдің жабдықтарымен (кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық, басқұр және т.б.) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша қиып жапсыру, оларды ою-өрнектермен безендіру.

Сюжеттік композициялар жасау, оларды сәнді бөлшектермен толықтыру, жеке және топпен бірлесіп жасау, онда міндеттерді келісіп атқару.

Сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын беру, әлеуметтік оқиғаларды, балалар өміріндегі оқиғаларды бейнелеу, шаблондармен, трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істеу, композиция ережелеріне, перспективаға сәйкес бейнелерді құрастыру.

Қайшы мен желімді дұрыс қолдану, еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтау.

Күтілетін нәтижелер:

- қайшымен түрлі геометриялық пішіндерді қияды;
- таныс немесе ойдан әртүрлі бейнелерді, қатпарланып бүктелген қағаздан бірдей бірнеше пішіндерді және екіге бүктелген қағаздан симметриялы пішіндегі заттарды қияды;
- қазақ халқының тұрмыстық заттарын, киіз үйдің жабдықтарын таниды, оларды қиып жапсырады, ою-өрнектермен безендіреді;
- жұмыс тәсілдерін таңдайды және түсіндіреді;
- бірнеше бөліктерден бейнелерді құрастырады;
- сюжеттік композициялар жасайды, оларды сәнді бөлшектермен толықтырады;
- жұмысты жеке және топпен бірлесіп жасайды, топтық жұмыста міндеттерді келісіп атқарады;
- сюжеттік жапсыруда заттардың өлшеміне қарай арақатынасын, әртүрлі заттардың бөліктерінің пішінін, олардың құрылымын, пропорцияларын береді;
- шаблондар мен трафареттермен, дайын үлгілермен жұмыс істейді;
- геометриялық элементтерден құрастырады, заттарды қазақ ою-өрнектерімен безендіреді;
- қайшы мен желімді дұрыс қолданады;
- еңбек қауіпсіздігі мен жеке гигиена ережелерін сақтайды.

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ЖАПСЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Р/с №	ҰІӘ-нің тақырыбы	Ұйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері	Сағат саны	Өту мерзімі	Ескерту
1	Көшедегі үйлер.Біздің үй.	-архитектуралық бөлшектер туралы түсініктерін кеңейте отырып, әр бөлікті өз орнына ұқыптылықпен жапсыру қабілеттерін дамыту; -балалардың үй туралы, оның түрлері туралы ой-қиялдарын жетілдіру.	1	16.09.2025 ж.	
2	Күзгі жапырақтар.	-қол, саусақ қимылдарын арттыру; көркем сөйлеу тілін дамыту; -табиғатты сүйеге, еңбекке тәрбиелеу.	1	14.10	
3	Бұлттар.	-қағаз бетіне бейнені дұрыс орналастыра білу машығына	1	18.11	

		баулу; -шығармашылық қабілеттерін дамыту; -табиғатты сүйе, әсемдікке тәрбиелеу.			
4-5	Айдарлы әтеш\Түлкі.	-үй құстарына деген қамқорлық сезімдерін ояту;-- -ойлау қабілеттерін , қиялын дамыту. -бұрынғы үйренген әдіс-тәсілдерді өз еріктерімен қолдана білу дағдыларын қалыптастыру; -ұсақ қол қимылдарын, ойлау қабілетін дамыту , -ұқыптылыққа, тиянақтылыққа тәрбиелеу.	2	23.12	16.12
6	Домбыра.	-бүктелген қағаздан симметриялы пішінді қия білуді жалғастыру; -шығармашылық қасиеттерін дамыту; -қол қимылдарын жаттықтыру; -өнерді бағалай білуге, өнерлі болуға талпынуға ықпал ету.	1	03.02	
7	Орамалды әшекейле.	-балалардың геометриялық пішіндер туралы білімдерін пысықтау; -ұқыпты жапсыруға үйрету; -саусақ моторикасын дамыта отырып, өнерге баулу; -сенсорикалық тәрбиені дамыту; -достарына көмектесе білуге тәрбиелеу.	1	10.03	
8	Әжеме арналған қамзол.	-сәндік қолданбалы өнер түрлерімен таныстыру; -саусақ қимылдарын дамыту, қағазды қатпарлап, бүктеп қию әдістерін жалғастыру; -ою атауларын еске түсіру;ұлттық өнерді қадірлеуге, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу.	1	14.04	
9	Мерекелік жалаушалар	-қағаздарды түр-түсіне қарай іріктеп алу, пішіндерді қағаз бетіне дұрыс орналастыра білу дағдыларын қалыптастыру; саусақ қозғалыстарын жетілдіру; -қайшымен жұмыс істеу кемділігін арттыру; қуана білуге, достарына, айналасындағыларға қуаныш сыйлай білуге тәрбиелеу.	1	12.05	
Барлығы: 9 сағат					

**2025 - 2026 оқу жылына арналған
ҰЙЫМДАСТЫРЫЛҒАН ІС – ӘРЕКЕТТІҢ ПЕРСПЕКТИВАЛЫҚ ЖОСПАРЫ
ҚҰРАСТЫРУ / ЖЫЛДЫҚ /**

Білім беру ұйымы: «А. Үкібаев атындағы ЖОББМ»КММ

Топ/сынып: мектепалды 0 «А» сынып

Балалардың жасы: 5-6 жас

Жоспардың құрылу кезеңі: қыркүйек-жылдық 2025-2026 оқу жылы

Айына 1 сағат, жылдық жүктеме 8 сағат

Алматы «Алматы кітап баспасы» 2025 ж.

Мақсаты: тәрбиеленушілердің қызығушылықтарын, жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, шығармашылық қиялын, эмоционалды-сезімдік саласын, дүниетанымын, ойлауын, көркем-эстетикалық талғамды дамыту.

Міндеттері:

балалардың өнер шығармаларын эмоционалды қабылдау қабілетін қалыптастыру;

балалардың шығармашылық қабілеттерін, қоршаған ортаны эстетикалық тұрғыдан қабылдауын дамыту;

қоршаған әлемді эмоционалды тану, өнер түрлері туралы түсінігін қалыптастыру;
өзінің, құрдастарының жұмыс нәтижелерін бағалай білуге, жұмысты ұжыммен орындауға баулу;
музыкаға, өнердің түрлеріне, өнер туындыларына ұқыптылықпен қарауға тәрбиелеу;
тәрбиеленушілердің жеке ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, ұлттық мәдениетке баулу арқылы патриотизмді тәрбиелеу үшін жағдай жасау;

балалардың түрлі әрекеттерінде қауіпсіздікті сақтау.

Құрастыру.

Құрылыс материалдарынан, конструктор бөлшектерінен құрастыру: ауызша сипаттау бойынша ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастыруға, құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастыруға баулу. Құрастырылған құрылысы мен құрылыстың шынайы бейнесі арасында байланыс орнату.

Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрлерден қазақ халқының ұлттық бас киімдерін (тақия, сәукеле, кимешек және т.б.) және ыдыстарын құрастыру, оларды жіппен, ою-өрнектермен және т.б. безендіру. Пішіндердің түрлі қалыптарын бере білуді, оларды күрделі емес композицияларға біріктіруді қалыптастыру. Өзінің құрастырған құрылысын талдау арқылы тиімді конструктивті шешімдерді табу, оларды құрастыруда қолдану. Дербестікті, шығармашылықты, бастаманы қолдау.

Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. Шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Қағаздан құрастыру әдістерін қолданып, жазық материалды көлемді пішінге өзгерте білуді бекіту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны қолдану.

Табиғи, қалдық материалдардан құрастыру. Табиғи материалдарды дұрыс пайдалануға үйрету. Табиғи және қалдық материалдармен жұмыс жасау кезінде өзінің әрекетін жоспарлау дағдыларын жетілдіру, дербестік пен шығармашылық танытып, мақсатты түрде жұмыс жасай білу. Шығармашылық қиялды дамыту, көрнекілікке сүйене отырып, елестетуі, ойлауы бойынша қолдан бұйымдар жасай білу.

Қазақ халқының табиғи материалдардан жасалған бұйымдарымен, киіз үйдің жасауларымен, тұрмыстық заттарымен, ыдыстарымен таныстыру, олардың қандай материалдан жасалғанын зерттеу. Табиғи (ағаш, мақта, жүн, жіп, асық, қағаз, тері, кенеп, мата, дәннің түрлері және т.б.) және қалдық заттардан құрастыруға баулу.

Ойынға қажетті құрылысты бірлесіп ойдан құрастыруға, алдағы жұмысты бірге жоспарлауға, бір-бірімен келісіп орындауға, дайын құрылыспен ойнауға мүмкіндік беру.

Күтілетін нәтижелер:

- ұсынылған тақырыпқа, өзбетінше ойдан құрастырады;
- құрдастарымен бірлесіп, шығармашылықпен құрастырады;
